





ТҮРКИЯ ДІНИ ІСТЕР БАСҚАРМАСЫ БАСПАЛАРЫ - 1241
ҒЫЛЫМИ КІТАПТАР - 192

Бас үйлестіруші : Проф. Док. Мехмет Эмин Озафшар
Бас редактор : Док. Юксел Салман
Үйлестіруші : Йылдырай Каплан
Түрік тілінен аударған : Кеңшілік Тышқан
Редактор : Асылбек Әуезхан
Графика : Угур Алтунтоп
Соңғы бақылау : Айда Улусой

Баспа : Başak Mat. Tam. Hiz. İth.İhr.Tic.Ltd.Şti.
+90 312 397 16 17

Діни Істер Жоғары Кеңес Шешімі: 09.05.2016/10

Сертификат №: 12930
ISBN 978-975-19-6573-8
2016-06-Y-0003-1241

1. Баспа, Стамбул 2016

© Діни Істер Басқармасы

Байланыс:

Dini Yayınlar Genel Müdürlüğü

Yabancı Dil ve Lehçelerde Yayınlar Daire Başkanlığı

Üniversiteler Mah. Dumlupınar Bulvarı No: 147/A

06800 Çankaya – ANKARA / TÜRKİYE

Tel.: +90 312 295 72 81 • Fax: +90 312 284 72 88

E-posta: yabancidiller@diyanet.gov.tr

ИМАМ ӘБУ ХАНИФА ЖӘНЕ ХАНАФИ МӘЗҺАБЫ

Проф. Док. АХМЕТ ӨЗЕЛ



DİB
YAYINLARI



МАЗМҰНЫ

9 АЛҒЫ СӨЗ

БІРІНШІ ТАРАУ

ӘБУ ХАНИФАНЫҢ ӨМІРІ, ТҰЛҒАСЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТЕРІ

13 I. ӨМІРІ

21 II. ТҰЛҒАСЫ

26 III. ЕҢБЕКТЕРІ

ЕКІНШІ ТАРАУ

ҰСТАЗДАРЫ МЕН ШӘКІРТТЕРІ

37 I. ҰСТАЗДАРЫ

38 1. Хаммад ибн Әбу Сүлеймен (120/738)

38 2. Ибраһим ән-Нәхәи (46-96/666-714)

39 3. Шағби (19-104/640-722)

40 4. Алқама ибн Қайс (62/682)

41 II. ШӘКІРТТЕРІ

41 1. Зуфәр бин Хузәйл (110-158/728-775)

43 2. Нұх ибн Әбу Мәриям (173/789)

43 3. Қасым ибн Мағн (175/791)

44 4. Әбу Юсуф (113-182/731-798)

47 5. Яхия ибн Зәкәрия (183/799)

47 6. Шәйбани (132-189/749-805)

52 7. Әсәд ибн Амр әл-Бәжәли (190/806)

53 8. Хафс ибн Ғияс (117-194/735-810).

53 9. Уәки ибн әл-Жәррах (129-197/746-812).

54 10. Әбу Мути әл-Бәлхи (199/814)

55 11. Хасан ибн Зияд (116-204/734-819)

55 12. Бишр ибн Ғияс әл-Мәрисис (218/833)

ҮШІНШІ ТАРАУ

ХАНАФИ МӘЗҒАБЫ

59	I. ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ТАРАЛУЫ
66	II. ТАРАЛҒАН ТЕРРИТОРИЯСЫ
72	III. ӘДІСТЕМЕСІ
81	IV. МӘЗҒАБ КІТАПТАРЫНДА ОРЫН АЛҒАН
	КЕЙБІР ҰҒЫМДАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР
81	А. ТАБАҚАТ (сыныптамалар)
82	1. Фуқаһа (мүжтәһид) табақаты
84	2. Мәсәил табақаты (табақатул-мәсәил)
87	Ә. ПӘТУА ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕРІ
90	Б. МУТАҚАДДИМИН-МУТӘАХХИРИН
92	Ғ. МӘШӘЙЫХ
96	Д. КЕЙБІР ҰҒЫМДАР
96	1. Мутун әс-сәләсә және мутун әл-әрбәә.
97	2. Шәйхәйн/Имамәйн-Сахибәйн/Тарафәйн/ әс-Сани/әс-Сәләсә.
97	V. КІТАПТАР
97	А. АЛҒАШҚЫ НЕГІЗГІ ДЕРЕКТЕР
100	Ә. НЕГІЗГІ МӘТІНДЕР МЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕРІ (шәрхтары)
108	Б. БАСҚА ДА МАҢЫЗДЫ МӘТІНДЕР
114	Ғ. НӘУАЗИЛ, УАҚИЯТ ЖӘНЕ ПӘТУА КІТАПТАРЫ
118	Д. БЕЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАРҒА ҚАТЫСТЫ КІТАПТАР
125	3. ФИҚҰ ӘДІСТЕМЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ КІТАПТАР
128	И. ТАБАҚАТ (сыныптамалар) КІТАПТАРЫ
133	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Профессор, доктор Ахмет ӨЗЕЛ.

1952 жылдың 14 ақпанында Түркияның Ағры қаласының Ташлычай ауданында дүниеге келген. Ерзурум қаласының Имам Хатиб мектебін (1966-1972 ж.ж.) және Ататүрік университеті Ислами ғылымдар факультетін (1972-1977 ж.ж.) бітірді. Осы факультетте (1982 ж.) докторантураны бітірді. Анталия мүфти көмекшісі (1978-1983 ж.ж.), Дін істері басқармасы Анталия Білім беру орталығында фикһ бойынша оқытушы (1983-1985 ж.ж.) болғаннан кейін Түркия Діни Қоры Ислам Энциклопедиясы бас штабында (содан кейін Ислам зерттеу орталығында- ИЗО) қызмет етті. 1995 жылы доцент болды. ИЗО-да Фикһ білімдер кеңесі басшысы, Бас директордың орынбасары, Кеңес мүшесі сияқты әртүрлі қызметтермен қатар басынан бастап Энциклопедияның сараптама кеңесінің басшы орынбасарлығын атқарды. 2004 жылдың қыркүйегінен бастап энциклопедия жұмысына жауапты ИЗО директорының орынбасары, 2006 жылдың тамыз айынан бастап Басқарма кеңесінің мүшесі ретінде қызмет жасады. 2011 жылдың 1 тамызында Мармара университеті Теология факультетінде Ислам құқығы саласы бойынша оқытушы болды. Арабша, французша және ағылшынша біледі. Отбасылы және үш бала әкесі.

Кітаптары:

Түрік тіліндегі авторлық шығармалары: Ислам құқығындағы өлке түсінігі: Дарулислам-Дарул-харб (Стамбул 1982, 1984, 1988, 1991, 1998, 2011, 2014), ***Ханафи фикһы ғалымдары*** (Анкара 1990, 2006, 2013, 2014), ***Ислам мемлекеттер құқығындағы соғыс тұтқындары*** (Анкара 1996, 2014), ***Хазреті Мұхаммедтің ел***

басқарудағы лидерлік сырлары (Стамбул 2005; Екінші басылым: *Хазреті Мұхаммедтің үлгісі бойынша саясат және кәсіпшілік*, Стамбул 2007, 2011), *Ислам және терроризм* (Стамбул 2007, 2014), *Қажылық және Умра анықтамалығы* (Стамбул 2007; Анкара 2014), *Киелі мекенге сапар* (Стамбул 2007; Анкара 2014). Аудармалары: *Ислам: Идеялдар және Ақиқаттар* (Сәйт Хусейн Наср, Стамбул 1985, 1996, 2003), *Хазреті Пайғамбардың басшылығы: әт-Тәратибул-Идария* (Каттани, I-III, Стамбул 1990-1993; I-II, Стамбул 2003, 2011).

Әртүрлі ғылыми мақалалары мен баяндамаларымен қатар *ТДҚ (Түркия Діни Қоры) Ислам энциклопедиясына* қазірге дейін 250, ALECSO-ның Тунуста шығарған *Мәусуату Аламил-Уләма уәл-Удәбайл-Араб уәл Мүслимин* атты энциклопедиясына 147 бап; Кувейтте басылған *Мүғжәмул-Бабитин лиш-Шуараил-Араб әл-Муасирин* атты онтологияға арабша өлеңдері бар 11 түрік ақыны туралы жазған.

АЛҒЫ СӨЗ

Аса камкор, ерекше мейірімді Алланың атымен...

Алла Тағалаға мадақ және пайғамбарына салауат!

Төрт сүнниттік мәзһабтың негізін қалаушылардың бірі Имам Әбу Ханифа таным-түсінігі, көзқарасы және ойлары, ерекше пайым-парасаты арқылы ислам мәдениеті мен өркениетінің қалыптасуына мол үлес қосты. Ислам тарихында мұсылмандардың маңызды бір бөлігіне діни және күнделікті өмірлерге байланысты жол көрсеткен. Қазір де әлемнің мұсылман тұрғындарының көп бөлігі оның мәзһабын ұстанады. Сондықтан Әбу Ханифа мен оның ұстаздарының діни көзқарастарының кейінгі буынға жетіп, тарауына себеп болған шәкірттері мен кітаптарын осы мазһабқа қатысты құнды еңбектер туралы білу тек оның ұстанушылары үшін ғана емес, барлық мұсылмандар үшін қажеттілік саналады. Бұдан бұрын Ханафи ғалымдары жайлы 1990, 2006, 2013 жылдары сатылы түрде 240 беттен 780 бетке дейін толықтырылып жарық көрген «Ханафи фикһ ғалымдары» атты кітаппен қатар ТДҚ шығарған «Ислам энциклопедиясында» «Ханафи мәзһабы» бабының әдебиет бөлігінде мағлұматтар беріп, сонымен қоса Ханафи ғалымдары жайлы отызға жуық баб жазған болатынмын. Қазақстан Республикасында 2015 жыл «Әбу Ханифа жылы» болып жарияланғандығын білеміз. Түркия Діни Істер Басқармасы тарапынан Әбу Ханифа және мәзһабы жайлы қысқаша бір кітапша әзірлеуді өтінуі бойынша осы кітап жазылды. Еңбекте Әбу Ханифа, ұстаздары мен шәкірттері, мәзһаб әдебиеттері хақында әзірлеген мәліметтерді қайта қарап өзекті деген, мәзһабтың пайда болуы, таралу аймағы,

үкім шығару әдістері, басқа да негізгі ұғымдар қамтылды. Бұл еңбекте жинақы, қысқаша мәлімет беру көзделгендіктен, Әбу Ханифаның өмірі және тұлғалығы жайлы кең мәліметтер қамтылмады. Әсіресе, сенімдік (итиқад) және саяси көзқарастары әрі мәзһаб әдістемесіне қатысты теориялық ауқымды мәселелерге, ғылыми талас-тарқысқа кірмей, қажетті деп санаған жерде, көбінесе, дерек көздерге сілтеме жасаумен шектелдік.

Ахмет Өзел
Қыркүйек 2014/Стамбул, (Үскідар)



БІРІНШІ ТАРАУ
ӘБУ ХАНИФАНЫҢ
ӨМІРІ, ТҰЛҒАСЫ ЖӘНЕ
ЕҢБЕКТЕРІ





I. ӨМІРІ

Әбу Ханифа Нұғман ибн Сәбит ибн Фарук (Зота)¹

Әбу Ханифаның шыққан тегі жайында әртүрлі көзқарастар бар. Бірақ парсыдан шыққандығы жайлы көзқарас басым. Аталарының Сасанилер заманында билік құрғандығы туралы деректер бар. Бір риуаятқа қарағанда, территориялардың исламға өтуі кезінде атасы Зота мен оның отбасына тайпа басшыларының арасында бостандық беріліп, құл ретінде қаралмай, Бәни Бәкір ибн Уәйл тайпасының Тәймулла ибн Саләба руының қарамағына беріледі. Екінші бір риуаят бойынша, Зота Ираннан Куфаға құл ретінде әкелініп, қожайыны оған бостандық берген. Әбу Ханифаның бостандықта дүниеге келген әкесі Сәбит бала кезінде хазреті Әлимен кезігіп, ұрпағы үшін жақсылық пен береке тілеген хазреті Әлидің дұғасына ие болған.

Имам Ағзам туралы жазылған классикалық шығармаларда, Нұғман деген шын есімін ұмыттыратындай деңгейде танымал болған «Әбу Ханифа» есімі жөнінде жеткілікті түрде мәліметтер берілмеген. Кейбір деректерде «Әбу Ханифа» оның тегі деп айтылғанымен², құр-

1 Саймәри, *Ахбару Әби Ханифа уә асхабиһ*, Хайдарабад 1394/174; Хатиб әл-Бағдади, XIII, 323-454; Мәкки, *Мәнакибу Әби Ханифа*, I-II, Бәйрут, 1981; Зәһәби, *Сияру аламин-Нұбәла*, YI, 390-404; Бәззази, *Мәнакибу Әби Ханифа*, Бәйрут 1981; М. Әбу Зәхра, *Әбу Ханифа*, Кар, 1947; Халим Сәбит Шибай, *Әбу Ханифа*, *IA*, IY, 20-28; J.Schat, "Abu Hanifa al-Numan" *EI*, I, 123-124; Сезгин, GAS, I, 409-419; Allamah Shibli Numani, *Imam Abu Hanifah, Life and Work (Sirat-i Numan)*, ауд. М. Хади Хусайн, Лахор 1977; Мустафа Узунпосталжы, *«Әбу Ханифа»*, *DIA*, X, 131-138.

2 Кар. Ибн Хажар әл-Асқалани, *Тәһзиб*, XII, 80.

мет сипаты мен лақабы екендігі даусыз. Өйткені оның Ханифа деген қызы болмаған, Хаммад деген ұлы ғана болғаны белгілі. Осы мәселеге тоқталған Ибн Хажар әл-Хәйтәми «Ханифа» Иракта бір «түбіт» мағынасын беретіндігін; Әбу Ханифа үнемі өзімен бірге түбіт алып жүретіндіктен, осылай аталғаны риуаят етіледі³. Жаңа заман авторларының бірі Алламә Шибли Нұғмани болса «Әбу Ханифа» лақабының «Әбил-милләтил-ханифа» сөзінен қысқарғандығын алға тартады⁴. Әлсіз бір риуаятқа сүйенгендіктен, толық қанағаттандырмаса да, Ибн Хажар әл-Хәйтәмидің жеткізген нұсқасы көбірек көңілге жақын. Бірақ Әбу Ханифаның қай кезден бастап осы лақаппен атала бастағандығы белгісіз.

Кейбір деректерде Әбу Ханифа Әнбарда дүниеге келгендігі айтылғанымен, көпшіліктің пікірі бойынша 80 (699) жылы Куфада дүниеге келген. Сол жерде өсіп ер жеткен. Әкесі ауқатты мата саудагері еді. Бір жағынан әкесінің кәсібімен айналысқан Әбу Ханифа, екінші жағынан білім үйренді. Сол кезде маңызды ғылыми орталық болып саналатын Куфада көптеген ғалымдардан сабақ алды. Бірнеше рет Басраға барып түрлі мерзімдерде сол жерде тұрған. Бастапқыда акида ілімі мен кәламға бейім болса, кейіннен фикһ мәселесіне тереңдеу үңіліп, осы салада жетілді. Жеті қырағат имамдарының бірі Асым ибн Бәһдаладан қырағат ілімін үйренді. Хазреті Омар, Әли, Ибн Аббас, әсіресе, Ибн Мәсудқа шәкірт болған Ата ибн Әбу Рәбах пен Ибн Аббас (құлдықтан) азат еткен Икримә Әл-Бәрбәри мен Ибн Омар азат еткен Нафи ибн Хұрмұз бастаған үлкен табиғун ғалымдарынан дәріс алды. Сонымен бірге Мәлік ибн Әнәс, Суфиян ибн Уйәйнә, Зәйд ибн Әли, Мұхаммед әл-Бәкір, Жағфар

3 *Әл-Хайратул-хисан фи мәнақибил-Имамил-Ағзам*, 20 б. Қар. Әли Хафиф, 16 б.

4 *Имам Абу Ханифа* 10 б.

әс-Садық сияқты аттары әйгілі көптеген ғалымдармен кездесіп, олармен пікір алмасқан. Әрине, оның ең үлкен ұстазы 18 жыл қасында жүріп фикһ үйренген Хаммад ибн Әби Сүлеймен (өл. 120/738) болатын. Әбу Ханифаның ілім силсиласы Хаммад арқылы Ибраһим ән-Нәхаи мен Әбу Әмір әш-Шағбиге, олардан Мәсрук ибн Әжда, Қады Шүрәйх, Әсуад ибн Язид және Алқама ибн Қайс арқылы алдыңғы қатарлы сахабалар Хазреті Омар, Хазреті Әли, Абдулла ибн Мәсуд және Абдулла ибн Аббасқа тіреледі. Әбу Ханифа Иракта «әһли-рәйдің» ұстазы саналған ұстазы Хаммад қайтыс болғаннан кейін, қырық жасында Куфа мешітінде оның орнына дәріс береді. Дәрістеріне Ирак, Хорасан, Түркістан, Йемен және Арабстанның түпкір-түкпірінен келген мыңдаған шәкірттер қатысады.

Өмірінің 52 жылы Әмәуилер, 18 жылы Аббасилер дәуірінде өтті. Әрқашан да ақиқат пікірді жақтаған Әбу Ханифа Әмәуилерге қарсы Аббасилерді, оларға қарсы Хазреті Әлидің ұрпақтарын қолдаған кезде осы ұстанымын сақтады. Сол себепті биліктегілердің жағымсыз ұстанымдарына жолықты, жәбір көрді. Әбу Ханифаның ғылыми деңгейі мен халық алдындағы абыройын білетін басшылар оның осы ықпалын пайдаланғысы келді. Бірақ оған қол жеткізе алмады. Әмәуилердің соңғы халифасы Мәруан ибн Мұхаммедтің Ирактағы әкімі Язид ибн Омар ибн Хубайра тарапынан өзіне жасалған қазылық және қазынагерлік ұсыныстарын қабылдамаған үшін абақтыға қамалып, көптеген әділетсіздік пен зәбір көрді. Абақтыдан шыққан соң Меккеге кетті (130/748). Сол жерде біліммен шұғылданды. Ибн Аббастың шәкірттерімен кездесті. Аббасилер билікке келген соң, Куфаға қайта оралып алғашқы халиф Әбул Аббас әс-Саффахқа сенім білдірді. Бірақ Ирактағы кикілжіңдерге байланысты қайта Меккеге барып, екінші Аббаси халифасы Әбу Жағфар әл-Мансур кезеңінде Куфаға келді (136/753). Куфада

дәріс ортасын қалыптастырған Әу Ханифа, Әбу Жағфар әл-Мансурдың Хазреті Әли ұрпақтарымен күресінде Әлидің ұрпақтарын қолдады. Халиф Мансурдың оны өз сапына алып, күшін пайдалану мақсатында қазы болу туралы ұсынысын қабылдамады. Сол себепті абақтыға қамалып, азап шекті. 150-жылдың (767-жылдың қыркүйегі) Шағбан айында алған соққылары мен азаптың және берілген удың әсерінен абақтыда қайтыс болды деген риуаяттар бар. Сондай-ақ абақтыдан шығарылып бақылауда болғаны, дәріс беруден және халықпен байланыстан тиылып үйінде көз жұмғандығы да айтылады.

Әбу Ханифаның (р.а) өзінің өсиетіне байланысты Хайзуран мазарының шығыс жағына жерленді. Қабірінің басына кірпіштен мазар салынып, Селжук уәзірі Шәрәфулмүлк Әбу Сад әл-Мүсәуфи әл-Харизми тарапынан 459/1067 жылы басына кесене, айналасына медресе салынды. Низамия медресесенінен бірнеше ай бұрын қызметін бастаған бұл медресе Бағдатта салынған алғашқы Селжуктықтар медресесі саналады. Әбу Ханифаның мазары орналасқан аудан кейіннен оның атымен Ағзамия деп аталды. Имам Ағзам мазары мен медресе Кануни Сұлтан Сүлеймен тарапынан мешіт, асхана, жатақхана және монша қосылып 50.000 шаршы метрлік аймақта қайтадан салынды. Оның күтіміне арнап ауқатты қорлар құрылды. Имам Ағзам кесенесі Сұлтан Мұрат IV-нің Бағдатқа сапары кезінде қайта жаңғыртылды. Кешеннің түсіп қалған керамикалары мен мұнараның алтын қапталған жоғарғы бөлігі 1802 жылы Сүлеймен Паша, мешіт 1816 жылы Дәуіт Паша және кесене 1839 жылы Сұлтан Әбдулмәжид тарапынан жөндеуден өтті. Кешен толықтай 1871 жылы Пәртәуниял Уәлида Сұлтан мен

1903-1910 жылдары Сұлтан Әбдүлхамид II тарапынан қайта салынды⁵.

Әбу Ханифаға қатысты кейбір кітаптар:

Әбу Ханифаның өмірі, ақида және фикһқа қатысты көзқарастары, басқа мәзһаб ғалымдарымен талас-тартыстары, мәзһабтар тарихы және тарих кітаптарымен қатар ондаған жеке-дара зерттеулер жазылған. Сол кітаптардың ескі және жаңа жазылғандарынан кейбірі мыналар:

1. Ибн Әби Шәйба (ө.235/849). *Рудуд Ала Әби Ханифа* (баспаға әзірлеген. М. Захид әл-Кәусари, Каир, 1360).
2. Әбул Қасым Абдулла ибн Мұхаммед ибн Әбил Ауам әс-Саади (ө. 335/946). *Фәзаилу Әби Ханифа уә Ахбаруһу уә Мәнақибуһу* (Латифуррахман әл-Бәхрәйжи әл-Қасими, Мекке, 1431/2010).
3. Әбу Абдулла Хұсаин ибн Әли әс-Саймәри (ө. 436/1044), *Ахбару Әби Ханифа уә асхабиһ* (Хайдарабад, 1394/1974).
4. Муаффақ ибн Ахмет әл-Мәкки (ө. 568/1173). *Мәнақибу Әби Ханифа* (Хайдарабад 1321; I-II, Бейрут, 1401/1981).
5. Зәһаби (ө. 748/1378). *Мәнақибул Имам Әби Ханифа*, (М. Захид әл-Кәусари және Әбул Уәфа әл-Ауғани, Каир, 1366).
6. Сиражуддин Омар ибн Исхақ әл-Ғазнауи әл-Хинди (ө. 773/1372), *әл-Ғұрратул-Мунифә фи Тахқиқил Имам Әби Ханифа* (Мұхаммед Захид әл-Кәусәри, Каир 1370/1050).

5 Абдуссалам Ұлычам, «Ағзамия кұллиеси» DīA, IV, 301-302.

7. Бәззази (ө. 827/1424). *Мәнақибу Әби Ханифа* (Хайдарабад 1321; Бәйрут, 1981).
8. Суюти (ө. 911/1505). *Тәбизус-сахифа фи Мәнақиби Әби Ханифа* (Хайдарабад, 1317).
9. Шәмсуддин Мұхаммед ибн Юсуф әш-Шами (ө. 942/1536), *Укудул Жуман фи Мәнакиби Әби Ханифа ән-Нұғман* (бас. Мұхаммед Молла әл-Ауғани, Мекке 1398-1399).
10. Ибн Хажар әл-Хайтами (ө. 973/1565), *Әл-Хайратул-хисан фи Мәнакибил Имам Әби Ханифа ән-Нұғман* (Каир, 1304, 1311, 1326; Бәйрут, 1403/1983; Түрікшеге ауд. Манастрлы Исмайл Хаққы, *Муахибур-Рахман фи манакибил-Имам Әби Ханифа ән-Нұман*. Стамбул, 1310; Осы аударманың қазіргі түрік тіліндегі басылымы: әзірлеген Сытқы Чобан – Фатих Башпынар, *Фикһ сұлтаны Имам Аъзам Әбу Ханифа*, Стамбул., 2010; Түрікше ауд. Абдулахаб Өзтүрік, *Имам Ағзамын Менкибелери*, Анкара, 1978).
11. Нұх ибн Мұстафа, *Әд-дүррүл-муназзам фи мәнакибил Имам Аъзам* (бас. Мұрат Шимшек. «Ислам хукуку араштырмалары дергиси», №19, 2012, 422-440 бб.).
12. Абдуләууәл әл-Канпури, *Ән-нәуадирул-мунифа би мәнакибил Имам Әби Ханифа* (Канпур, 1310).
13. Сайд Аффифи, *Хаятул имам Әби Ханифа* (Каир, 1350/1931).
14. Мұхаммед Заһид әл-Кәусари, *Тәнибул Хатиб Ала мә сакаһу фи тәржәмәти Әби Ханифа минәл әказиб* (Каир, 1942).

15. Мұхаммед Әбу Зәһра. *Әбу Ханифа* (Каир, 1947; Түркшеге ауд. Осман Кескиоглу. *Әбу Ханифа*, Анкара, 1962).
16. Мұхаммед Юсуф Муса. *Әбу Ханифа уәл Қиямул Инсания* (Каир, 1957).
17. Уәлид әл-Ағзами. *Мәдрәсәтул имам Әби Ханифа: Тарихуһә уә тәражиму Шуйухиһә уә мүдәррисихә 459-1400/1067-1980* (Бағдат, 1404/1983).
18. Мұстафа әш-Шақа. *Әл-имамул Аъзам Әби Ханифа ән-Нуман* (Каир, 1403/1983).
19. Инаятулла Иблаг әл-Ауғани. *Әл-имамул Аъзам Әби Ханифа әл-мүтәкәллим* (Каир, 1407/1986).
20. Мұстафа Ұуынпосталжы. *Ебу Ханифанын хаяты ве Ислам фықһындаки йері* (докторлық диссертация, Селжук Университеті Әлеуметтік ғылымдар институты, 1986).
21. Абдулхалим әл-Жунди. *Әбу Ханифа: Баталул хуррия уәт-Тәсәмүһ фил-Ислам* (Каир, 1992).
22. Иса Доған. *Мүржия уә Әбу Ханифа* (Самсун, 1992).
23. Мұхаммед Қасым әл-Хариси. *Мәканатул Имам Әби Ханифа бәйнал мұхаддисин* (Мекке, 1413/1993; Түрікше ауд. Ахмет Йүжел, Ибраһим Түфекчи. *Мухаддислерин назарында Имам Ебу Ханифе*. Стамбул, 2004).
24. Уәһби Сүлеймен Гауажи. *Әбу Ханифа ән-Нуман имаму Әиммәтил-Фуқаһа* (Дамаск, 1413/1993).
25. Исмаил Хаққы Үнал. *Имам Ебу Ханифенин хадис анлайышы ве Ханафи мезһебинин хадис методу* (Анкара. 1994).

26. Мұхаммед ибн Абдурахман Хумайс. *Усулуд-дин индәл-Имам Әби Ханифа* (Рияд, 1416/1996; Түрікшеге ауд. Ахмет Иібилдирен. Мұстафа Өзтүрік. *Ебу Ханифенин Итикад есаслары*, Стамбул, 2010).
27. Абдулуаһаб Өзтүрік. *Имам Ағзам Ебу Ханифе ве есерлери* (Стамбул, 2004).
28. Мұхаммад Абдуллахид ән-Нумани. *Мәканатул Имам Әби Ханифа фил-хадис* (бас. Абдулфәттаһ Эбу Гудда, Алеппо 1416/1996; Түрікшеге ауд. Енбия Йылдырым, *Имам Ағзам Ебу Ханифенин хадис илиминдеки йери*, Стамбул, 2004).
29. Абдулазиз Яхия әс-Сади. *әл-Имамүл Ағзам Эбу Ханифа уәс-Сүнәйят фи-мәсәнидиһи* (Бәйрут, 2005).
30. Зәйлалабидин Ажымаматов. *Ебу Ханифе ве Ферганә уадисиндеки еткиси* (докторлық диссертация, Анкара университеті Әлеуметтік ғылымдар институты, 2005).
31. Хамис Сәб әд-Дүләйми. *Әл-Имам Эбу Ханифа: Мәнһәжүһү фил-Фиқһил Акбар* (Бағдат, 1429/2008).
32. Метин Игит. *Илк дөнем Ханефи кайнақларына гөре Ебу Ханифенин усул анлайышында Сүннет* (Стамбул, 2009).
33. Али Пекжан. *Фиқһын бедене бүрүнмеси: Имам Ағзам Ебу Ханифенин ферди ве сосиял хаятына бир бакыш* (Стамбул, 2010).
34. Жем Зорлу. *Алим ве мухалиф: Имам Ағзам Ебу Ханифенин сияси оторите каршысындаки тутуму* (Стамбул, 2011).
35. Мұстафа Өзтопрак. *Мүспет ве Менфи иддиялар ве дегерлендирмелери иле Ебу Ханифе* (Синоп, 2012).

36. Абдулхамид Синаноғлу. *Ислам дүшүнжесинин ики куружу өндери Имам Ебу Ханифе ве Васыл ибн Ата* (Стумбул, 2012).

II. ТҰЛҒАСЫ

Кейбір тарихи-өмірбаяндық кітаптарда Әбу Ханифаның Әнәс ибн Мәлік, Жабир ибн Абдулла, Абдулла ибн Әби Әуфа, Абдулла ибн Үнәйс, Уәсила ибн Әл-Әска, Мақыл ибн Ясар, Сайб ибн Халлад, Сайд ибн Язид, Абдулла ибн Харис ибн Жәз, Сәһл ибн Сад әс-Сайди, Әбут-Туфайл Амир ибн Уәсила, Айша ибн Ажрад және басқа да сахабалармен кездескендігі және сол себепті табиғун болғандығы айтылады⁶. Осыған керісінше бұл сахабалар риуаят еткен хадистерінің барлығы дерлік хадис құжаттарында (тізбегінде) қабылданбайтыны Әбу Юсуф, Мұхаммед ибн Хасан әш-Шайбани, Абдулла ибн Мүбәрәк және Абдурразак әс-Санани сияқты басты шәкірттері Әбу Ханифаның аталмыш сахабалармен кездескені туралы ештеңе айтпағандығы, сол себепті де ол табиғун емес тәбаут-табиғин екендігі, Әнәс ибн Маликпен кішкене кезінде Куфада кездесуі мүмкін екендігі де айтылады⁷. Әбу Ханифаның ілімі, зүһд және тақуалығы, көркем мінезі мен парасаттылығы хақында көптеген оқиғалар баяндалады. Көптеген ғалымдардың ол жайында айтқан мадақ сөздері мен мақтаулары бар. Күнкөрісін саудамен қамтамасыз еткен Әбу Ханифа тақуа, заһид (дүниенің

6 Саймари, 4-5 б; Мәкки, I, 27-37; Зәһәби, *Мәнақыб*, 7-8 б; Нұх ибн Мұстафа, 423 б; Қари, 49 б. (Мәкки мен Нұх ибн Мұстафа Әбу Ханифа кездескен сахабалардан жеткізген хадистерін де келтірген). Осы аталған сахабалардың қайсының Әбу Ханифадан бұрын қайтыс болғандығы, осылардың қайсыларымен кездесуі мүмкіндігі әрі сахабалардан риуаят еткен хадистеріне қатысты мәліметтер үшін қар. Ибн Хажар әл-Хәйтами, 21-23 б.

7 Ибн Хажар әл-Хәйтами 23 б; Мұстафа Ұзұнпосталжы, «Әбу Ханифа», *DİA*, X, 132.

қызығын жүрегімен тәрк ететін адам) әрі жомарт адам болған. Ол жылда тапқан табысынан ғалымдардың және шәкірттерінің қажеттіліктерін өтейтін.

Фикһ ғылымын жетік меңгерген Әбу Ханифа ақиқатты айтудан және өзі сенген пікірін батылдықпен қорғаудан тартынбайтын тұлғасы бар еді. Осы қасиетін өмірінің барлық сатыларында сақтап, сол үшін көптеген қиыншылықтар мен азапқа да душар болды. Әмәуилер кезеңінде де Аббасилер кезеңінде де, басшылардың, қазылардың жасаған әділетсіздіктерін ашық сынады. Қашан да батылдықпен және табандылықпен өзі ақиқат деп санаған пікірлер мен адамдардың қасынан табылған⁸. Қате және әділетсіз шешімдеріне қолдау білдіруге мәжбүр үшін халифалар мен әкімдерден келген сый-сыяпаттарды, ұсынылған лауазымдарды қабылдамайтын. Ақиқатпен шындықтың орнауын қалап, басқалардың көзқарастарына құрметпен қараған Әбу Ханифа өз көзқарасын расқа шығара бермей, пікірлерінің таласқа түсуіне қашан да ашық болған. Дәрістер мен ғылыми мәжілістерде барлық адамдарға сөйлеуге мүмкіндік беріп, қарсы пікірлерге де құлақ салып, ешкімді өз пікірін мойындатуға мәжбүрлемеген. Осы мәселеде жеткен жетістіктері үшін «Бұл біздің жеткен көзқарасымыз; ешкімді бұны қабылдауға мәжбүрлемейміз және ешкімнің мұны мойындауы қажет демейміз. Кімнің өзіне ұнайтын көзқарасы бар болса сонымен жүрсін»,⁹ немесе «Біздің ойымыз бен жеткен ең жақсы көзқарасымыз осы. Бұдан да жақсысын тапқан адам болса, онда сол адамның көзқарасы дұрыс»,¹⁰

8 Әбу Ханифаның саяси ұстанымдары мен күресі жайлы қар. Иса Доған «Әбу Ханифаның діни және саяси ұстанымдары», *Он доқуз майыс университеті*, Теология факултетінің журналы, №22, 2006, 37-47 бб.

9 Ибн Әбил-Ауам, 101 б.

10 Хатиб әл-Бағдади, XIII, 352 б.

деп басқа көзқарастарға да түсіністікпен қарайтындығын айтқан. Өз заманында және кейінгі замандарда Имам Мәлік, Суфиян ибн Уйәйнә, Абдулла ибн Мүбәрәк, Яхия ибн Адам, Ибн Шүбрүмә, Мамар ибн Рашид, Әбу Нуайм Фазли ибн Дүкәйн, Язид ибн Харун, Яхия ибн Сайд әл-Қаттан, Яхия ибн Майн, Ибн Жүрәйж, Әбу Асым ән-Нәбил, Абдурраззақ әс-Санани сияқты тұлғалар бастаған жетпіске жуық танымал ғалымдардың оның тұлғалығы жайлы мақтаулары кітаптарда жазылған.¹¹ Имам Шафигидің «Адамдар фикһта Әбу Ханифаның балалары, артынан ергендері, шәкірттері іспетті» деген танымал сөзі бар¹².

Тек қана бір фикһ мәзһабының негізін қалаушы ғана емес, сонымен бірге Әһли-Сүннет ақидасының маңызды бір өкілі болып табылатын Әбу Ханифа, сенімдік мәзһабтардың қалыптасу кезеңінде өсуі себепті Алланың сипаттары, тағдыр, үлкен күнә жасағандардың жағдайы және тәкфир сияқты мәселелерге байланысты Мұғтазила, Жәбриә, Қадария, Шиға, Харижи сияқты әртүрлі ағымдардың ғалымдарымен таласқа түсіп, мұсылмандардың басым көпшілігі тарапынан ұстанатын Әһли-Сүннет сенімінің қалыптасуының алғы шартын жасаған ғалымдар арасынан орын алған. Фикһты «адамның (дүние мен ақыретте) өзіне жақ не қарсы үкімдерді білуі» деп анықтаған Әбу Ханифа ақида мәселелерін қарастыратын ілімді «әл-Фикһул-Әкбәр» деп атап оған амалға қатысты үкімдерді қарастыратын фикһтан да артық мән бергендігін көрсеткен. Оның ақидаға қатысты көзқарастары шәкірттері Әбу Юсуф, Әбу Мути әл-Балхи және Әбу Мұқатил әс-Самарқанди тарапынан жазылған *әл-Алим*

11 Қар. Саймәри, 71-83 бб.; Ибн Әбил Ауам, 80-87 бб.; Ибн Абдулбәр, 193-255 бб.; Мәкки, I, 279-326 бб.; Ибн Хажар әл-Хайтами, 28-33 бб.

12 Ибн Әбил Ауам, 87 б.; Мәкки, I, 284; Зәһәби, *Мәнақиб*, 19 б.; Ибн Хажар әл-Хайтами, 29 б.; Мехмет Камил, 39 б.

уәл-Мүтәаллим, әл-Фикһул-Әкбәр, әл-Фикһул-әбсат, әр-Рисала, әл-Уасия сияқты кітаптармен қатар Әбу Жағфар әт-Тахауидің «*Ақидасы*» т.б. еңбегінде және тарихи-өмірбаяндық кітаптарда жазылған. Әбу Ханифаның бұл көзқарастары кейіннен Мәуарауннахр ғалымдары тарапынан жетілдіріліп, Әбу Мансур әл-Матуриди (ө.333/944) тарапынан жүйеленіп, Әһли-Сүннеттің екі негізгі ақида/кәлам ғалымдарының бірі болған және тек нақылға жүгінетін Сәләфия мен ақылға басымдық беретін Мұғтазиланың діни көзқарастарының қасында нақыл мен ақылды үйлестірген Матуриди мәзһабы қалыптасады¹³.

Амалды мүминнің рухани жетілуі үшін қажетті санап бұл мәселеде барынша тақуа адам ретінде өмір сүрумен қатар, амалдың иманның бір бөлшегі емес екендігіне қатысты үлкен күнә жасағандардың діннен шықпайтын-

13 Әбу Ханифаның ақида мен кәламға қатысты көзқарастары мен Матуридия жайлы толық мәліметтер үшін қар. Инаятулла Иблаг әл-Ауғани, *әл-Имамүл Ағзам Әбу Ханифа әл-Мүтәаллим*, Каир, 1407/1986; Юсуф Шауки Явуз, «Әбу Ханифа (Ақидаға қатысты көзқарастары)» *DİA*, X, 138-143; Осы автордың «Матуридия», аталмыш кітап XXII, 165-17 бб; Ияс Челеби, «Әбу Ханифаның кәләмшілігі, Ақидаға қатысты кітаптары және осылардың Отантиктық қыры», *Имам Ағзам Әбу Ханифа және Ойлау жүйесі (Семпозиум баяндамалары) 6-9 Қазан, 2003, Мудания/Бурса*, 2005, 185-196 бб.; Жафар Қарадаш, «Самарқанд Ханафи кәләм мектебі Матуридилік: Қалыптасу орны және даму кезеңдері», *Методология: Ислам зерттеулері*, №6, 2006, 57-100 бб.; Талип Тұржан, «Әбу Ханифа және Әһли-Сүннет кәләмының қалыптасуындағы үлесі», *Халықаралық Түркі әлемінің Ислам дініне үлесі семпозиумы* (31 Мамыр- 1 маусым 2007). Баяндамалар, Спарта 2007, 491-501 бб.; Ахмет Ақ, «Матуридия мен Ханафия байланысы», *Миләл уә Нихал*, YII/2, 2010, 223-240бб.; Хасан Құрт, «Жүйелі кәләм тұрғысынан Имам Ағзам Әбу Ханифаның ақида кітаптарында иман негіздері», *Жумхуриет университеті, Теология факультеті журналы*, XY/1, 2011, 99-125 бб.

дығы және ақыретте азап шегу-шекпеуін Алла білетіндігін алға тартуына байланысты Әбу Ханифаны «Мүржия» санағандар да болған. Бірақ бұл пікір әртүрлі қырынан жоққа шығарылған. Алдымен, алғашқы кезеңде үлкен күнә жасағандардың діннен шығатындығын алға тартқан Харижилер, Мұғтазила, Қадария және т.б. ағымдардың осы көзқарасты ұстанбайтын барлық Әһли-Сүннет жолындағыларды Мүржия деп сипаттағандығы, әһли-хадисте амалды иманның бөлігі деп санамауы себепті Әбу Ханифаға да Мүржиялықты жапқан. Сонымен бірге Мүржиялардың арасында күпірлік жағдайында құлдық пайда бермейтіндігі сияқты иман мен қатар күнәнің зиян бермейтіндігі, сондықтан үлкен күнә жасаса да мүминдердің азапқа ұшырамайтындығын айтатын (барлық нәрсені мұбах санайтын) шектен тыс көзқарастың бар екендігі, сол себептен де жалпылама ұстаныммен Имам Ағзамды Мүржияға телу және Мүржияның барлық көзқарастарын мойындаған сияқты көрсетудің дұрыс еместігі, оның да Осман әл-Бәттіге жазған хаты арқылы өзіне жасалған бұл жаланы жоққа шығарғандығы жазылады. Сондай-ақ кейбір ғалымдар Әбу Ханифаның ұстанған көзқарасын алға тартушыларды Әһли-Сүннет Мүржиясы (Фикһ ғалымдарының Мүржиясы), басқа шектен шыққан ұстанымдарды жақтаушыларды, кейіннен Мүржия деген кезде еске түсетін топты Әһли-кәләм Мүржиясы (немесе Әһли-Далал (Адаскандар) Мүржиясы, Хабис Мүржия) деп атаған¹⁴.

14 Бұл тақырыптағы көзқарастар мен пікірталастар үшін қар. Уилфред Маделуң «Хорасан және Мауарауннахрда алғашқы Мүржия және Ханафияның таралуы» ауд. Сөнмез Құтлұ, *Анкара университеті, Теология факультеті журналы*, XXXIII, 239-247 бб.; Сейд Бахчибан, «Иржа пікірі және Әбу Ханифаның Иржамен айыпталуына шолу», *Селжук университеті Теология факультеті журналы*, №8, Конья 1999, 141-176 бб.; Талиб Туржан, «Иржа және Әбу Ханифаның Иржамен

III. ЕҢБЕКТЕРІ

Әбу Ханифа, ижтиһад кеңесі саналатындай ауқымды шеңберде дәріс саптарында фикһқа қатысты мәселелерді талқыға салып, айтылған пікірлер мен көзқарастарға баға берілгеннен кейін шыққан нәтижелерді шәкірттеріне жаздыратын. Әсіресе, шәкірті Мұхаммед ибн Хасан әш-Шәйбани осы көзқарастарды реттеп, фикһ тақырыптарына қарай реттейтін. Оның «Захирур Риуая» деген атаумен жазған мәтіндері Әбу Ханифаға қатыстылығы жөнінен бір ауыздан келісілген үкімдер қамтылған ең сенімді дерек көзі саналады. Әбу Ханифадан нақты тәуатур түрінде емес, бір немесе бірнеше кісі тарпынан риуаят етілген көзқарастар Шәйбанидің «Надирур Риуая» атаған кітаптары мен басқа да шәкірттерінің еңбектерінде жазылған. Тікелей Әбу Ханифаға тиесілі саналған кітаптар мыналар:

1. әл-Фикһул-Әкбәр. Ақида тақырыбында арналған бұл кітабы, екі бөлек риуаяттан тұрады. Кейбір айырмашылықтары бар бұл риуаяттардың бірі шәкірті Әбу Мути әл-Бәлхи, екіншісі ұлы Хаммад ибн Әби Ханифа арқылы жеткен. Кейбір ғалымдар алғашқы риуаятты әл-Фикһул-Әбсат деп атаған.

«Әл-Фикһул-Әкбәрдің» жеке мәтін ретінде де, түсіндірмелерімен бірге де көптеген басылымдары бар (Делхи, 1289; Каир, 1323; Хайдарабад, 1342; Лахор, 1890). Риуаят жолдарын да көрсеткен салмақты басылымын М. Захид Кәусари жүзеге асырған (Каир, 1368/1949; Бәйрут,

байланыстырылуы», *Сүлеймен Демирел университеті Теология факультеті журналы*, II/9, 2002, 97-123 бб.; Фатих Тоқ, «Әбу Ханифа хақындағы екі пікір/жала; Мүржия және Халқул-Құран», *Ислам құқығы зерттеулер журналы*, №19, 2012, 245-267 бб.; Сөнмез Құтлұ, Мүржия», *DİA*, XXXII, 41-45 бб.

1425/2004, әл-Ақида уә илмул-кәләм деген атпен Кәусари жариялаған тоғыз мәтінмен бірге).

Кітаптың Қадызаде, Татарпазаржықтық Курд Мехмет Ефенди, Ахмет Насих, Әли Халифа ибн Мұхаммед Анталияуи, Сейд Мұхаммед Тирази, Дәруиш Әли және Исмайл Мүфид Ефенди тарапынан жасалған түрікше аудармалары қолжазба түрінде қазірге дейін жетіп, Мұстақимзада Сүлеймен Садеддиннің аудармасы басылған (Стамбул, шыққан жылы белгісіз, Икдам баспаханасы). Кітап (Түрік) Республикасы кезеңінде Сәниуддин Башак (Анкара, 1944), Хасан Басри Чантай (Анкара, 1954), Сабит Үнал (Анкара, 1957), Мұстафа Өз (*Имам Ағзамның бес кітабы* деген еңбектің ішінде, Стамбул, 1981,1992) тарапынан да түрікшеге аударылған. А.Ж. Уенсинск, кітаптың «*әл-Фикһул-Әкбәр*» деп аталған мәтінін тақырыптар бойынша реттеп ағылшын тіліне аударған (The Muslim Creed, Cambridge, 1932, 188-197 бб.). Кітап урду тіліне (Дели, 1289), Панджаб тілі (Лахор 1890) және немісше (ауд. J. Hell, Jena 1915) сияқты басқа тілдерге де аударылған.

«*Әл-Фикһул-Әкбәрдың*» он бес шақты түсіндірмелері бар. Ең бастылары мыналар:

- а) Әбул Уср Фахрул-Ислам Әли ибн Мұхаммед әл-Пәздәуи (ө. 482/1089). *Шәрхул фикһил-әкбәр* (Маниса облыстық халық кітапханасы, №963; бас. Лорд Стенли, *Ал-Фикһ ал-Ақбар: The Principles of Muhammadan Faith*, Лондон, 1862).
- ә) Ахмет ибн Мұхаммед әл-Мағнисауи (X/XVI. ғасыр). Шәрхул Фикһул-Әкбәр (Стамбул, 1307; Қазан, 1896; Хайдарабад, 1321, 1400/1980, *әр-Рисалатул Сәба фил-Ақайд* ішінде; Каир 1430/2009, сол кітаптармен бірге). Сабит Үнал кітабы «*Фикһул-Әкбәр және*

түсіндірмесі» деген атпен түрікшеге аударылған (Анкара, 1956, 1985).

- б) Әли әл-Қари (ө. 1014/1605). *Минаһур-раузил-әзһар фи шархил-Фиқһил-әкбәр* (Стамбул, 1303; Дели, 1890; Каир 1323, 1327). Бұл кітап Юнус Уәһби Явуз тарыпынан түрікшеге аударылған («*Фиқһи-әкбәр*», *Әлиул-Қари Шәрхы*, Стамбул, 1979).
- в) Әбул Хасан Муинуддин Атаулла ибн Мұхаммед әл-Каршауи, *Мухтасарул-мақала ала Шәрхил-Фиқһил-әкбәр* (Қазан, 1890).
- г) Абдулкадир Сәлхати, *Дүрәрүл-әнһур* (Хайдарабад, 1298; Каир, 1368).
- ғ) Баязизада Ахмет Ефенди (ө. 1098/1687). *Усулүл-мунифа лил-Имам Әби Ханифа*. Баязизада, Әбу Ханифаның *әл-Фиқһул-әкбәр, әл-Фиқһул-әбсат, Рисала ли Осман әл-Бәтти, әл-Алим уәл-Мүтәаллим және әл-Уасия* атты ақида кітаптарын кәләм кітаптарындағы тақырыптардың ретіне қарай осы атаумен бір жерге жинақтаған (Сүлеймания кітапханасы, Шәһид Әли Паша №1075/1; Лалели №2264/7; Қылыч Әли Паша №567/1; Түрікше ауд. Иляс Челеби, *Имам Ағзам Әбу Ханифаның ақидалық көзқарастары: «Усулүл-мунифа лил-имам Әби Ханифа»*, Стамбул, 1996, 2000), кейіннен *Ишаратүл-Мәрам мин ибаратил-Имам* деген атпен басылған (бас. Юсуф Абдурраззак, Каир 1368/1949).
- д) Мұхиддин Мұхаммед ибн Бахаеддин әр-Рахмауи әс-Суфи. *Әл-Қаулул-фасл шәрхул фиқһил-әкбәр* (бас. Рафиқ әл-Ажм, Бәйрут, 1418/1998).

Осылармен қатар Әкмаладдин әл-Бабәрти, Хаким Ысқақ әр-Руми, Мұхиддин Мұхаммед ибн Бахаеддин әл-Байрами, Кочхисаризада Сүлеймен Талиб, Ахмет

Кәшфи тарапынан жазылған түсіндірмелердің қолжазба нұсқасы қазірге дейін жеткен, бұл кітаптар кейбір ғалымдар тарапынан жүйеге келтірілген¹⁵.

2. Мүснәд Әбу Ханифа. Әбу Ханифа риуаят еткен хадистер шәкірттері тарапынан реттеліп, осылай аталған. Әбу Ханифаның фикһқа қатысты үкімдер шығарған кезде сүйенген хадистері және сахабалар мен табиғундар тарапынан алған риуаяттары жазылған жиырмаға жуық *Мүснәді* бар. Бұлар көбінесе, реттеп, сыныптаған адамдардың аттарымен аталады. Әбу Ханифаның кейбір шәкірттері бастап, осы Мүснәдтарды жүйелегендер қатарында мына кісілер аталады: Хаммад ибн Әби Ханифа, Мұхаммед ибн Хасан әш-Шайбани, Әбу Юсуф, Хасан ибн Зияд, Әбу Мұхаммед Абдулла ибн Мұхаммед ибн Яқұб әл-Хариси әс-Сәбәзмүни, Әбул Қасым Талха ибн Мұхаммед ибн Жағфар, Ибнул Мұзаффар, Әбу Нуайм әл-Исфাহани, Ибн Ади, Әбул Хусайн Омар ибн Әл-Ушнани, Әбу Бәкір Ахмет ибн Мұхаммед ибн Халид әл-Килаи, Әбул Қасым Абдулла ибн Мұхаммед Ибн Әбул Ауам әс-Сади (Ибн Әбул Ауамның *Фазаилу Әби Ханифа уә ахбаруһу уә мәнакибуһу* деген кітабының ішінде, бас. Латифуррахман әл-Бәхрайжи әл-Қасими, Мекке 1431/2010), Мауарди, Әбу Абдулла Хусайн ибн Мұхаммед ибн әл-Бәлхи, Ибнуд Мукри әл-Исфাহани, Ибн Шахин, Ибнул Мұзаффар, Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Мекки ибн Әбу Рәжа әл-Исфাহани әл-Мәлихи, Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Яқұб әл-Бұхари. Әбу Абдулла Хусайн ибн Мұхаммед ибн әл-Бәлхидің «Мүснәду Әби Ханифа» кітабы осы Мүснәдтардың ішіндегі ең жүйелісі әрі ең ауқымдысы. Әбу Мүәйәд Мұхаммед ибн Махмуд әл-Харизми *Мәсәниду Әби Ханифа (Жамиул-Мәсанид)* деп атаған кітабында (I-II, Хайдарабад-Деккан 1332/1913; Бәйрут

15 Кітап жайында толық мәлімет алу үшін қар. Шарафеддин Гөлжук, Адил Бебек, «әл-Фикһул-әкбәр» *DIA* XII, 544-547.

1987; Бейрут, уақыты белгісіз) Әбу Ханифаның атынан реттеген он бес мүснәдтан 600 шамасында хадисті фикһ баптары бойынша реттеп, қайталанған мәтіндер мен иснадтарды қысқартып шыққан.

Әбу Мұхаммед Абдулла ибн Мұхаммед ибн Яқұб әл-Хариси кітаптың Хасан ибн Зияд риуаятын Әбу Ханифаның ұстаздары бойынша (*Мүснәдул-Имамил Ағзам Әби Ханифа ән-Нуман*. Латифуррахман әл-Бахрай-жи әл-Қасими, Мекке, 1431/2010), Ибн Кутлубога болса фикһ баптары бойынша реттеп, «*әл-Әмали*» деген атпен екі том түрінде түсініктемесімен талқылау жиындарында оқытқан болатын. Суюти, Ибн Кутлубоганың осы еңбегін негізге ала отырып «*әт-Таликатул-мунифа алә-Мүснәди Әби Ханифа*» деген атаумен шарх (түсіндерме) жазған. «*Мүснәду Әби Ханифаның*» маңызды шархтарының бірі Әли әл-Қари тарапынан жазылған «*Сәнәдул-әнам шәрху Мүснәдил Имам*» деген кітабы (бас. Халил Мұхиддин әл-Мәйс, Бейрут т.б.). Әбул Хасан Мұхаммед ибн Хасан әл-Кәнани да «*Мүснәди Тән-сикун-низам фи Мүснәдил Имам*» деген атаумен шарх жасаған (Лакнау, 1309, 1316).

Әбу Ханифаның мүснәдтары *Мүснәдул Имам Әби Ханифа* деген атпен көптеген мәрте басылған (Үндістан, 1300; Хайдарабад, 1304, 1332; Стамбул, 1309; Лахор, 1312; Лакнау, 1318; Каир 1309, 1327; Алеппо, 1382/1962; Бейрут, 1985), Мұхаммед Әмин әл-Урказ, «*Мәсаниду Имам Әби Ханифа уә ададу мәруиатиһи минәл-мәрфуат уәл-асар*» деген атпен бір кітап жазған (Карачи, 1398/1978). Әбу Ханифаның «*Мүснәд*» кітабының Хаскафи риуаяты Әли Пекжан тарапынан Түрікшеге аударылған (Конья, 2005). Әбу Ханифаға тиесілі делінген Мүснәд кітаптарында қамтылып екі кісі арқылы Хазреті Пайғамбарға жеткен риуаяттарды Абдулазиз Яхия әс-Са-

ди «*әл-Имамүл Ағзам Әбу Ханифа уәс-сұнайят фи мәсанидиһи*» деген атпен жинақтап бастырған (Бәйрут 2005).

Мүснәд бойынша әртүрлі шағын көлемдегі және ауқымды да еңбектер жазылған¹⁶.

3. әл-Уасия (Уасиятул Имам Әби Ханифа). Исламның сенім негіздеріне қатысты Әбу Ханифаның кейбір достарына берген кеңестерін қамтиды. Түркияның 200 ден артық кітапханаларында және әлемнің әртүрлі кітапханаларында көптеген қолжазба нұсқалары бар «*әл-Уасия*» Мұхаммед Заһид әл-Кәусәри тарапынан басылған (Каир, 1368; Бәйрут, 1425/2004, «*әл-Ақида уә ил-мүл-Кәлам*» деген атпен Кәусәри басқан басқа да тоғыз мәтінмен бірге).

Баязизада Ахмет Ефенди, жоғарыда айтып өткеніміздей, Әбу Ханифаға тиесілі ақида кітаптарын «*әл-Усулүл-мунифа лил-Имам Әби Ханифа*» деген атаумен жинақтап (ауд. Илияс Челеби, *Имам Ағзам Әбу Ханифаның сенімдік көзқарастары: «Усулүл-мунифа лил-Имам Әби Ханифа»*, Стамбул, 1996, 2000), кейін «*Ишаратул-Мәрам мин ибаратил-Имам*» деген атаумен шарх жазған (бас. Юсуф Әбдурраззак, Каир 1368/1949). Соның арасында «*әл-Уасия*» кітабы да бар. Мұстафа Өз «*Имам Ағзамның бес кітабы*» деген атпен басқа төрт кітабымен бірге Кәусәридің баспасынан *әл-Уасияның* мәтіні мен тәржімасын бастырған (Стамбул, 1981).

Осы кітапқа қатысты жазылған шархтардан Әкмәлуддин әл-Бабәртидің (ө.786/1384) *Шарху Уасиятил Имам Әби Ханифа ән-Нуман* (Стамбул, 1289, 1327; бас. Хамза Мұхаммед Уәсим әл-Бәкри және Мұхаммед Субхи әл-Аиди, Оман 1430/2009) және Молла Хусайн ибн Искендер

¹⁶ Толық мәлімет алу үшін қар. Ибрахим Хатибоғлу, «*әл-Мүснәд*», *DIĀ*, XXXII, 99-101.

әр-Руми (ө. 1084/1672) *әл-Жәуһаратул-мунифа фи шар-хи Уасияти Әби Ханифа* (Хайдарабад 1321, 1400/1980, *әр-Рисалатул Сәба фил-ақайд* ішінде; Каир 1430/2009, сол кітаптармен бірге) деген шархтары басылған¹⁷.

Әбу Ханифаның ұлы Хаммад (Сүлеймания кітапханасы, Бағдатық Уәһби №2165, 213-214) пен шәкірттері Әбу Юсуф пен Юсуф ибн Халид әс-Сәмтиге қалдырған өсиеттері де бар (*«Мин уәсаял-Имамил Ағзам Әби Ханифа ән-Нуман: уә яштәмилу ала уасиятин ли-тил-мизиһил-Имам Әби Юсуф әл-кади уә уасиятин ли-тил-мизиһи Юсуф ибн Халид әс-Сәмти»*, бас. Мұхаммед әс-Сейд әл-Бәрсижи, Оман, 1434/2013).¹⁸ Әбу Ханифаның Әбу Юсуфқа айтқан насихаттарын Ибн Нүжәймнің *«әл-Әшбах уән-Назаир»* кітабында жазылған мәтінді Ловечтік Мүфтизада Мехмет Камил тарапынан Әбу Ханифа мен Әбу Юсуфтың кең көлемді өмірбаяндарымен бірге *әл-Фәуайхул-мунифа фи тәржәмәтин-Нәсаих ли Әби Ханифа* (Стамбул, 1312, насихат бөлімі 84-95 бб.) деген атпен түрікшеге аударған. Әбу Ханифаның ұлы Хаммад пен Әбу Юсуф және Юсуф Халид әс-Сәмтиге айтқан өсиеттер, Мүснәдтан басқа осы жерде айтылған басқа кітаптарымен бірге Абдулуахаб Өзтүрік тарапынан түрікшеге аударылған (*Имам Ағзам Әбу Ханифа және шығармалары*, Конья, 2004).

4. Рисала илә Осман әл-Бәтти алими әһлил-Басра. Өзін Мүрзия ағымына жатқызған бір жалаға байланысты Осман әл-Бәттидің жазған хатына жауап ретінде жазылған кішкене кітапшада иман-амал байланысы, һидаят-далалат (адасу) және Мүрзия туралы көтерілген (бас. М. Захид әл-Кәусәри, Каир, 1368; Бәйрут, 1425/2004,

17 Толық мәлімет үшін қар. Мұстафа Өз, «әл-Уасийя» *DİA*, XIII, 545-546 бб.

18 Осы екі шәкіртіне қалдырған кеңесі жөнінде қар. Мекки, I, 360-362, 370-377.

«*әл-Ақида уә илмул-кәлам*» деген атпен Кәусәри бастырған басқа да тоғыз мәтінмен бірге; Мұстафа Өз жоғарыда айтылған түрікше тәржімасымен бірге, Имам Ағзамның бес кітабы, Стамбул, 1981). Баязизада Ахмет Ефенди, жоғарыда келтірілгеніндей әр-Рисаланы да қосып Имам Ағзамға қатысты ақида кітаптарын «*әл-Усулул-мәнфия лил-Имам Әби Ханифа*» деген атаумен жинақтаған (ауд. Иляс Челеби, *Имам Ағзам Әбу ханифаның сенімдік көзқарастары: әл-Усулул-мәнфия лил-Имам Әби Ханифа*, Стамбул, 1996, 2000), кейінірек *Ишаратул-мәрам мин Ибаратил-Имам* деген атпен шәрх жазған (бас. Юсуф Абдурраззақ, Каир, 1368/1949)¹⁹.

5. *әл-Алим уәл-Мүтәаллим*. Кейбір жазбаларда айтылғандай Хафс ибн Сәлімнің, басқа да жазбалар бойынша Әбу Мути әл-Бәлхидің, ұстазы Әбу Ханифаға қойған сұрақтарының жауаптарынан құралған кітапша, ақидаға байланысты қырық үш сұрақ-жауаптан тұрады (Хайда-рабад 1349, бас. М. Захид әл-Кәусәри, Каир 1368; бас. Мұхаммед Рәуас Калажи, Абдулуахаб әл-Хинди ән-Нәдуи, Алеппо 1972). Баязизада Ахмет Ефенди кейінірек «*Ишаратул-мәрам мин Ибаратил-Имам*» деген атпен шәрх жазған (бас. Юсуф Абдурраззақ, Каир 1368/1949). Кітап жоғарыда айтылған Мұстафа Өздің түрікше тәржімасымен бірге басылған (*Имам Ағзамның бес еңбегі*, Стамбул, 1981)²⁰.

6. *әл-Қасидатул-кафия (ән-Нумания) фи мәд-хин-Нәби*. (Стамбул, 1268, 1278, Сөйлем асты түрікше аудармасымен; Каир, 1282, 1299; Искендерия, 1288).

19 Толық мәлімет үшін қар. Мұхаммед Аручи, «әр-Рисала» *DĪA*, XXXY, 116-117 бб.

20 Рисаланың мазмұны және Әбу Ханифаға қатыстылығына байланысты пікірталастар хақында толық мәлімет алу үшін қар. Юсуф Шәуки Явуз, «әл-Алим уәл-Мүтәаллим» *DĪA*, II, 461-463 бб.

Халил ибн Яхия тарапынан «*Сүрүрул-қулубил-ирфания би тәржәмәтил-Қасидатун-Нумания*» (Стамбул, 1268) деген атпен түрікше аудармасымен қатар қасиданы Ибраһим ибн Мехмет әл-Ялуажи да сөйлем асты түрікшеге аударып (*әл-Мәжмуатул-күбра*, Стамбул, 1276); Мұстафа ибн Махмуд әл-Уәрди *Минәнур-Рахман фи Шархи қасидати Әби Ханифа ән-Нуман* (бас. Ахмет Фәрид әл-Мәзиди, Каир, 1430/2008) деген атаумен арабша, Мұхаммед Ағзам ибн Мұхаммедияр *Рахматур-Рахман* деген атаумен үндіше шәрх жазған (Дели 1897).



ЕКІНШІ ТАРАУ
ҰСТАЗДАРЫ МЕН
ШӘКІРТТЕРІ





I. ҰСТАЗДАРЫ

Әбу Ханифа білім алу барысында да, кейінгі кезеңдерде де көптеген ғалымдармен байланыс орнатып, олардың ой-тұжырымдарын тыңдап, пікір алмасқан. Әртүрлі мәзһабтар мен ағымдардағы ғалымдармен кезігуі және осы мақсатта көптеген жерлерді аралауы оның ғылыми түсінігі мен парасаттылығының артуына ықпал етті. Қасында жиырма жылға жуық болып фикһ үйренген ең үлкен ұстазы – Хаммад ибн Әби Сүлеймен. Хаммадтың ең басты ұстаздарының бірі Ибраһим ән-Нәхайи мен Шағби болса, Абдулла ибн Мәсудтың ең танымал шәкірті Алқама ибн Қайстан білім алған. Осылайша Әбу Ханифаның білімінің негізі аталмыш ұстаздар тізбегі арқылы Ибн Мәсудқа тіреледі. Хазреті Омар мен Әлидің көзқарастары олардың шәкірттері арқылы көбінесе, Ирақ аумағында таралғандығын назарға алатын болсақ, Әбу Ханифаның қолындағы ілім мұрасында олардың үлесі жоғары екенін түсінуге болады. Әбу Ханифа, бірнеше рет жасаған қажылық кезінде болсын, алты жылдай Меккеде тұрған кезінде болсын Ибн Аббастың (кұлдықтан құтқарған) шәкірті Икримә мен Ата ибн Әби Рәбахтан Ибн Аббастың көзқарастарын, Ибн Омардың (кұлдықтан құтқарған) шәкірті Нафиден оның көзқарастарын үйренген. Сонымен қатар Шиға имамдарының бірі Зәйдия мәзһабының құрушысы Зәйд ибн Әли (ө. 122/739) мен оның інісі Мұхаммед әл-Бәкірден (ө. 114/732) білім алды. Жағфария мәзһабының негізін қалаушы Жағфар әс-Садықпен (ө. 148/765) де кезігіп, пікір алмасқан. Осыған байланысты кейбір ғалымдар оны Әбу Ханифаның ұстаздарының қатарына қосқан. Әбу Хани-

фа басқа танымал ғалымдармен қатар қажылық кезінде Имам Мәлік және Әузайимен де кездескен.

Бұл жерде қысқаша Әбу Ханифаның Ибн Мәсудқа тірелетін ұстаздар тізбегін құрайтын Хаммад, Нәхайи, Шағби және Алқама туралы қысқаша баяндаймыз.

1. Хаммад ибн Әбу Сүлеймен (120/738)

Әбу Исмайл ибн Әбу Сүлеймен Мүслим ибн Язид әл-Исфакхани әл-Ашғари әл-Куфи¹. Бұл кісі табиунның алдыңғы қатарлы ғалымдарының бірі, әрі Әбу Ханифаның ұстазы. Негзгі шыққан жері Исфакхан. Әкесі сахаба Әбу Муса әл-Ашғари Исфакхан жеңісі кезінде тұтқындалып, мұсылман болған. Әнәс ибн Мәлік, Сайд ибн Жүбәйр, Ибраһим ән-Нахайи, Сайд ибн Мүсәйяб және Шағби сияқты тұлғалардан хадис тыңдаған. Одан Әбу Ханифа, ұлы Исмайл ибн Хаммад, Ағмәш, Суфиян әс-Сәури, Хаммад ибн Сәләма, Шугба ибн Хажжаж және тағы басқалар риуаят еткен. Риуаят еткен хадистерді Сүнән кітаптарында келтірілген. Ең танымал ұстазы Куфада дәрістеріне қатысқан Нәхайи (шәкірті болса Әбу Ханифа) Куфаға «рәй» көзқарасын енгізушілердің бірі еді. Кейбірі Хаммадтың мұхаддистік қырын сынған алғанымен, Ибн Маин, Ижли, Нәсайи және Ибн Хиббан оны «сика» (сенімді) деп сипаттаған.

2. Ибраһим ән-Нәхайи (46-96/666-714)

Әбу Имран Ибраһим ибн Язид ибн Қайс ибн әл-Әсуәд ән-Нәхайи әл-Иемани әл-Куфи². Шықан тегі Йемендік, Ислами дәуірде Куфаға орналасқан Нәха тайпасынан.

1 Ибн Саад, VI, 231; Зәхәби, *Сияру аламин-Нүбәла* V, 231-239; Ибн Хажар, Тәхзиб, III, 16-48; Сезгин, *GAS*, I, 404-405; М. Өзгү Арас, «Хаммад ибн Әби Сүлеймен», *DIA*, XV, 484-486.

2 Ибн Сағд, VI, 270-285; Зәһаби, *Сияру аламин-Нүбәла* IV, 520-529; Ибн Халликан, I, 25; Ибн Хажар, Тәхзиб, I, 177-179; Сезгин, *GAS*, I, 403-404; Шүкри Өзен, «Нахайи», *DIA*, XXXII, 535-358.

Бала кезінде жездесі Әсуәдпен бірге қажыға барғанында Хазреті Айшамен кездескен. Зәйд ибн Әркам, Мұғира ибн Шұғба және Әнәс ибн Мәлік сияқты сахабаларды тыңдаған. Анасының ағасы Алқам ибн Қайс, жезделері Әсуәд ибн Язид пен Абдуррахман ибн Язид, Мәсрук ибн Әждағ, Абида әс-Сәлмани, Әбу Зурға және Қады Шүрәйх сияқты танымал табиғун ғалымдарынан риуаят жасаған. Қады Шұрайхтың қасында біраз уақыт көмекші болып, оның қазылықта берген үкімдерін кейінгі ұрпаққа жеткізді. Иракта «рәй» мектебінің қалыптасуында маңызды рөл атқарған Нәхайиден Хаммад ибн Әби Сүлеймен, Ағмеш, Ибн Аун, Ата ибн әс-Сайб, Абдулла ибн Шүбрумә сияқты ғалымдардан хадис риуаят етті. Шағби екеуі өз заманында Куфаның ең танымал ғалымы болды. Риуаят еткен мүрсәл хадистер көп. Алқам ибн Қайстың ең мықты шәкірті болған, Уәлид ибн Абдулмәлік халифа болған кезде Куфада қайтыс болған.

3. Шағби (19-104/640-722)

Әбу Амр Амир ибн Шәрахил ибн Абд әл-Хамдани әш-Шағби³.

19 (640) жылы дүниеге келген. Көптеген танымал сахабалардың көзін көрген. Хазреті Әлидің артында тұрып намаз қыған. Өзі шамамен 500-дей сахабалармен кездескендігін айтқан. Әбу Муса әл-Әшғари, Сағд ибн Әби Уакқас, Әбу Хурайра, Хазреті Айша, Ибн Омар, Ибн Аббас, Әнәс ибн Мәлік сияқты көптеген сахабалардан, әрі Алқам ибн Қайс, Әсуәд ибн Язид, Абида әс-Сәлмани, Қады Шүрәйх, Әбу Ләйла сияқты танымал ғалымдардан хадис риуаят еткен. Одан Хаммад ибн Әби Сүлеймен, Ибн Аун, Мәкхул, Ибн Ширин, Ибн Шүбрумә, Әбу Ха-

3 Ибн Сағд, VI, 246-256; Хатиб әл-Бағдади, XII, 227-234; Зәһаби, *Сияру аламин-Нүбәла* IV, 294-319; Ибн Хажар, Тәһзиб, V, 65-69; Яшар Кандемир, «Шағби», *DIA*, XXXVIII, 217-218.

нифа және басқалары риуаят етті. Куфада үлкен бір дәріс тыңдаушылары бар еді. Куфада қайтыс болған. Қайтыс болған кезі тарихи кітаптарда 105 (723) немесе 106, туған жылы 17, 20, 21, 28 жылдар түрінде айтылады.

4. Алқама ибн Қайс (62/682)

Әбу Шибил Алқама ибн Қайс ибн Абдулла ән-Нахайи әл-Куфи⁴.

Ибн Мәсудтың ең таңдаулы шәкірттерінің бірі. ХазретіПайғамбардың тірі кезінде дүниеге келген. Алла расулын көре алмағаны үшін сахаба болып саналмаса да, «Мұхадрамун» болып саналады. Хорасанда соғысқа қатысқан, Хорезм мен Мәруда бірнеше жыл тұрған. Хазреті Әлимен бірге Сыффин соғысына қатысқан және онымен бірге Нахрауанда Харижиттерге қарсы соғысқан. Куфада Абдулла ибн Мәсудтың дәрістеріне қатысқан, оның ең үлкен әрі ілімін меңгерген шәкірті болды. Алқама ибн Қайс, Ибн Мәсудтан бөлек Хазреті Омар, Осман, Әли, Айша, Сәлман әл-Фариси, Әбуд-Дәрда, Хузайфа, Хаббаб, Аммар және Әбу Муса лә-Әшғари сияқты сахабалардан хадис риуаят еткен. Сол кезде көптеген сахабалардың көзі тірі болса да, шәкірірттер Алқаманың дәрістеріне қызығушылық білдіріп, тіпті кейбір сахабалар одан пәтуа сұрайтын. Ибраһим ән-Нәхайи, Шағбимен қатар Ибн Ширин, Абдуррахман ибн Язид, Язид ибн Муауия, Әбу Уайл Шақиқ ибн Сәләма, Қайс ибн Руми сияқты көптеген кісілер одан дәріс алып, хадистерді риуаят етті. Куфада қайтыс болған. Қайтқан уақытына қатысты кітаптарда 61, 63, 65, 72 жылдары деген деректер бар.

4 Ибн Сағд, VI, 86-92; Хатиб әл-Бағдади, XII, 296-300; Зәһаби, *Сияру аламин-Нұбәла*, IV, 53-61; Ибн Хажар, *Тәһзиб*, VII, 276-278; Ахмет Өзел, «Алқама ибн Қайс» *DIA*, II, 467 б.

II. ШӘКІРТТЕРІ

Әбу Ханифа, жоғарыда айтқанымыздай 102 (720) жылдан бастап Хаммад қайтыс болғанға дейін он сегіз жыл уақыт одан дәріс алған, ұстазы болмай қалған кезде орнына дәріс беретіндей деңгейге жеткен. Хаммад 120 (738) жылы қайтыс болған соң, қырық жасында ұстазының орнына отырып дәріс бере бастаған, осы ұстаздығы, кейбір үзілістерді қоспағанда, өмірінің соңына дейін жалғасқан. Әбу Ханифаның дәрістеріне Ислам әлемінің жан-жағынан шәкірттер қатысып, ауқымды дәріс ортасы болған. 30 жылдай жалғасқан дәрістеріне қатысқан шәкірттерінің саны 4000-нан асқандығы, осылардың аз дегенде 40 шақтысының ижтихад дәрежесіне жеткендігі айтылады⁵. Бұл жерде Ханафи фикһ жүйесінің қалыптасуында маңызды рөл атқарып, Ханафи фикһ кітаптарында көзқарастары мен риуаяттары жазылған кейбір шәкірттері хақында қайтыс болған жылдары бойынша хронологиялық тәртіпте мәлімет берілетін болады.

1. Зүфәр ибн Хузәйл (110-158/728-775)

Әбул Хузәйл ибн Хузәйл ибн Қайс әл-Әнбари әл-Басри⁶. Әбу Ханифаның ең танымал шәкірттерінің бірі. 110 (728) немесе 111 (729) жылы әкесі Исфахан әкімі болған кезін-

5 Әбу Ханифаның білім шеңбері мазмұны мен жұмысына қатысты қар. Метин Йигит «Ислам құқық тарихында өнегелі қадам: Имам Әбу Ханифаның білім шеңбері», *Фырат университеті Теология факультеті журналы*, XVI/2, 2011, 139-156; Әбу Ханифаның алдыңғы қатарлы шәкірттері, есімдері мен олардың мәзһаб ішіндегі иерархиялық орындарына қатысты қар. Фархат Кожа, «Ханафи мәзһабында Әбу Ханифа мен Әбу Юсуф және Мұхммед арасындағы құқықтық көзқарас айырмашылықтары» *ЕКЕУ Академиялық журналы*, VIII/18, 2004, 44-149 бб.

6 Ибн Халликан, II, 317-319; *Сияру аламун-Нүбәлә*, VIII, 38-41; Кураши, II, 207-209; Бәззази, 457-463 бб; Ташкопризада, Мифтах, II, 249-250; Ләкнәуи, *әл-Фәуәйдүл-бәһия*, 75-77 бб; Заһид әл-Кәусәри, *Ләмәхатун-назар фи сиратил-Имам Зүфар*, Каир,

де осы қалада дүниеге келген. Алғашында әһлул-хадис болатын. Кейіннен «рәйға» бет бұрды. Әбу Ханифадан фикһ үйренді. Әмеш, Исмайл ибн Әби Халид, Мұхаммед ибн Ысқак, Хажжаж ибн Өртат және басқа да адамдардан риуаят жеткізді. Әбу Ханифа оны «қиясты ең жақсы біледі» деп мақтайтын. Әбу Ханифа қайтыс болғаннан кейін оның орнына дәріс берді. Әбу Ханифаның көптеген шәкірттері ол қайтыс болғаннан кейін Зуфәрден дәріс алды. Зуфәр Басрада тұрып, сол жерде қазы болып, сол жерде қайтыс болды. Әбу Юсуфтың Куфада дәріс бере бастауы Зуфәр Басраға кеткеннен кейін болуы керек. Әбу Ханифадан кейін ол дәріс бере бастаған болса, мәзһабтың пәтуа, методология және әдебіне қатысты қалыптасқан қағидалар бойынша алдыңғы қатардан орын ала алмайды. Өзі мүжтәһид саналмайтын мүфти пәтуа берген кезде қашан да Имам Ағзамның көзқарасын негізге алады; одан кейін Әбу Юсуф, сосын Шәйбани келеді. Зуфәр төртінші орында, Хасан ибн Зияд бесінші орында тұр. Сонымен қатар Әбу Ханифа мен Имамайнның (екі имамның) көзқарастарына қарсы келген, жиырмаға жуық мәселелерде оның көзқарастары мәзһабта «мүфта биһ» саналған. Зуфәрдың осы көзқарастарына қатысты Ахмед ибн Мұхаммед әл-Хамауидің *«Уқудуд-дүрар фима юуфта би-қаули Зуфәр»* (Сүемлеймания кітапханасы. Есед Ефенди №691 196-197; Пертеу Паша №624, 38-39), Пиризада Ибраһим Ефенди *«әл-Қаулүл-әзһарфима юуфта би-қаули Имам Зуфәр»* (бас. Омар ибн Мұхаммед әш-Шәйхали, [басылған орны жоқ] 1432/2011), Абдуллатиф ибн Абдуррахман әл-Молланың, *«Уәсилатүз-зафар фил-мәсәили илләти йуфта би-Қаулә Зуфәр»* (бас. Абдулила ибн Мұхаммед, Бәйрут, 1422/2001) деген атаулармен кітаптар жазылған.

1968; Сезгин, *GAS*, I, 419; Мұртаза Бедир, «Зуфәр ибн Хузәйл» *DIA*, XLIV, 527-530.

2. Нұх ибн Әбу Мәриям (173/789)

Әбу Исмә Нұх ибн Әбу Мариям Жауана әл-Кураши әл-Мәруази⁷.

Әбу Ханифа мен Ибн Ләйладан фикһ, Зүһри мен Хажжаж ибн Өртаттан хадис, Мұхаммед ибн Сайд әл-Кәлби мен Мұқатилден тәфсир және Ибн Ысқақтан мағазилар (әңгіме, қиссалар) оқыды. Яхия ибн Сайд, Ибн Жүрәйж, Мұқатил ибн Хайян, Әмеш және басқа да аттары аталған ұстаздарынан риуаят жеткізді. Әбу Ханифаның фикһ көзқарастары және тіл, грамматика, өлең, әдебиет тақырыптарында дәріс беруі немесе Әбу Ханифаның көзқарастарын алғаш жинақтаған адам болуына байланысты «жәми» деген атаққа ие болған. Мәруде қазы болды. Терең фикһ ғалымы болғанымен қатар мұхаддистер оған жалған хадис шығарушы деген дәрежеде сын да таққаны бар.

3. Қасым ибн Мағн (175/791)

Әбу Абдулла Қасым ибн Мағн ибн Абдуррахман ибн Абдулла ибн Мәсуд әл-Хузали әл-Мәсуди әл-Куфи⁸.

Әмеш, Асым әл-Ахуел, Хашам ибн Уруа, Яхия ибн Сайд және басқалардан риуаят жеткізді. Одан Әбу Нуафм, Ибн Мәһди, Муалла ибн Мансур сияқты ғалымдардан хадис риуаят еткен. Мәһдидің кезінде Куфада қазы болып, жасаған қызметіне ақы алмайтын. Фикһ, Араб тілі және тарих саласының шебері еді. Сенімді болған-

7 Кураши, II, 7-8; Ибн Хажар, Тәхзиб, X, 486-489; Ибн Кутлубоға 20 б; Ташкөпризада а.к. II, 260; Ләкнәуи, *әл-Фәуәидүл-бәһия*, 221-222 бб; Әюуб Сайд Кая, «Нұх ибн Әбу Мәриям» *DIA*, XXXIII, 229-230.

8 Ибн Сад. VI, 267; Сәймари 150 б; Зәһәби, *Сияру аламин-Нүбәлә*, VIII, 190-191; Кураши, II, 708-710; Ибн Хажар, Тәхзиб, VIII, 338-339; Ләкнәуи, а.к. 154 б.

дықтан Сүнән авторлары оның риуаяттарын өз еңбектерінде қолданған. «Ән-Науадир фил-Луга» атты кітап жазғандығы айтылады.

4. Әбу Юсуф (113-182/731-798)

Әбу Юсуф Яқұб ибн Ибраһим ибн Хабиб ибн Сад ибн Хабта әл-Куфи әл-Ансари⁹. Әбу Ханифаның ең үлкен шәкірті. 113 (731) жылы Куфада дүниеге келген. Куфада және Мәдинада білім алған. Әбу Ханифа мен Ибн Әби Ләйладан бастап Мәлик ибн Әнәс, Суфиян ибн Уйайна, Исмайл ибн Уләйя, Ибн Жүрайж, Ханзала ибн Әби Суфиян, Хишам ибн Уруа, Әбу Ысқақ әш-Шәйбани, Сүлеймен әт-Тәмими сияқты ғалымдардан фикһ және хадис оқыды. Одан дәріс алғандардың арасында Мұхаммед ибн Хасан әш-Шәйбани, Ахмед ибн Ханбал және Яхия ибн Майн сияты үлкен ғалымдар бар. Бағдатта қазы болғанға дейін Куфада өмір сүрді. Халифа әл-Һади мен Харун Рашид дәуірінде қазылық жасады, қадит-құдаттыққа (бас қазы) жетті. Деректерде бұл атаққа алғаш ие болған адамның Әбу Юсуф екендігі баяндалады. 182 (798) жылы Бағдатта қайтыс болды. Әбу Юсуфтың 192 (807-808) жылы қайтыс болған ұлы Юсуф та әкесінің көзінің тірісінде Бағдаттың батыс бөлігінде қайтыс болғанға дейін қазылық жасаған.

Нағыз мүжтаһид болған Әбу Юсуфтың Әбу Ханифаға қарағанда хадиске көбірек жүгінуі, ұстазымен арасындағы методологиялық айырмашылықтан туған¹⁰.

9 Ибн Кутлубоға 81 б; Ләкнауи, а.к. 225 б; Кәусари, *Хуснуд-Такади*, 6-7, 19, 28, 89, 102-103 бб; Алламаһ Схибли Нугмани, *Имам Әбу Ханифәһ*, 233-238 бб; J. Schacht, «Абу Юсуф Яқұб» EI, I, 164; Салим Өгут, «Әбу Юсу» *DIA*, X, 260-265 бб.н

10 Schach-тың *Enc. Of Islam*-да (I, 164) жазған Әбу Юсуф бабында айтылатын «Ұстазына қарағанда көбірек хадиске сүйенетін еді» деген сөзі, осы Энциклопедияның Французшасында «...қарағанда азырақ» деп қате аударылған.

Мұның себебі, Әбу Юсуфтың кезінде сахих хадистердің көбірек таралуына байланысты еді.

Әбу Юсуфтың өмірбаянына қатысты кейбір кітаптар: Зәһәби *«Мәнақибү Әби Юсуф»* (бас. Заһид әл-Кәусари және Әбул Уәфа әл-Ауғани, Каир, 1366); Заһид әл-Кәусари *«Хуснут-Тәкади фи сиратил-Имам Әбу Юсуфул-Қади»* (Хумс 1388/1969, Каир 1948); Махмут Матлуб *«Әбу Юсуф, хаятуһу уә әсаруһу уә арауһул-Фиқһия»* (Бағдат, 1972); Субхи Махмасани *«Қади қудати Бағдат уә әсаруһу фил-Фиқһил-Ислам»* (Мәжәлләтул-Мәжмайл-Илми, Дамас, XXXX, 1965, 117-136 бб.

Еңбектері:¹¹

1.Китабул-Хараж. Әбу Юсуфтың Харун-Рәшидқа ұсынған бұл кітабы басқарушылық, экономикалық, қаржылық және құқықтық салада маңызды мәнге ие. Сасанидтерді және басқа да халықтарды басқаруда бұл еңбектің теориялық және практикалық құны өте жоғары болды. Аббаси халифаты өз қолданыстарын Ислам негіздеріне сәйкестендірудің орнына діни негіздерді өз қолданыстарына келтіруге талпынған шағында Әбу Юсуфтың *«Китабул-Харажы»* оларға нақты қарсылық болды. Исламдық ұстаным бойынша төрт халифаның қолданысына сүйену керектігін ортаға қояды¹².

Абдулазиз ибн Мұхаммед әр-Рахаби тарапынан «Фиқһул-Мулуқ уә мифтахур-ритажил-мурассад ала Китабил-Хараж» (бас. Ахмет Убәйд әл-Кубәйси, I-II, Бағдат, 1973-1975) деген атпен түсіндірмесі жазылған кітап Муидзада Мұхаммед (ө. 982/1574) пен Родослузда Мұхаммед (ө. 1113/1701) тарапынан түрікшеге ауда-

11 Сэркис, I, 489; Броклеман, *Suppl.*, I, 288; Сезгин *GAS*, I, 419; Schach, *Introduction*, 230 б; Саувагет, 138 б.

12 Қар. Gibb, 45 б; *The Legacy of Islam* 410 б; Lambton 55 б.

рылған, осы түсіндірмелер мен тәржімалардың қолжазбалары сақталған.

Бірнеше рет басылған Китабул-Хараж (Булак, 1302, 1-басылым, шетінде Шәйбанидің *әл-Жамиус-Сазир* атты кітабы ретінде; Каир, 1352; бас. Махмуд әл-Бажи, Тунис, 1984; бас. Ихсан Аббас, Каир, 405/1985; бас. Таһа Абдуррауф Сағд Хасан Мұхаммед, Каир, 1420/1999; бас. Мұхаммед Абдулхафиз әл-Мәнасир, Омман 1430/2009) П. Триполи тарапынан Италиян тіліне (Рим 1906), Е. Фагнан тарапынан француз тіліне (*«Le Livre de l'Impot fonder»*, Париж 1921) аударылған. Бен Шеменстің хадистер каталогымен бірге 1958 жылы басылған Ағылшынша аудармасынан басқа, кітап Жинболл тарапынан Яхия ибн Адамның *«Китабул-Харажымен»* салыстырмалы түрде жазылып 1896 жылы басылған сыни талдауы да бар. Кітапты Әли Өзек түрікшеге аударған (Стамбул, 1970, 1973). Мұхаммед Ахмет Әбуш-Шәйх, *«әл-Фикһул-мали индал-имам Әби Юсуф мин хилали китабул-Хараж»* (Каир, 2010) деген еңбек жазған.

2. *«Ихталафу Әби Ханифа уә Ибн Әби Ләйла»*. Бұл кітапты Әбу Юсуфтан Мұхаммед ибн Хасан әш-Шәйбани риуаят еткен (Каир, 1357; сонымен қатар Имам Шафийдің «әл-Үмм» атты кітабының соңында *«Һаза матәләфә фиһи Әбу Ханифа уә Ибн Әби Ләйла ған Әби Юсуф»* деген тақырыппен енген, VII, 87-150).

3. *«Китабур-Рәд алас-Сиярил-Әузағи»*. Әбу Ханифаның шәкірті Имам Мұхаммедке айтып отырып жаздырған мемлекеттер құқығына (сияр) қатысты кітаптағы көзқарастар Әузағи тарапынан *«Китабу Сиярил-Әузағи»* деген кітапта сынға ұшыраған соң Әбу Юсуф та Әузайиге жауап беру мақсатында осы кітабын жазған (бас. Әбул-Уәфа әл-Ауғани, Каир, 1357; сонымен бірге

«*әл-Үмм*» кітабының ішінде «*Китабу Сиярил-Әузаби*» деген тақырыппен қамтылған, VII, 303-336).

4. «Китабул-Асар». Ұлы Юсуф әкесі арқылы Әбу Ханифадан риуаят еткен кейбір хадистер мен фикһқа қатысты көзқарастарды қамтиды (бас. Әбул-Уәфа әл-Ауғани, Каир, 1355).

5. Яхия ибн Зәкәрия (183/799)

Әбу Сайд Яхия ибн Зәкәрия ибн Әби Зайда (Мәймун) әл-Куфи әл-Хамадани¹³. Әбу Ханифаның алдыңғы қатарлы он шәкіртінің бірі, мұхаддис әрі фақиһ. Әкесінен, Хишам, Әмеш, Исмайл ибн Халид және Хажжаж ибн Өртаттан хадис үйренген. Одан Ахмет ибн Ханбал, Ибн Майн, Ибн Әби Шәйба, Яхия ибн Адам, Кутайба ибн Сайд жән басқалардан риуаят жеткізген. Харун Рашид кезінде Мәдайнде қазылық жасап, 63 жасында сол жерде қайтыс болды. Хадис хафизы (жаттаушы) және «Мүснәд» авторы. Мәдинада қазылық жасағандығына қатысты кейбір кітаптарда айтылған мәліметтер сияқты қайтыс болған уақыты да кейбір кітаптарда 84 (800) деп берілуі Курашидтің 192 (808) деген уақыты да негізгі деректермен салыстырғанда қате болуы керек.

6. Шәйбани (132-189/749-805)

Әбу Абдулла Мұхаммед ибн әл-Хасан ибн Фәркад әш-Шәйбани¹⁴.

13 Ибн Сағд, VI, 393; Сәймари, 150 б; Хатиб әл-Бағдади, XVI, 114-119; Зәһәби, *Сияру аламин-Нүбәлә*, VIII, 337-341; Кураши, III, 585-586; Ибн Хажар, *Тәһзиб*, XI, 208-210; Бәззази, 485-486 бб; Ләкнәуи, *әл-Фәуәйдул-Бәһия*, 224 б.

14 Ибн Халликан, III, 184; Ибн Кутлубоға 54 б; Ләкнәуи, а.к. 163 б; Кәусәри, *Бүлүғүл-әмани*, Хумус 1388/1969; Шибли Нумани, 238-242; Геффенинг «Шәйбани», *IA*, XI, 450; Айдын Таш, «Шәйбани, Мұхаммед ибн Хасан» *DIA*, XXXIX, 38-42.

Ханафи мәзһабының негізгі дереккөздерінің қалыптасуында маңызды рөл атқарған Шәйбани Бәни Шәйбан тайпасынан келеді. Ол 132 (749) жылы Уасытта дүниеге келген. Куфада өскен. 14 жасында Әбу Ханифаның дәрістеріне қатыса бастайды. 20 жасында Куфа мешіттерінде дәріс бере бастайды. Әбу Ханифа және фикһ білім үшін үлкен қарыздар болған Әбу Юсуфпен қатар Суфян әс-Сәури, Мәлік ибн Әнәс, Суфиян ибн Уйәйнә, Абдулрахман әл-Әузаъи және Абдулла ибн Мүбәрәктардан дәріс алды.

180 (796) жылы Харун Рашид тарапынан Ракка қазысы болып тағайындалды. Біраз уақыт осы міндетті атқарғаннан кейін Имам Мұхаммед қайта Бағдатқа оралды. 189 (805) жылы Харун Рашидпен бірге Хорасанға барды. Сол кезде Хорасан қазысы болып тағайындалды да сол жылы Рәй қаласының Рәнбуя ауылында қайтыс болды. Әбу Юсуф сияқты нағыз мүжәддид саналған Имам Мұхаммедтің де әдістемесі көбінесе, хадиске сүйенетін. Сонымен бірге мықты тіл маманы Ханафи мәзһабының қалыптасуында үлкен еңбек сіңірді. Одан білім алған мынадай ғалымдар бар: Имам Шафиғи, Әбу Хафс әл-Кәбир, Мұхаммед ибн Сәмаға, Яхия ибн Майн, Ибн Михран (одан Муаттаны риуаят еткен), Шұғайыб ибн Сүлеймен әл-Кәйсани (Кәйсаниятты риуаят еткен), Әли ибн Салих әл-Жүржани (Жүржаниятты риуаят еткен), Исмайл ибн Рүстем әл-Мәруәзи (Науадирді риуаят еткен) және Иса ибн Әбан (әл-Хужжаны риуаят еткен).

Имам Мұхаммед жайлы жазылған кейбір кітаптар мыналар: Зәһәби, *«Мәнакибу Мұхаммед ибн әл-Хасан әш-Шәйбани»* (бас. М. Заһид әл-Кәусәри, Әбул Уәфа әл-Ауғани, Каир, 1366); Заһид әл-Кәусәри. *«Булғул-әмәни фи сирәтил-Имам Мұхаммед ибн әл-Ханасиш-Шәйбани»* (Хумус, 1388/1969), Хабиб Рәззақ. *«Ишарат уә*

такибату Мұхаммед ибн әл-Хасан әш-Шәйбани фи риуаятил-Муатта уә әсәруһул-фиқһи уәл-усули» (Бәйрут, 1430/2009).

Кітаптары:¹⁵

1. әл-Асл. Шәйбанидің алғашқы әрі ауқымды кітабы, **әл-Мәсбүт** деген атпен танымал. Әбу Ханифаның көзқарастары негізге алынған кітапта Әбу Юсуф пен Шәйбанидің қарсы көзқарастары да қамтылып, өте аз мәселеде дәлел ретінде қолданылған. Шәйбани шәкірттерінің жеткізген риуаяттарының ішіндегі ең маңыздысы Әбу Сүлеймен әл-Жүзжаниге тиесілі. Алғаш болып Шәфик Шәхата (Каир, 1954) мен Әбул Уәфа әл-Ауғани (I-V, Карачи; Бәйрут, 1410/1990) тарапынан басылған кітапты толықтай Мұхаммед Бойнукалын қайта қарап, тексеріп шыққан болатын (I-XII, Бәйрут, 1433/2012)¹⁶.

2. әз-Зиядат. Аттаби (ө. 586/110) мен Кадихан (ө. 592/1196) тарапынан түсіндірмесі жазылған кітап, Хасири (ө. 636/1238) мен Садруддин Сүлеймен ибн Уәһб әл-Ханафи (ө. 677/1278) тарапынан реттелген. Осы кітаптарға тиесілі жазбаларбен қатар Мұхаммед ибн Махмуд әс-Сәдиди әз-Зәуәнидің (ө.801/1398) түсіндірмесі қолжазба ретінде сақталған.

15 *Кәшфуз-Зунун*, I, 107; Сәркис, II, 1163; Броклеман, *Suppl.* I, 288-291; Сезгин, *GAS*, I, 421-433; Shchacht, *Introduction*, 228.

16 N.P. Aghnides (*An Introduction to Mohammadan Law*, 177) Сәрахсиге сілтеме жасай отырып әл-Асл кітабы шындығында Әбу Юсуфтың кітабы екендігі тек Шәйбани тарапынан шығарылғандығы айтылғанымен бұл қате мәлімет, Сәрахси аталмыш жерде (*әл-Мәбсүт*, Каир, 1331, XXX, 129) *әл-Асл* кітабын толықтай емес, *әл-Мәбсүттың* мәтіні болып саналатын *әл-Кафидегі* «Китабу Ихтилафи Әби Ханифа және Ибн Әби Ләйла» деген тақырыпты меңзеп айтқан болатын (қосымша қар. I, *әл-Мәсбүт*, 3).

3. *әл-Жамиус-Сагир*. Бұл кітаптағы мәліметті Шәйбани, Әбу Юсуф арқылы Әбу Ханифадан жеткізген, Шәйбаниден бұл кітапты Иса ибн Әбан мен Ибн Сәмаға риуаят еткен. Кітаптың көптеген түсіндірмелері бар, ең маңыздылары Әбул-Уср Әли әл-Пәздәуи (ө. 482/1089), Ибн Мәза (ө. 536/1141; бас. Салах Аууад Жума әл-Кубәйси, Бәйрут, 2006), Аттаби, Кадихан және Хасиридің түсіндірмелері. «*әл-Жамиус-Сагирдың*» әр түрлі басылымдары бар (Ләкнәу, 1292, 1294, 1328, Булак, 102, Китабул-Харажтың шетінде; Үнді 1310, шетінде Абдулхай әл-Ләкнәуидің түсіндірмелері және сілтемелері жазылған Шәйбани, Әбу Ханифа, басқа да ханафи ғалымдарының аудармалары түрінде; Каир, 1406/2011). *Әл-Жамиус-Сагирдың* бір бөлігі түсіндірмелерімен бірге Иван Дмитриев тарапынан неміс тіліне аударылған («*Asch-Schaibani und sein corpus juris al-gami as-sagir*», Westasiatische Studien, Берлин 1908, 60-206 бб).

4. *әл-Жамиул-Кәбир*. Шәйбани жазып бастырған бұл кітапты Әбу Юсуфтан риуаят етпегендігіне ғалымдар бір ауыздан келіседі. Фикһ дәлелдері кірмеген бұл кітапты, Имам Мұхаммедтің Әбу Хафс әл-Кәбир, Әбу-Сүлеймен әл-Жүзжани және Ибн Сәмаға сияқты шәкірттері жеткізген. Көптеген түсініктеме, мазмұндамасы бар бұл кітап баспа бетін көрген (бас. Әбул-Уәфа әл-Ауғани, Хайдарабад-Каир, 1356, 1399; Урду тіліне ауд. Мұхаммед Абид Имран Әнжум Мәдини, Лахор 2008). Жәссас, Исфижаби, Сәрахси, Хаһарзада, Кырмани, Аттаби және Хасири сияқты танымал ханафи ғалымдары тарапынан жазылған түсіндірмелері қолжазба түрінде сақталған.

5. *Әс-Сиярул-Кәбир*. Мемлекеттік құқыққа қатысты маңызды бір кітап, Сәрахси тарапынан шәрхы жазылып, ол алғаш рет Хайдарабадта (I-IV, 1335-1336), кейін Каирде (I-III, 1957-1960) басылған. Салахаддин әл-Мүнәж-

жидтің Каирде бастырған басылымы толық емес, 4 және 5-томдары Абдулазиз Ахмет тарапынан дұрысталып толық 5 томдық жинақ болып 1971 жылы Каирде басылған.

6. Әс-Сиярус-Сагир. Қазірге дейін жетпегендіктен бұл кітап жайлы әртүрлі көзқарастар айтылған. Кітап *әл-Асл* кітабының нұсқасы түрінде қазірге дейін жеткен деген көзқарас кездеседі.¹⁷ Сонымен қатар Шәйбанидың мұндай атаумен кітап жазғаны белгісіз. Захирур-риуая көзқарастарына сүйенетін мұхтасар және шәрхтарының авторлары да мұндай кітаптың болғандығы жайлы айтпайды.¹⁸

7. Кутабул-Әсар. Әбу Ханифа риуаят еткен, Ирак фикһ ғалымдары жақсы білетін хадистер мен кітаптарды қамтыған. Риуаяттардың көбі Әбу Юсуфтың *«әл-Әсар»* кітабы сияқты. Бұл да сол сияқты Әбу Ханифаның бір мүснәды бабында болғандықтан маңызды (бас. Абдулха әл-Ләкнәуи, Ләкнәу, 1883; Абдулазиз Мұхаммед Абдуррашидтің урду тілінде *«Фәйзус-Сәттар фи шәрхи китабил-Әсар»* деген кітабымен бірге, Лахор, 1309; бас. Әбул-Уәфа әл-Ауғани. Хайдарабад, 1385/1965; бас. Мұхаммед Абдуррашид ән-Нумани, Карачи, 1410/1990, Киямуддин Абдулбари әл-Ләкнәуидің әт-Таликул-Мұхтар

17 Айдын Таш, «Шәйбани, Мұхаммед ибн Хасан» *DĪA*, XXXIX, 40; аталып отырған мәтін *«әл-Асл»* кітабының ішінде «Әбуабус-сияр фи ардил-Харб» деген тақырыпта орын алған әтүрлі басылымдары бар (ауқымды кіріспемен қатар Ағылшын тіліне ауд. Мәжид Хаддури, *The Islamic Law of Nations: Shaybanis Siyar*, Балтимор 1966; Арабша бас. Мәжид Хаддури, Бәйрут, 1395/1975; Хаким әл-Мәруэзидің әл-Кәфи атты кітабының «сияр» бөлімін Ағылшынша ауд. Махмод Ахмад Гази, *Кутаб ал-Сияр әл-Сагир: The Shorter Book on Muslim International Law*, Исламабад, 1998; Парсы тіліне ауд. Хусайн Пиран, *Хукуки Рәуабити Бәйнәлмилләт дер Ислам*, Тегеран, 1389/2010).

18 Қар. Әйюп Саид Кая, Захирур-риуая; *DĪA*, XLIV, 101; Сонымен қатар қар. Хаддури, 41-42 бб.

ала китабил-Асар, Ибн Хажар әл-Аскаланидің «*әл-Исар би марифати риуаятил-Асар*» және «*Мұхаммед Абдулхалим әс-Санидің әл-Ихтияр фи тәртибил-Асар*» деген кітаптарымен бірге; урду тіліне ауд. Бас. Мұхаммед Сыддық Назаруи, Лахор, 2004; бас. Хадиша Мұхаммед Камил, Каир 2005; бас. Ахмет Иса әл-Масарауи, Каир, 2006; бас. Халид әл-Аууад, Дамаск 1429/2008).

8. әл-Хужжа ала әһлил-Мәдина. Шафиғидің «*әл-Үмм*» кітабында риуаят еткен бұл кітапта Әбу Ханифаның көзқарастары мен Мәдина ғалымдарының көзқарастары салыстырылады (Ләкнәу, 1888; бас. Саид Мәнди Хасан әл-Килани, I-IV, Хайдарабад, 1385-1390; Бәйрут, 1427/2006).

9. Китабул-Мәхариж уәл-Һиял (бас. J. Schacht, Leipzig 1930).

10. Зиядатуз-Зиядат. Сәрахси тарапынан «*ән-Нукат*» деген атпен жазылған шәрхымен Аттабидің шәрхы Әбул Уәфа әл-Ауғани тарапынан бастырылған (Хайдарабад, 1387).

11. Китабул-Кәсб (бас. Зүһәйл Зәккар, Дамаск, 1400/1980; Бәйрут 1417/1997, «*Рисалатан фил-Кәсб-тің*» ішінде; бас. Абдулфаттах Әбу Гудда, Халейф 1426/2005; «*әл-Иктисаб фир-Ризкил-мүстатаб*», бас. Махмуд Арнус, Каир 1416/1995; бас. Абдулла әл-Миншау, Каир, 1418/1998; бас. Ахмет Жабир Бәдран, Кувейт, 2004).

7. Әсәд ибн Амр әл-Бәжәли (190/806)

Әбул-Мунзир (Әбу Амр) Әсәд ибн Амр ибн Амир әл-Кушайри әл-Бәжәли әл-Куфи¹⁹.

19 Хатиб әл-Бағдади, VII, 16-19; Кураши, I, 376-378; Бәззәзи, 496 б; Ибн Кутлубоға 17 б; Ләкнәуи, *әл-Фәуәйдул-бәһия*, 44-45 б; Орхан Чекер «Әсәд ибн Амр» *DİA*, XI, 365-366 бб.

Әбу Ханифаның алғашқы он шәкіртінің бірі. Ибраһим ибн Жәрир, Мутарриф ибн Тариф, Язид ибн Әби Зияд, Рабиатуррей және Хажжаж ибн Өртаттан риуаят жеткізді. Одан Ахмет ибн Ханбал, Ахмет ибн Маниғ және Хасан ибн Мұхаммед әз-Зафәрани хадис риуаят етті. Аббаси Халифасы Харун Рәшид оған жақсы қарап қызына үйлендірген, Бағдатта (Әбу Юсуфтан кейін) қазы етіп тағайындаған. Сонымен бірге Уасытта да қазы болған.

8. Хафс ибн Ғияс (117-194/735-810).

Әбу Омар Хафс ибн Ғияс ибн Талк ән-Нәхайи әл-Әзди әл-Куфи²⁰.

Куфаға орналасқан Нәһа тайпасынан шыққан. Куфада дүниеге келіп сол жерде өскен. Әбу Ханифадан сабақ алды. Әбу Юсуф, Суфиян әс-Сәури және Хишам ибн Уруадан хадис үйренді, фикһ ілімін меңгерді. Одан Амет ибн Ханбал, Яхия ибн Майн, Әли ибн әл-Мәдини, Ысқақ ибн Раһуя және Әбу Нуайм риуаят жеткізді. Харун Рәшид дәуірінде Бағдатта екі жыл, Куфада он үш жыл қазылық жасады.

9. Уәки ибн әл-Жәррах (129-197/746-812).

Әбу Суфиян Уәки ибн әл-Жәррах ибн Мәлих ибн Ади әр-Руаси әл-Куфи²¹. Шыққан тегі Нисабур ауылдарының бірі немесе Суғд. Әкесі Куфада Бәйтулмал (қазына) жауаптысы болған. Әбу Ханифадан басқа Әбу Юсуф, Зуфәр,

20 Хатиб әл-Бағдади, VIII, 188-200; Ибн Халликан II, 197-201; Зәһәби, *Сияру аламин-Нүбәлә*, IX, 22-34; осы автор, *Тәзкіратул-хуффа*, I, 297; Кураши, II, 138-141; Ибн Хажар, *Тәһзиб*, II, 415-418; Ләкнәуи, а.к. 68 б; Саффет Көсе, «Хафс ибн Ғияс», *DIA*, XV, 118.

21 Ибн Сағд, VI, 344; Саймәри, 149 б.; Хатиб әл-Бағдади, XIII, 496-512; Зәһәби, *Сияру аламин-Нүбәлә*, IX, 140-168; Кураши, III, 576-577; Бәззази, 477-478; Ләкнәуи, а.к. 222-223; Сезгин, *GAS*, I, 96-97.

Суфиян әс-Сәури, Суфиян ибн Уйәйнә, Әузайи және Ибн Жүрәйждан оқыған. Суфиян әс-Сәуриден кейін оның орнын басқан. Одан Ибнул-Мүбәрәк, Яхия ибн Әксем, Ахмет ибн Ханбал, Яхия ибн Майн және Әли әл-Мәдини риуаят жеткізген. Әтбаут-табиунның ұлықтарының бірі болған Харун Рәшидтің қазылық ұсынысын қабыл алмаған. Қажылықтан қайтып келе жатып Мекке мен Куфа арасындағы Фәй деген жерде қайтыс болған.

Жарық көрген *«Китабуз-Зүһд»* (бас. Адуррахман Абдулжаппар әл-Фәриуайи, I-III, Мәдина 1404/1984; I-II, Рияд 1415/1994; Түрікше ауд. Әли Пекжан, Стамбул, 2010) деген кітабы мен хадис жинағы (*«Жүз фиһи хадису Уәки»* ибн әл-Жәррах, Көпрүлү кітапханасы Фазыл Ахмет Паша №400, 22-28; Дарул Кутубул Мысрия, Мәжами №3740, 130-135) қазірге дейін жеткен. Әл-Мусаннаф уәт-Тәфсирінен де кейбір кітаптарда пайдаланылған.

10. Әбу Мути әл-Бәлхи (199/814)

Әбу Мути Хакам ибн Абдулла ибн Мәсмәлә әл-Бәлхи²².

Әбу Ханифаның *«әл-Фиқһул-Әкбәр»* деген кітабын риуаят еткен. Бәлхта дүниеге келіп сол жерде өскен. Мәлік ибн Әнәс, Абдулла ибн Аун және Суфиян әс-Сәуриден риуаят еткен. Одан Ахмет ибн Майн, Халлад ибн Әсләм және басқалар риуаят еткен. Мекке, Мәдина және Куфада өмір сүрген. Бірнеше рет Бағдатқа барып, сол жерде хадис оқытқан. Кейбір көзқарастарына байланысты Жәһмия және Муржиялықпен айыпталған, хадис сарапшыларының сынына ұшырап, риуаяттары әлсіз деп саналған. Бәлхта он алты жыл қазылық жасап, 199 жылы

22 Хатиб әл-Бағдади, VIII, 223-225; Кураши, II, 142; Ләкнәуи 68 б; Сезгин *GAS*, I, 414; Л.А.Гиффен «Або Моти ал-Балки» *Encyclopedia Iranica*, Лондон 1983, I, 344-345; Мехмет Шенер, «Әбу Мути әл-Бәлхи» *DIA*, X, 194-195.

Жумазиэл-әууэл айының 12 (814 жылы 29 желтоқсанда) сол жерде қайтыс болған.

11. Хасан ибн Зияд (116-204/734-819)

Әбу Әли Хасан ибн Зияд әл-Әнсари әл-Лүлүйи әл-Куфи²³.

Әбу Ханифаның танымал шәкірттерінің бірі. Тегі Куфалық болғанымен Бағдатта өмір сүрді. Әбу Ханифаға тиесілі көзқарастарды жатқа білетін. Ибн Жүрәйждан 12000 хадис жеткізген. Әбу Ханифадан кейін танымал шәкірттері Зуфәр мен Әбу Юсуфтан, сонымен бірге Әбу Ханифаның ұлы Хаммад пен Дәуіт әт-Тайиден шарифат заңдарын оқыған. Одан Мұхаммед ибн Сәмаға, Мұхаммед ибн Шужа әл-Бәлхи, Исмайл ибн Хаммад және Шубә ибн Әйюб риуаят еткен. Хафс ибн Ғиястан кейін Куфада қазы болды (194/810), кейінірек бұл қызметтен босайды. «Лүлүйи» тегі маржан тастар сатушылығына байланысты. Үлкен фикһ ғалымы болуымен қатар хадис сыншыларының оны сиқа (сенімді) рауи (риуаят етуші) деп бағалауын кейбір ғалымдар дұрыс санамай, бұл жайлы сындарды мәзһаб ұстанымымен байланыстырды.

Кітаптары:

«Мүснәду Әби Ханифа», «әл-Мүжәррәд», «Әдәбул-Қади», «Китабул-Хисал», «Мәанил-Иман», «Китабун-Нәфақат», «Китабул-Харәж», «Китабул-Фарайз», «Китабул-Уәсая».

23 Ибнул-Әсир, *әл-Лүбәб*, III, 135-136; Зәһәби, *Нүбәлә*, IX, 543-545; Кураши, II, 56-57; Бәззази, 487-490 б; Ташкөпрузада, Мифтах, II, 256-257; Ләкнәуи, 60-61 б; Сөзгин, *GAS*, I, 433; Бәшир Ғөзубенли «Хасан ибн Зияд» *DIA*, XVI, 361-362.

12. Бишр ибн Ғияс әл-Мәриси (218/833)

Әбу Абдуррахман Бишр ибн Ғияс ибн Әбу Кәримә әл-Мәриси әл-Әдәуи әл-Бағдади²⁴.

Аз уақыт Әбу Ханифадан білім алғаннан кейін Әбу Юсуфтың дәрістеріне қатысып, оның танымал шәкірттерінің бірі болды. Әбу Юсуфтан арасында мақұл саналмайтын көзқарастар да орын алған көптеген риуаяттары жеткізген. Хаммад ибн Сәләмә мен Суфиян ибн Уйәйнәдан да риуаят жеткізген. Бастапқыда тақуа, байсалды адам болған. Кейіннен фәлсәфа мен кәләмға бет бұрған. Құранның жаратылғандығын алға тартты. Имам Шафиғимен арасында пікірталас болғаны сияқты Әбу Юсуф та оны жоққа шығарған. Мүржияның Мәрсия тармағын құрған деп саналып көптеген ғалымдар оны күпірлікпен айыптайды. Мәрси тегі Мысырдағы Мәрис ауылы немесе Бағдатта тұрған Дәрбул-Мәриске қатысты болса керек. 80 жас шамасында қайтыс болды.

Кітаптары:

«*Китабул-Иржа*», «*Китабур-Рәд алаал-Хауариж*», «*Китабул-Иститаа*», «*Китабу куфрил-Мүшиббаха*», «*Китабул-Мағрифә*», «*Китабул-Уәйд*».

24 Хатиб әл-Бағдади, VII, 56-67; Ибн Халликан, I, 277; Зәһәби, *Сияру аламин-Нүбәлә*, X, 199-203; Кураши, I, 447-450; Ләкнәуи, а.к. 54 б; Ахмет Сайм Кылауыз «Бишр ибн Ғияс» *DIA*, VI, 220-221.



ҮШІНШІ ТАРАУ
ХАНАФИ МӘЗҲАБЫ





I. ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ТАРАЛУЫ

Ислам территориясының кеңеюімен сан мыңдаған сахабалар аймақтарға таралып, жеткен жерлерінде адамдарға Құран мен сүннетті үйретіп, айналасына шәкірт жинап, білім берді. Абдулла ибн Мәсуд бастаған Әбу Муса әл-Әшғари, Сад ибн Әби Уаккас, Хузайфа ибн Иеман, Аммар ибн Ясир, Сәлман Фариси сияқты маңдайалды сахабалар Куфа қаласына орналасып, осы білім беру ісінде алдыңғы қатарда болды. Құран ілімін терең игерген Ибн Мәсудтың төрт мыңдай шәкірті болғандығы, Хазретіі Әли Куфаға келген кезінде оны осы қызметі үшін мадақтағандығы туралы дерек бар. Хазретіі Әлидің кезінде Куфа қаласы халифаттың орталығы болуы ғылымның дамуы одан әрі жетілдіре түсті. Осындай сахабалардың тәрбиесін көрген Алқама ибн Қайс, Мәсрук ибн Әжда, Амр ибн Шұрахбил, Абидә әс-Салмани, Әсуәд ибн Язид, Шүрәйх ибн Харис, Харис әл-Ағуәр, Сүлеймен ибн Рабиға секілді табиғун ғалымдар, олардың ізін басқан Ибраһим ән-Нәхайи, Әмир ибн Шәрахил әш-Шағби, Сайд ибн Жүбәйр, Қасым ибн Абдурахман, Абдуррахман ибн Әбу Ләйлә, Хасан Басри, Мұхаммед ибн Ширин, Қатада ибн Диямә, Хаммад ибн Әби Сүлеймен, Сүлеймен ибн Мүғтәмір, Сүлеймен әл-Ағмаш сияқты ғалымдар өздеріне мұраға қалған Құран мен хадис ілімін өз көзқарастарын білдіре отырып, одан әрі осылайша жетілдірді. Әмәуилер заманында Мәдинамен қатар Куфаның да екінші бір маңызды ғылыми орталыққа айналуына ықпал етті. Осы екінші буын табиғундар арасынан суырылып алға шыққан маңызды тұлғалардың бірі Ибн Аббас, Ибраһим ән-Нахайи, Әбу

Сйад әл-Худри, Әнәс ибн Мәлік сияқты сахабларға жолығып, олардан білім алған, сол аймақтағы ғылымды бойына сіңіріп, жетілдіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізген Ибраһим ән-Нахайи еді. Оның фикһ саласындағы ғылыми әдістері мен көзқарастары шәкірті Хаммад ибн Әби Сүлеймен арқылы Әбу Ханифаға жетіп, Әбу Ханифа мен оның шәкірттеріне ықпал еткен. Сахаба дәуірінен бастап Құран мен сүннеттен діни үкімдерді шығару мәселесінде, негізінен хадис риуаяттарына сүйенетін тәсіл белгілі еді. Ал енді осыған қоса Құран хадис мәтіндерін талдау және соның нәтижелерін әр алуан басқа да жағдайларға қолдану мәселесінде рәйға (өзіндік көзқарасқа) басымдық беретін ұстаным ретінде алғаш рет өзгеше көзқарас стилі жарыққа шыққан. Бұлардың алғашқысы «Әһли-хадис» (әһли-Хижаз), екіншісі «Әһли-рәй» (әһли-Ирак) деп аталған.

Осылай деп атау бір қарағанда, үкім шығару барысында алғашқы топ хадиске, екінші топ рәйға сүйенетіндігін білдіреді. Алайда мұны алғашқы топ рәйға мүлде жүгінбеген, екіншісі хадистерді назардан тыс қалдырған деп түсіну үлкен қателік. Өйткені ислам ғалымдары кітап (Құран) мен сүннеттің негізгі дәлел екендігін жақсы біледі. Осы қайнаркөздерде айқын үкім болған жағдайда алдымен сол негізге алынатындығы жөнінде бір ауыздан келіскен. Екі ұстаным арасындағы айырмашылық діни мәтіндерді (Құран мен хадис) негізгі дәлел ретінде қабылдау мәселесіне емес, оларды мәтіндерді дәлел тұрғысынан бағалау, түсіндіруге байланысты. Ешбір ғалым бір мәселеде сахих саналатын хадис бола тұра, оны қойып рәймен үкім бере алмайды. Хадис дәлеліне көбірек немесе азырақ жүгінуде маңызды фактор – хадистердің сенімділік дәрежесін қабылдау шарттарындағы көзқарас қайшылықтары болған. Бір мәселеде аят немесе хадис болмаған жағдайда рәймен үкім беру, әдетте, барлық фикһ

ғалымдарының ұстанған тәсілі. Екі топтың ұстанымдары біреуінің іс-жүзінде көбірек хадиске, екіншісінің көбірек рәйға жүгінуін тудырған. Бұл жағынан алғанда барынша қарапайым әрі гомогенді қоғамдық өмір басым болған Мәдиналық ғылыми ортаның сүннет пен хадис риуаяты тұрғысынан мүмкіндігі жоғары болған. Ал көптеген ұлттар, діндер және мәдениеттер жиналған, әлеуметтік қатынастары әр алуан Куфа аймағында, хадисті түсіну мүмкіншілігі аз. Сондықтан онда хадистерді қабылдау тұрғысында барынша мұқият болу мәжбүрлігі маңызды рөл ойнаған. Ирак ғалымдары басқалар дәлел ретінде қабылдаған кейбір хадистерді өздерінің қойған қабылдау шарттарына сай келмеуіне байланысты дәлел ретінде алмаған. Оның орнына басқа риуаяттарды алған. Хадистермен не болмаса Құран аяттарымен қайшылықтағы кейбір хадистерді алмай, басқа дәлелдерге жүгінген. Кейде Хижаз өлкесіндегі ғалымдардың білетін хадистері оларға жетпеген болуы мүмкін, сол себептен туындаған жаңа мәселелерді шешуде рәйға жүгінген.

Осылайша Ирак өлкесінде қалыптасқан фикһ түсінігі мен дәстүрі Ибраһим ән-Нәхайиден (ө.96/714) бастап Ирак фикһы «әһли-рәй» аталып, қалыптасқан ортасы болсын ұстаз-шәкірт байланысы арқылы осы ғылыми ұстаным Әбу Ханифадан мирас болып, кейіннен ол негізін қалаған мәзһабтың ұстанымына айналған. Әбу Ханифа мәзһабын қалыптасуы мен таралуында, мұра еткен осы ғылыми потенциалмен қатар шәкірттерінің қызметі, көзқарастарының жүйеленіп, жинақталып жазылуы, қазылық-ресми мәзһаб қолданысы сияқты көптеген себеп-бер ықпал жасаған¹.

а) Шәкірттерінің қызметі. Өз заманында Ирак фикһының ең әйгілі өкілі болып саналған Хаммад ибн

1 Қар. Әли Бардакоглу «Ханафи Мәзһабы» DİA XVI, 2-9.

Әби Сүлеймен (ө.120/738) қайтыс болғаннан кейін Әбу Ханифа (р.а) оның орнына дәріс бере бастады. Куфа сияқты әртүрлі мәдениеттерді ұстанатын өлкелердің арасында көпір қызметін атқарған орталықта шамамен отыз жылдай дәріс береді. Оның осы мекебінде оқыған, одан фикһ үйренген шәкірттерінің саны бірнеше мыңға жеткендігі айтылады. Әбу Юсуф, Мұхаммед ибн Хасан әш-Шәйбани, Зуфәр ибн Хузәйл, Хасан ибн Зияд бастаған алдыңғы қатарлы шәкірттері Ирақ фикһының жетілдіріліп, жүйеленуінде маңызды рөл атқарған танымал мүжтәһидтер еді. Бұлардан білім алған шәкірттер, әсіресе, Хорезм, Батыс Түркістан, Хорасан, Мәуераннахр сияқты тұрғындары исламды жаңа қабылдаған өлкелерге барып ұстаздарының көзқарастарын таратып, танылуына қызмет етті. Кейбір деректерде Әбу Ханифаның 800-ге жуық шәкірттерінің есімдері, олардың туған жерлері мен қалалары айтылады². Осы шәкірттерінің жартысына жуығы Ирақ өлкесінде (Куфа, Басра, Бағдат) қызмет етсе, маңызды бір бөлігі барған жерлерінде мектеп қалыптастырып, шәкірт тәрбиелеген немесе қазы болып қызмет атқарып Әбу Ханифа фикһының танылуы мен таралуын қамтамасыз еткен.

ә) Жазба жұмыстары. Ханафи мәзһабының қалыптасуы мен таралуындағы тағы бір маңызды фактор – Әбу Ханифа мен оның шәкірттерінің білім беру қызметінің нәтижесінде жинақталған фикһқа қатысты көзқарастары сол кездің өзінде-ақ жүйеленіп жазыла бастауы еді. Одан бұрын да кейбір ғалымдардың көзқарастары шағын еңбектерде жинақталғанымен фикһ ілімі алғаш рет Әбу Ханифа мен шәкірттерінің қолымен ауқымды әрі жүйелі түрде жазылған. Әбу Ханифаның мүжтәһид деңгейіндегі қырық шәкіртінен құралған ғылыми кеңесте фикһ

2 Қар. Бәззази, 491/518.

мәселелері талқыланып, ортаға салынған көзқарастар пісіп жетілдірілгеннен соң жазылып отырған. Содан соң Зуфәр ибн Хузәйл, Әбу Юсуф, Дәуіт әт-Тағи, Әсәд ибн Амр әл-Бәжәли, Юсуф ибн Халид әс-Сәмти, Яхия ибн Зәкәрия, Әбу Мути әл-Бәлхи, Нұх ибн Әби Мәриям, Мұхаммед ибн Уәһб, Афия ибн Язид сияқты таңдаулы фикһ ғалымдарынан тұратын он кісілік ұжым тарапынан реттеліп, таратылатын³.

Ханафи фикһын жүйелеп кітапқа айналдыру тұрғысында Әбу Юсуф пен Мұхаммед ибн Хасан әш-Шәйбани маңызды рөл атқарған. Әбу Юсуфтың бүгінге дейін жеткен төрт кітабы, Имам Мұхаммедтің «Захирур-риуая», «Надирур-риуая» атты кітаптары Ханафи фикһының түпкі дереккөзі болып саналады. Әбу Ханифа мен оның мүжтәһид шәкірттерінің кітаптары, олардың шәкірттері Исмайыл ибн Хаммад, Әбу Сүлеймен әл-Жүзжани, Әбу Хафс әл-Кәбир, Бишр ибн Ғияс әл-Мәрисси, Иса ибн Әбан, Ибн Сәмаға, Бишр ибн Уәлид әл-Кинди, Яхия ибн Әксам, Хилал әр-Рәй сияқты кейінгі буын тарапынан басқа өлкелерге таралды. Сонымен бірге олар жаңа кітаптары арқылы Ханафи фикһының жазылуына мол үлес қосты.

Ханафи фикһының Иракпен қатар әлемнің басқа өлкелерінде де ауқымды кеңінен қолдау тауып таралуында мәзһаб имамы мен шәкірттерінің осындай шариғи көзқарастарын жазу қызметімен қатар, кейінгі мәзһаб ғалымдарының басқа мәзһаб өкілдерімен өткізген ғылыми пікір таластары нәтижесінде жазылған кітаптар да маңызды ықпал еткен. Бұл еңбектерде көбінесе, мәзһаб көзқарастарының қорғалуына және ондағы фикһ тәжірибесінің сүйенген тәсілдері мен шарттарын анықтауға басымдық берген.

3 Әбу Зәхра, 194 б; Кая, *Ханафи Мәзһабында Нәуәзил әдебиетінің пайда болуы*, 9-16 б.

б) Қазылық және ресми мәзһаб қолданысы. Аббаси халифасы Харун Рашидтың Әбу Юсуфты мемлекеттің барлық сот жүйесінде қызмет алатын қазыларды тағайындауға ықпалы жүретін бас қазы (қадил-құдат) қызметіне тағайындауы Ханафи мәзһабының сол кездегі ислам территориясына танылуына және таралуына мүмкіндік берді.

Әбу Юсуф он алты жылдық қазылық және бас қазылық қызметінде қазыларды тағайындауда өзімен қатар Әбу Ханифаның дәрісіне қатысқан, өзі жақсы танитын адамдарға басымдық беруі, бір мәзһабты ұстану түсінігі шықпай тұрған кезде барынша орынды болған. Оның осы ісі де, Ханафи мәзһабының халық арасында танылып таралуына әсер еткен. Қазылардың осы мәселедегі орны өз мәзһабтарын аймақ тұрғындарына тану түрінде емес, өздері өкілі болып саналатын Ирак фикһының әдістері мен үкімдерін тарату түрінде болды. Әбу Юсуфтың атқарған қызметтерімен қатар Әбу Ханифаның шәкірттерінің басым бөлігі бұрын Ирактың Куфа, Басра, Бағдат, Уасит, Ракка қалаларымен қатар Мәру, Рәй, Хорасан, Бәлх сияқты сол кездегі ислам территориясының әртүрлі орталықтары мен аумақтарында қазылық қызмет атқарған.

Әбу Юсуфпен басталған бас қазылық қызметі әсіресе Ирактың шығысындағы ислам территориясында Ханафи мәзһабының таралуында қызмет атқарған Аббасилер, кейін Зәнгилер, Әйубилер және Мәмлүктер дәуірінде Сирия мен Мысырға тағайындалған Ханафи қазыларының үлес қосуымен осы өлкелерде де танылып, қолдау тапқан.

в) Басқа себептер.

Бұл айтылғандармен қатар бір мәзһабтың белгілі бір аймақта өркендеп, қанат жаюына ықпал ететін басқа да себептер бар. Бұлардың қатарында мешіттер мен

медреселердегі білім беру ісі, мәзһаб пайда болып дамыған орталық, бұл орталықтың қажылық жолында немесе өлкелер арасындағы қарым-қатынастағы орналасу жағдайы және аталған мәзһабтың фикһи көзқарастары, ұстанымдарымен сол аймақтағы әлеуметтік-мәдени, экономикалық және саяси шарттардың бір-бірімен үйлесімділігін айтуға болады.

Бұрын жағдайға байланысты айлап тіпті жылдап жасалатын қажылық сапарымен бірге, әсіресе, ғалымдар мен білім іздеушілер үшін білім іздеу, алу мүмкіндігін қамтамасыз етуі жол үстіндегі мәзһаб орталықтарының ықпалын нығайтуда маңызды фактор болған. Осы тұрғыдан қарағанда, Ханафи мәзһабы пайда болған Иракта жақтастарының басым болуы Ирактың Ислам территориясының шығыс өлкелерінен қажылыққа Хижазға келетіндердің жолының үстінде орналасуы да Ханафи мәзһабының осы өлкелерде таралуына маңызды ықпал еткен. Сондай-ақ Солтүстік Африкадан қажылыққа келушілердің Хижазда алғаш тұрақтайтын орындарының Мәдина болуы да осы өлкеде Мәлики мәзһабының таралуына белгілі бір мөлшерде әсер еткен деуге болады.

Қалыптасқан әлеуметтік-мәдени шарттар, өмір сүру ерекшелігі, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар бір қоғамның белгілі бір фикһи мәзһабқа бет бұруында маңызды рөл ойнаған. Осы тұрғыдан Орталық Азия, Үндістан, Кавказ, Анатолия, Балқан сияқты жаңадан ислам территориясына қосылған аймақтардың араб емес тұрғындары, әртүрлі мәдениеттер тоғысында пайда болған Ханафи мәзһабын өздерінің әлеуметтік қалыптарына қолайлы көріп, ұстанулары табиғи нәрсе. Сол сияқты Хижаз-Араб қоғамының құрылымын бейнелейтін Мәлики мәзһабы, өзіне ұқсас қоғамдық қалыптың басым болған Солтүстік Африкада қолдау тапқан.

II. ТАРАЛҒАН ТЕРРИТОРИЯСЫ

Имам Әбу Ханифаның шәкірттері мен олардың ізбасарларының білім беру және жазба жұмыстары Аббаси мемлекетінің бас қазылық және ресми мәзһаб қолданысынан бастап жоғарыда атап өткен әртүрлі себептердің нәтижесінде Ханафи мәзһабы Ирак өлкесінен кейін Орталық Азия мен Үндістан құрлықтарының көптеген аймақтарына таралған.

Түркілер Х-ғасырдан бастап сатылы түрде топ-тобымен мұсылмандықты қабылдаған кезде, алдымен Мәуераннахрдағы Сүнни мұсылман халықтармен байланыс құрғандықтан сол өлкеде кең таралған Ханафи мәзһабын қабылдаған. Сол себепті кейбір Түркі тайпалары мен елдерін қоспағанда тарихта құрылған түркі мемлекеттерінде басшылар, табиғи түрде халықтың басым бөлігінің ұстанымын ескеріп, діни-саясатты соған қарай бейімдеп отырған. Мәуераннахрда қарахандықтар тұсында (225-608/840-1212) Ханафи мәзһабының гүлденген дәуірі болды. Құран Кәрім түркі тіліне алғаш қарахандықтар кезеңінде аударылды. Осы тарихи дамудың заңды нәтижесі ретінде Орталық Азиядан Анатолияға келген түрік тайпаларының басым көпшілігі Ханафи мәзһабын ұстанатын. Шығыс және Оңтүстік шығыс бөлігінде бұрын қоныстанған Шафий мәзһабын қоспағанда, Анатолияда Ханафи мәзһабынан басқа сүнниттік мәзһабтар таралмаған, арагидік Ханафи және Малики мәзһабтарын ұстанатын ғалымдар мен тасаууф өкілдерінің барыс-келісі, тіпті бір кездері Анатолияда өмір сүргендігіне қарамастан белгілі ортадан сыртқа шықпауы, не болмаса ұзақ уақыт қала алмауы себепті бұл мәзһабтар орныға қоймаған.

Селжук мемлекеті (431-552/1040-1157) Таяу Шығыстан Орталық Азияға дейінгі үлкен территорияға иелік ете отырып, Ислам әлемінің саяси билігін қо-

лына алғаннан кейін ел ішінде Фатими шииттер мен ел сыртында византиялықтармен күресті негізгі стратегия ретінде бекіткен. Фатими шииттер мен буайхилерге қарсы сүнниттік исламның қамқоршысы болған. Басқа да түрік патшалары сияқты Селжук билеушілері де Ханафи мәзһабында болған. Селжук билеушісі Туғрул Бей Нишабур, Исфахан, Хамадан сияқты бұл мәзһаб танымал болмаған өңірлерге ханафи қазы тағайындап, ел аумағында мәзһабтың күшеюінде маңызды рөл атқарған. Селжуктар 1055 жылы Бағдатты алған кезде қайтыс болған Шафиғи ғалымы Ибн Макуланың орнына Ханафи ғалымы Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Әли әд-Дамаганиді бас қазылыққа тағайындаған болатын. Ханафи мәзһабының негізгі таралған аумағы Бәлх, Рәй, Бұхара, Самарқанд, Исфижаб және Нишабур сияқты Хорасан мен Мәуераннахрдың маңызды қалалары болса Дамеганидың отыз жыл жалғасқан қызметі кезінде (447-478/1056-1085) Ханафи мәзһабы Анатолияның оңтүстік шекарасы болып саналатын Ирак аймағыда да күшейіп, таралған болатын. Екінші бір үлкен сунниттік мәзһаб болып саналатын Шафиғи мәзһабы, көбінесе, Хижаз бен Мысырда таралумен қатар кейіннен Сирия және Ирак аймақтарында ықпалды жағдайға жеткен. Шафиғилер бұл жерлерде Ханафилермен бірге пәтуа және білім беру мәселесін бөлісе бастауы Селжук кезеңіне тұспа-тұс келеді. Фатимилер ашқан Әзһар медресесінде оқыған шиалық-батиниттік дағуатшылардың қызметіне қарсы селжуктар, Низамия медресесін салғызады. Шииттік үгіт Хижаз және Сирия сияқты араб тұрғыны басым аймақтарда кең таралуына байланысты Ханафи селжуктар араб қоғамына жақын келетін Шафиғи мәзһабының негіздері бойынша білім беретін осы медресені ашып шииттік үгіттік жұмыстарының алдын алуды көздеген. Харамайн имамы әл-Жувайни, Әбу Ысқақ әш-Ширази, Әбу Бәкір Мұхаммед ибн

Ахмад әш-Шаши, Имам Ғазали, Илкия әл-Харраси және Мұхаммед ибн Яхия ән-Нисабури сияқты тұлғалар осы медреселерде білім берген⁴.

Зәңги билеушісі Нуриддин Махмуд Зәңгидің Ханафи мәзһабының Сирия мен Мысырда таралуына маңызды үлес қосқан. Осы мәзһаб фикһының оқытылатын медреселердің санын арттырып, шығыс аймақтардан Ханафи ғалымдарын әкелген. Салахаддин Әйуби де Каирда Ханафилерге арналған медресе ашып, VII (XIII) ғасырдың ортасына қарай Ханафи мәзһабы осы өлкеде басқа фикһ мәзһабтарының деңгейіне жеткен. Бірақ Әйубилер VI (XII) ғасырдың екінші жартысынан бастап Каирдегі бас қазылық қызметке Шафиғи ғалымдарын тағайындаған, Сирияда да Шафиғилер ерекше қамқорлық көруі себепті білім беру мүмкіндігі тұрғысынан да әрі ұстанушылар саны жағынан да Ханафи мәзһабы екінші орынға шегінген⁵. Мәмлүктер дәуірінде де осы ұстаным жалғасын тауып, Каирде бас қазылыққа төрт мәзһабтан да тағайындаулар болғанымен Ханафи бас қазысы мансап жағынан Шафиғи бас қазысынан кейін болған. Төрт мәзһабтан да бас қазы тағайындау тәсілі Мәмлүк сұлтаны Бейбарыс дәуірінде Каирмен қатар Дамаскте де қолданылған. Қазылық және ресми мәзһаб қолданысы кейіннен Селжуктар және Османлылар дәуірінде де дами отырып жалға-

4 Ханафи мәзһабының таралуында Селжуктардың рөлі хақында толық мәлімет алу үшін қар. Адем Арыкан, «Ұлы Селжуктардың Ханафиларды қолдауы және Ирактық Селжуктар сұлтаны Мәсудтың қызметтері» *Арашан әлеуметтік ғылымдар институты ғылыми журналы*, №5-6, Бишкек 2008, 153-164 бб.

5 Зәңгилер мен Әйубилер кезеңінде Ханафи мәзһабының Сирияда таралуы мәселесі бойынша қар. Daniella Talmon-Heller, “Fidelity, Cohesion and Conformity Within Madhhabs in Zangid and Ayyubid Syria”, *The Islamic School of law: Evolution, Devolution and Progress*, ed. Peri Bearman, Rudolph Peters, Frank E. Vogel, Cambridge 2005, 94-116.

сын тапқан. Ханафи мәзһабының кеңінен таралуының ең басты себептерінің бірі осы болған.

Селжуктар Анатолияға келген кездерінде өлкеде Шафиғи мәзһабы кең таралған. Астанасы Кониядағы медреселердің көбінде Шафиғи-Ашғари мәзһабтары бойынша білім берілетін. Фахруддин Разидің көптеген шәкірттері Кония, Малатия және Сивас сияқты қалаларда қызмет ететін еді. Осы үш қаланың қазысы Сиражуддин әл-Урмауи Шафиғи мәзһабында болатын. Садреддин Коневі, Мұхиддин Ибнул-Арабиден бастап алдымен Малики ғалымдарынан білім алып кейін Ашғари-Шафиғи мәзһабына тұрақтаған. Әсіресе монғол басқыншылығымен бірге Мәуераннахрдан Ханафи-Матуриди мұсылмандардың келуімен Анатолияда мәзһаб басымдығы Ханафилердің пайдасына өзгеріп, уақыт өте келе ең көп таралған мәзһабқа айналып, Шафиғилік екінші деңгейге түскен. XI ғасырдың соңынан бастап Анатолияда құрылған мемлекеттердің (Анатолия биліктері) барлығы да Селжуктықтар сияқты әртүрлі тарихи-мәдени себептерге байланысты Сунниттік исламды қабылдап, әлеуметтік өмірде сол бағытты ұстанды. Саяси және қоғамдық тұрғыдан Анатолия Селжук мемлекеті мен биліктердің табиғи жалғасы ретінде тарих бетіне шыққан Османлы империясы да құрылғанынан бастап мәдени-қоғамдық құрылым талаптарына сай Сүнни-Ханафи бағытын ұстанды. Мемлекеттің ұстанған тепе-теңдік саясатының арқасында дін және мәзһабтағы айырмашылықтар әлеуметтік қақтығыс себебі болмаған. Әртүрлі дін өкілдерінің арасында, әрі әртүрлі мәзһаб, тариқат өкілдері бірге өмір сүру үшін барлық жағдайды жасауға тырысқан. Османлы қоғамында, негізінен, Сунниттік көзқарас басым болған. Мемлекеттің құрылымын да сол бойынша қалыптастырған. Сот жүйесі, медресе мазмұны, діни мекемелер басымдықта

бола отырып Сунни-Ханафи түсінігі бойынша жүйеленген.

Анатолия Селжуклары мен Османлылары Ханафи мәзһабын ұстанумен қатар XVI ғасырға дейін бұл мәзһабты шектейтін ресми ұстаным байқалмаған, осы кезеңнен бастап қазылар мен мүфтилердің Ханафи мәзһабы бойынша үкім беру міндеті негізінде тек Ханафи қазыларға қатысты болған, Шафиғилер тұратын аумаққа қатысы жоқ. Сондай-ақ Мекке, Мәдина, Алеппо, Иерусалим, Каир сияқты халықтың басым бөлігінің басқа мәзһаб өкілдерінен тұратын жерлерде басшылық орнындағы Ханафи бас қазысымен қатар басқа мәзһабтардан да қазылар және мүфтилер тағайындалып, әрбір мәзһаб өкілінің өз мәзһабының үкімдері бойынша амал етуге мүмкіншілік берілген. Селжуктық және Османдықтардағы бұл тәжірибе Ханафи мәзһабының таралуына қызмет еткенімен, осы мемлекеттердің басшылары тікелей бұл мәзһабты барлық елдің территориясында басым қылу сияқты мақсатты көздеген деген сөз емес. Бұл ресми мәзһаб қолданысы, басқа ислам елдерінде де байқағанымыздай, негізінен, сол жерде басым халықтың мәзһабын назарға алып, сол себепті әлеуметтік қажеттілік пен сұранысқа байланысты болған⁶.

Үндістанда билік құрған Газнауиттер (963-1186), Дели Сұлтанаты (1206-1526), Бабурлар (1526-858) сияқты түркі мемлекеттердің барлығы дерлік Ханафи мәзһабын ұстанып қолдағаны үшін Пәкістан, Бангладешті қоса

6 Ханафилардың Османлыларда ресми мәзһаб ретінде қолданылуы тұрғысында қар. Rudolph Peters, “What Does it Mean to be an Official Madhhab? Hanafism and the Ottoman Empire”, *The Islamic School of Law: Evolution, Devolution and Progress*, ed. Peri Bearman, Rudolph Peters, Frank E. Vogel, Cambridge 2005, p. 147-158.

бұл аймақта мұсылмандардың басым көпшілігі Ханафи мәзһабын ұстанады. Тарих бойы бұл аймақта діни білім беру, заң, билік және әлеуметтік өмір Ханафи мәзһабының үкімдері бойынша жүйеленген. Үнді-түркі мемлекеттерінде іс-жүзінде қолданыста болған ислам сот және билік жүйесінің негізін құраған, ағылшын қол астына кіргенге дейін Үндістанда Ислам құқығының қолданылуында маңызды дереккөз болған, сол себепті ағылшын прокурорлары тарапынан да баға көрген әл-Фэтауал-Хиндия, Шах Жиханның Үндістанда елу жылдай салтанат құрған ұлы Сұлтан Әуранзиб Әлемгирдің (1658-1707) бұйрығымен Бурханпурлық Шәйх Низам (ө. 1090/1679) басшылығымен қалыптастырылған ғалымдар кеңесінің ортақ еңбегімен 664-1672 жылдары әзірленген.

Ханафи мәзһабы аз танылған, аз таралған өлкелер — Солтүстік Африка және Андалусия. Бастапқыда Андалусияда Мәликилермен қатар Ханафи мәзһабы да таралған. Кейіннен Мәлики мәзһабы қолдау көрген кезде Ханафи мәзһабы әлсіреген. Осы кезде Ханафи мәзһабының Сицилияда күшті болуы назар аударарлық. Солтүстік Африкада Ханафи мәзһабының алғаш рет Әбу Ханифаның шәкірті Абдулла ибн Фәррух (ө.175/791) тарапынан танытылуы, Мұхаммед ибн Хасан әш-Шәйбанидің кітаптарының Мәлики фикһының жазылуында маңызды рөл атқарған Каираун қазысы Әсәд ибн Фурат тарапынан таратылғандығы айтылады. Ханафи мәзһабы V. (XI) ғасырдың басына дейін Солтүстік Африкада белгілі бір мөлшерде таралуымен қатар аймақта уақыт өте келе Мәлики мәзһабы басымдық алған. Бірақ Османлы билігінің орнауымен қатар аймақта кең таралған Мәлики мәзһабымен қатар Ханафи мәзһабы да ресми түрде қолдауға ие болып, белгілі бір деңгейде таралған. Әскерлермен бірге Османлы елінің басқа аймақтарынан көшіп келген адамдардың есебінен Ханафилердің саны артып, мешіт-

тер мен медреселерде Ханафи фикһы оқытыла бастаған. Туниста басынан XX ғасырдың ортасына дейін Тургут, Баруди, Хожа, Баярима сияқты танымал Ханафи ғалымдары әулетінен көптеген адамдар мүфти болған. II. Мұхаммед Байрамның (1749-1831) *«Манзума фил-Мүфтин әл-Ханафия би-Тунис»* деген кітабында сол кезде қазылық қылған Рамазан Ефендиден (1020/1611) өзіне дейін Түрік кезеңінде Туниста қызмет атқарған 21 Ханафи мүфтилерінің тарихы жазылған⁷.

Қазіргі кезде әлем мұсылмандарының жартысынан көбі Ханафи мәзһабын ұстанады. Түркия, Балқан, Босня-Герцаговина, Тәжікстан, Ауғанстан, Хорасан, Белужістан, Үндістан, Пәкістан, Бангладеш-Қырым, Азірбайжан, Кавказ, Уфа, Орал, Сібір және Түркістан Түркілері, сонымен бірге Украина, Тибет, Қытай, Манжурия, Жапония, Бирма, Тайланд, Непал, Моритус сияқты өлкелерде мұсылман тұрғындардың басым көпшілігі Ханафилер. Ефиопия, Сирия және Ирак сияқты елдерде маңызды мөлшерде Ханафи тұрғындар бар. Йемен, Хижаз, Мысыр, Палестина, Зимбабо, Сингапур, Шри-Ланка, Фас, Туниста Ханафилардың саны барынша аз мөлшерде.

III. ӘДІСТЕМЕСІ

Мәзһаб имамдарының әдістері мен көзқарастарының қалыптасуында жеке ұстанымдары және қабілеттерімен қатар өскен ортасы және сол кездегі шарттар, айналасында басым ықпалға ие рәй және ижтиһад түсініктерінің де ықпалы болғандығы күмәнсіз. Әбу Ханифаның фикһи ұстанымдары мен көзқарастарына өз заманындағы Ирактағы рәй мектебінің өкілі болып саналатын Ибраһим ән-Нәхайи мен Хаммад ибн Әби Сүлейменнің ықпалын

7 Мұхаммед Ибнул-Хожа, 211-217 бб.

көруге болады. Бірақ алғашқы кезінде ұстазы Хаммад, сол арқылы Ибраһим ән-Нахайидің рәй көзқарастарына барынша тәуелді болғанымен ұстазы қайтыс болғаннан кейін ширек ғасырдан астам уақыт ішінде әһли-хадис өкілдерімен де байланыс орнатып, Харамайн және Әһли-Бәйт ғалымдарынан пайдаланып, осылайша өзгеше көзқарастарды өз бойына жинақтау мүмкіндігіне ие болған. Өзі өмір сүрген өлкенің, қарапайым өмір кешкен Хижаз өлкесінен өзгеше космополиттік әлеуметтік-мәдени болмысы да оның әдістемесі мен ижтиһадтарының осы жағдайға сай қалыптасуына ықпал еткен.

Әбу Ханифаның ижтиһад ұстанымы мына бір сөзінде жинақталған: «Біз алдымен Алланың кітабынан аламыз. Одан таба алмасак Хазретіі Пайғамбардың сүннетін қараймыз. Ол жерде де таба алмайтын болсак, сахабалардың бір ауыздан қабылдағанын аламыз. Көзқарас қайшылығы болса, қалағанымыздың көзқарасын аламыз. Басқалардың көзқарасын оларға айырбастамаймыз. Тек Хасан Басри, Ибраһим ән-Нахайи, Сайд ибн Мүсәй-яб сияқты табиғун ғалымдарына келер болсак, олардың ижтиһадына тәуелді емеспіз. Біз де олар сияқты ижтиһад ете аламыз. Араларында ортақ себеп болса, бір үкімді екіншісіне қияс қыламыз»⁸. Сондықтан ол үкім шығарған кезде ретімен Кітап, Сүннет және сахабалардың келісімін (ижма) негізге алып, сахабалардың ортақ көзқарасы болмаған мәселелерде осы көзқарастардан ең дұрысын қабылдаған, Ал табиғун ғалымдарына келгенде, мүжтәһид ретінде өзін олардың көзқарастарына тәуелді санамаған, өз көзқарасы бойынша қуатты деп санаған дәлел бойынша үкім беретіндігін айтқан. Кітап, сүннет және ижмада үкімі табылмаған мәселелерде қияс,

8 Сәймари, 10 б; Ибн Әбил-Ауам, 97-98 б; Мәкки, I, 73-74; Ибн Хажар әл-Хайтами, 26-27; Әбу Зәһра, 239-230; Пекжан 134 б; Думан, 86 б.

истихсан, ғұрып сияқты дәлелдерге жүгінген. Әсілінде негізгі шариғи дәлелдер арасында басымдық берудің ретінде Ханафи мәзһабы мен басқа мәзһабтар арасында айта қоярлық айырмашылық жоқ.

Тікелей уахиға сүйеніп, тәуатур жолдармен жеткендіктен, Құран Кәрімнің нақтылығында еш күмән жоқ. Сондықтан Құранның бірінші дәрежедегі діни білім мен үкім көзі екендігінде фикһ ғалымдарының арасында көзқарас қайшылығы жоқ. Сүннет – өзге мазһабтар секілді Ханафи мәзһабында да кітаптан (Құраннан) кейін орын алатын шариғи дәлел. Фикһ ғалымдарының көбі нақылдық (риуаят) тұрғысынан сүннетті мұтауатир және ахад деп екіге бөлсе, Ханафилар осы екеуімен қатар мәшһүр сүннет деп үшінші бір категория қосады. Мұтауатир сүннеттің нақтылығын білдіре алатындығына; әрі акида, әрі амал тұрғысынан нақты дәлел екендігіне фикһ ғалымдары бір ауыздан келіскен. Ханафилардың пікірінше, мәшһүр сүннет нақты мәлімет бермейді, бірақ нақтыға жақын (илмут-туманин) мәлімет береді. Олар да, ислам ғалымдарының басым бөлігі де ахад сүннеттің (уахид хабар) білімді емес, ойды білдіреді деп санайды. Сондықтан сенім (акида) мәселесінде дәлел болмағанымен қатар амал мәселесінде кейбір жағдайларда дәлел ретінде алынуы және онымен амал жасалуы қажет. Хадистердің басым көпшілігі ахад түрінде риуаят етілуі, риуаят тізбегіндегі үзіліс немесе рауилерге (хадис жеткізушілер) қатысты айтылған сындар, хадис мәтіндерінде көп мағыналы сөздердің болуы сияқты себептермен хадистің қабылдануы, онымен амал ету және оған қайшы ижтиһад жасау тұрғысынан әртүрлі көзқарастар тудырған. Ханафилар сахих хадис болған жағдайда және оған қайшы келетін басқа күшті дәлел болмаған жағдайда сол хадиспен амал етіп, хадис пен қияс қайшылыққа түскен жағдайда қағида ретінде хадисті таңдаған. Бірақ

хадистерді қабылдау немесе түсіндіру мәселесінде басқа ғалымдардан өзгеше кейбір шарттарды алға тартады. Ханафи мәзһабында ахад хадистің дәлел ретінде қабылдануы үшін Құран мен жұртқа мәлім сүннетке қайшы болмауы, оны Хазреті Пайғамбардан риуаят еткен адамның осы риуаятқа қайшы амал жасамаған не пәтуа бермеген болуы керек. Сондай-ақ ахад хадистің күнделікті өмірде жиі кездесетін, яғни қоғам арасында көпшілік тарапынан білуі қажет мәселе жөнінде болмауы, жеткізген рауи (адам) фикһ ғалымы болмаса, ахад хадистің қияспен шарифат негіздеріне қайшы болмауы сияқты шарттар қойылған. Басқа мәзһаб фикһ ғалымдары және хадис ғалымдары алға тартқан осы шарттар себепті Әбу Ханифа мен шәкірттерін хадиске көп көңіл бөлмейтіндігіне қатысты сын айтқан. Бірақ сол өлкенің әртүрлі ұлт, дін, мәдениеттерді тоғыстырған космополиттік ерекшелігі, әлеуметтік байланыстардың жүйесіз болуымен қатар Мекке мен Мәдинамен салыстырғанда сүннет мәліметтерінің аз болуы оларды хадиспен амал ету тұрғысында барынша мұқият болуға итермелеген. Әбу Ханифаның хадиспен амал ету тұрғысында мұқият болуының тағы бір себебі, сол өлкеде жалған хадис жеткізу ісінің кең таралған болуы. Сол себепті оған қиясты аят хадистен артық санайды, ахад хадиспен амал етпейді, хадис жөнінде білімі аз деген секілді сындар айтылғанымен, бұлар оны қате түсінгендіктен немесе бір мәзһабты өзгелерден артық көруден туындаған. Әбу Ханифа бір мәселеде пәтуа беріп, оған сол көзқарасына қайшы сахих хадис жеткен жағдайда, күмәнсіз оны негізге алып, өз пәтуасынан бас тартқан. Ол мүрсәл хадистерді де дәлел ретінде қолданған. Әбу Ханифа тең жартысы ұстазы Хаммадтан, жартысы басқа ұстаздарынан 4000 хадис риуаят еткендігі, дәлел ретінде қолданған хадистерін қырық мың

риуаяттың ішінен таңдағандығы айтылғаны сияқты⁹ оның ижтиһадта негізге алған хадистерін бағалауға және анықтауға қатысты кітаптар да жазылған¹⁰.

9 Мәкки, I, 84-85; Әбу Ханифаның хадис тұрғысындағы еңбегі, ұстанымы және қызметі, осы мәселеде оған қарсы айтылған сын жөнінде кеңірек мәлімет үшін қар. И. Хаққы Ұналдың библиографияда айтылған кітабы мен мақаласы; Мехмет Өзшенел, «хадистегі алғашқы жинақтаушылар және Әбу Ханифаның жинақтаудағы орны, Акеу Академиялық Журналы XII/34, 2008, 191-202 б.; Метин Йигит, Алғашқы кезеңдегі Ханафи деректеріндегі Әбу Ханифаның Методологиясында сүннет, Стамбул 2009; аталмыш автор, «Алғашқы кезеңдегі Ханафи деректеріндегі Әбу Ханифаның Методологиясында сүннет» Ислам құқығы ғылыми зерттеу журналы №19, 2012, 69-114 бб.; Килани Мұхаммед Халифа, Мәнһәжул-Ханафия фи нақдил-Хадис, Кайр 1431/2010; Аднан Әли әл-Хыдр, әл-Муазана бәйнә мәнһәжил-Ханафия уә мәнһәжил-мұхаддисин фи қабулил-ахадисин уә рәддиһә, Дамаск 1431/2010; Абдулмәжид әт-Түркмани, Дирасат фи усулил-хадис ала мәнһәжил-Ханафия, Дамаск 1433/2012; Исхак Әмин Актепе, «Әбу Ханифа мен әһли-Хадистің сүннет түсінігіндегі негізгі айырмашалықтар», Ислам құқығы ғылыми зерттеулер журналы, №19, 2012, 115-130 бб.; Атаулла Шахияр, «Әһли хадис тарапынан Әну Ханифаға айтылған сындар, *Journal of Islamic Research*, VI/1, 2013, 6-21 бб.

10 Осылардан мынадай кітаптарды атауға болады: Тахауи, Мәанил-Асар (I-II, Leknev 1300-1302; Калькутта 1375; бас. Мұхаммед Зүһри ән-Нәжжар уә Мұхаммед Сейт Жадәлхак, I-IV, Кайр 1386-1388/1966-1968; Бәйрут 1399-1414/1979-1994; бас. Ибраһим Шәмсәддин, Бәйрут 2001) және *Мушкилул-Асар* (бас. Шугайып әл-Арнаут, I-XVI, Бәйрут 1408/1987, 1415/1994); Мұхаммед Мұртазаәз-Зәбиди «Укудул-жауаһирил-мунифа фи әдилләти мәзһәбил-Имам Әбу Ханифа (I-II, Александрия 1292; бас. Абдулла Хашим әл-Йемени әл-Мәдәни, Медине 1382/1962; бас. Уәһби Сүлеймен Гауажи әл-Албани I-II, Бәйрут 1406/1985); Зафар Ахмет әт-Таханауи «Иләус-Сүнән» (Карачи 1414-1415/1993-1994; бас. Халил әл-Мәйс, Бәйрут 1421/2001). Мұхаммед Абдулла б. Мүслим әл-Бәхләуи, *Әдилләтул-Ханафия минәл-Ахадисин-Нәбәуия ала мәсәлил-фиқһия (әл-Ибадат)*, Дамаск 1428/2007.

Көптеген фикһ ғалымдарымен қатар сахаба ижмасының нақты әрі дәйекті дәлел болатындығын қабылдайтын Ханафилар, басқа мәзһабтардан ерекше, осы кезеңдегі мүжтәһидтердің көзқарастарын жеке-жеке түсіндіру арқылы жарыққа шыққан айқын (азимат) ижмамен бірге бір немесе бірнеше мүжтәһидтің көзқарастарын түсіндіріп, бұл басқа мүжтәһидтер арасында таралып, жеткілікті ойлануға уақыт өткенімен қарсылық туындамауына байланысты қалыптасқан үнсіз (сукути) ижманы да дәлел ретінде алады.

Ханафилар бұл мәселеде сахабалардан әртүрлі көзқарастар риуаят етілген жағдайда өздерінің ижтиһад түсініктері бойынша осылардың бірін таңдайтындықтарын, бірақ барлығына бірдей қарсы көзқарас ұстанбайтындықтарын алға тартады. Бір сахабаға қатысты көзқарастың сахабалар арасында таралуы және бұған қарсы ұстаным байқалмаған жағдайда Ханафилардың басым көпшілігі бұл көзқарасты да ижманың бір түрі деп санап дәлел ретінде қабылдайды. Бір сахаба сөзінің екінші буын арасында, яғни табиғундар кезеңінде таралуы жағдайында, егер ақылмен түсінілмейтін құлшылыққа қатысты болса, сахабалар бұны өздігінен алға тартпайтындығын, сондықтан Хазреті Пайғамбардан (с.ғ.с.) естуі керек деген пікірді ұстана отырып көпшілік ғұламалар сияқты Ханафилар да дәлел ретінде қабылдайды¹¹.

Шариғат үкімдерінің негізгі қайнар көзі саналатын кітап, сүннет, ижма және белгілі бір дәрежеге дейін сахабалардың көздерімен бірге қияс, истихсан, сәдди-зэрәйи, истисхаб, әдет-ғұрып, шәру мән қаблана (бізден бұрынғы үмбеттер ұстанған үкімдер) сияқты шариғи үкімге жету

11 Бұл тақырыпта толығырақ мәлімет алу үшін қар. Муса Гүнай «Имам Әбу Ханифаның сахабалардың сөзіне қатысты көзқарастары мен қолданыстары» *Харран Университеті Теология факультеті журналы* XVIII/29, 2013, 120-141 бб.

үшін ұстанған әдістері немесе деректерден үкім шығару тәсілдері де Ханафи методологиясында маңызды саналады. Әбу Ханифадан бастап Ханафи имамдарының нақты үкімі жоқ бір мәселенің үкімін, араларындағы ортақ ерекшеліктерге (себептер) сүйене отырып нақты айқындалған мәселе бойынша айқындау деп анықталатын қиясты өте шеберлікпен қолданғандығы белгілі. Әбу Ханифаның әрі мүрсәл, әлсіз хадисті қиястан артық санағандығы, бұлар болған кезде қияс жасамағандығы, әрі кейбір мүснәд, сахих хадистерді қиясқа байланысты алмағандығы жайлы өзара қайшылықты ұстанымда сынға ұшырағандығын байқаймыз. Бұл жәйт қияс ұғымының Ханафи әдебиетінде екі түрлі қолданылуына байланысты. Аталмыш анықтаманың немесе пікірдің алғашқы бөлігінде айтылған, жоғарыда танымдалған қияс (методологиялық қияс, фикһ ғұламалар қиясы) ретінде екіншісі Ислам құқығының діни мәтіннен немесе жекелеген үкімдерден алынған негізгі қағидалар және жалпы қағидалар түріндегі қияс (қағида, негіз). Сондықтан Әбу Ханифаның шарғи дәлелдер иерархиясында кітап, сүннет және ижмадан кейін қиясты (методологиялық қияс) сүннеттен артық санамағандығы, белгілі бір пікірді білдіретін ахад хадистерді дәлел ретінде қабылдауда одан да күшті діни мәтіндерден алынған қағидаларға (негіз) қайшы болмауын шарт қоюы сынайтын емес құптарлық жәйт. Сондай-ақ имам Мәлік те ахад хадисті дәлел ретінде алу үшін Мәдина халқының қолданысына қайшы келмеуін шарт санаған.

Әбу Ханифаның истихсан дәлелін де үлкен шеберлікпен қолданып, бұл жайында да орынсыз сынға ұшыраған. Деректерде «бір мәселеде қуатты болғандықтан, назарға алып, соған ұқсас мәселеде қабылданған үкімді қолданудан бас тарту»; «қиясты алмай, адамдар үшін ең абзалын алу» т.б. түрде анықталатын истихсан – кейбір

жеке себептерге байланысты нақты қиястан (ең алдымен ойға келетін) немесе жалпылама әрі орныққан қағидалардан қашып мәселенің ерекшелігіне қарай шешім шығару деген сөз. Истихсан анықтамасында айтылған «қияс», жоғарыда аталған екі түрлі мағынада қолданылады. Бір мәселенің шариғи үкімін анықтауға тырысқан кезде сол мәселеге ұқсас мәселеде қолданылып, ойға келген шешімінен (методологиялық қияс) немесе сол мәселеге ұқсас жағдайда қолданылған жалпы қағидадан (негіз) бас тарта отырып, шариғаттың мақсатына, одан да жақын келетін басқа үкім берілуі, бұл тек ижма, зәрулік, ғұрып, маслахат, жасырын қияс (біраз іздестіргеннен кейін ойға түсетін қияс) сияқты жеке, әрі күштірек саналатын бір дәлелге сүйене отырып қолданылатын тәсіл. Сол себепті, ұқсас мәселелерде қолданылатын бір шешімнің жаңа бір мәселеде сол қалпында қолданылуы жағдайында Ислам құқығының мақсаты, әділдік, шындық қағидаларына қайшы нәтиже туындайтындығы айқындалатын болса, одан бас тартып мәселенің өзіне тән шарттарына сай басқа шешім шығарылуы тиімдірек ұстаным болмақ. Ханафилар осының арқасында, өмір талаптарының өзгеруі мен қоғамдық қажеттіліктерге байланысты діннің негізгі қағидалары мен мақсаттарына сай жаңаша шешімдер шығару мүмкіндігіне ие болған. Шариғи үкім шығару әдісі ретінде истихсан, Ханафилармен қатар Малики, Ханбали және Зәйдия ғалымдары тарапынан да қабылданған, тіпті имам Мәлік «ғылымның оннан тоғызы (тоқсан пайызы) – истихсан» деген. Әсіресе, имам Шафиғидің истихсан қолданғандарға қатал сын айтып, бұл тәсілді дінде өз беттерінше үкім шығару түрінде бағалауының астарында истихсанды «шарғи бір негізге сүйенбей, өз еркі мен қалауы бойынша үкім беру» деп түсінгені байқалады.

Басқа фикһ мәзһабтары сияқты Ханафи әдістемесінде «(сау, таза) ақыл иелері мақұл көрген, ежелден бері қайталанып жан-дүниеге сіңіп қалған нәрселер (құбылыстар, жағдайлар, ұстанымдар)» деп анықтама берілетін әдет-ғұрып жеке дәлел ретінде емес көбінесе туынды дерек ретінде бағаланып, белгілі шарттарға байланысты дәлел ретінде алынып, қажет болған жағдайда онымен діни мәтін (насс) анықталған немесе қиястан бас тартылған. Ханафилердің көзқарастары бойынша, Исламияттан бұрын келген пайғамбарлардың үмбеттеріне жіберілген, бірақ Құран мен сүннетте де айтылып кеткен шарғи үкімдер (шәру мән қаблана), үкімі жойылғандығы (насих болғаны) анық болмаса мұсылмандар үшін де жарай береді.

Құран-сүннет, ижма, қияс арқылы үкім берілмеген белгілі бір фикһ мәселесінің үкімін шәриғи жағынан қолдануға болатын маслахат және Ислам фикһының жалпылама қағидасына сай анықтау ұстанымын білдіретін истислахтың (мәсәлих мүрсәлә) Ханафи методологиясында жеке дәлел ретінде айтылмауы, мұның қияс, истихсан немесе әдет-ғұрыптың ішінде қарастырылуына байланысты. Көбінесе, Мәлики және Ханбали фикһында маңызды қолданысқа ие «жеке басына мұбах саналатын бір істің шәриғат жағынан күмәнді нәтижеге жеткізетіндігінің айқын болуы немесе соның жоғары ықтималдықта болуы себепті тиым салынуы» деп анықталатын сәдди-зәрәйи дәлелі Ханафиларда дәл осылай аталмағанымен жартылай қолданыс тапқан. Қолданған жағдайда көбінесе бұзықтыққа апаратынына байланысты тиым салынатын үкімдерге ниетке қарамастан объективті көзқарас бойынша баға берілген. Жалпы алғанда, қарсы дәлел болмаған жағдайда еріктілік беретін және міндет жүктемейтін немесе бұрын болып бір жағдайдың жалғасы екендігіне үкім беру деп анықтама берілген, көбіне, Ша-

фиғи фикһында кең таралған истисаб дәлелі аймақтың көптеген ғалымдарының (мәшайық) көзқарастары бойынша әртүрлі бағалаулар мен ұстанымдар болғанымен Ханафидардың пікірінше де үкім беруде тәсіл ретінде мойындалған¹².

IV. МӘЗҢАБ КІТАПТАРЫНДА ОРЫН АЛҒАН КЕЙБІР ҰҒЫМДАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

А. ТАБАҚАТ (сыныптамалар)

Табақат, араб тілінде «қабатталған екі нәрсенің бір-бірімен сәйкестігі, дәреже, мәртебе және тақырып жөнінен үйлесуі» деген мағына беретін «табақа» сөзінің көпше түрі. Ислам ғылымының дәстүрі бойынша сахабалардан бастап, әртүрлі салада және топта танылған тұлғалар, ғалымдар, сопылар, әдебиетшілер, ақындар т.б. туралы жазылған басылым түрі ретінде қолданылады. Осындай өмірбаяндық кітаптардың табақат деп аталуы, авторлардың, кітапта жазған адамдардың хронологиялық т.б. тұрғыдан немесе топтарға бөле отырып қарастыруына байланысты. Осылардың бірі мәзһаб ғалымдарының мәзһаб тәжірибесі саласындағы ғылыми мүмкіндігі мен ықпалы (табақатул-мүжтәһидин), екіншісі мәзһабтың фикһ тұрғысынан потенциалын білдіретін көзқарастардың иерархиялық өмірбаяндық топтастырылуына (табақатул-мәсәил) байланысты.

12 Үкім беру мәселесінде Әбу Ханифа мен Ханафи мәзһабының методологиясы жайлы толық мәлімет алу үшін қар. Әбу Зәһра 235-364 бб.; Әли Бардакоглу, “Ханафи мәзһабы”, *DİA*, XVI, 12-18; Әли Думан, “Әбу Ханифаның үкім шығару методының Фикһ ғалымдарының методологиясындағы орны”, *Ислам құқығы ғылыми-зерттеу журналы*, №13, 2009, 83-102 бб.

1. Фуқаһа (мүжтәһид) табақаты

Ханафи фикһ кітаптарында фуқаһа табақаты (табақатул-фуқаһа) екі мағынада қолданылады. Алғашқысы, фикһ ғалымдарының мәліметтерін қамтитын кітаптарға, екіншісі мәзһаб ішінде қалыптасқан фикһ дәлелдері мен ижтиһад түрлері және осы мәселеге байланысты біліктілік деңгейін анықтауға және топтастыруға қатысты. Алдыңғысы (табақатул-Ханафия сияқты) фикһ ғалымдарының өміріне қатысты мәліметтерді жинақтауды көздесе, екіншісі (фикһи истидлал табақаты; табақатул-мүжтәһидин, табақатул-муфтин) ғалымның мәзһаб тәжірибесіне қосқан үлесі мен орнын анықтауды, мүжтәһид пен оның дәрежесінде біліктілігі жоқ еліктеуші көпшілік арасындағы дәрежені анықтауды мақсат етеді¹³.

Ханафилар бойынша фуқаһа/мүжтәһидтер табақаты:

а) Мүтлақ мүжтәһид (әл-мүжтәһид фиш-шәрғ): Еліктеу не қандайда бір мәзһабқа байланбаған шариғи үкімдерді дәлелдерінен алу арқылы білуге шамасы келетін мүжтәһид. Төрт мәзһабтың имамдары және басқа тәуелсіз мәзһабтардың негізін салушылар сияқты.

ә) Мәзһабта мүжтәһид (әл-мүжтәһид фил-мәзһаб): Имамдары бекіткен методтар мен қағидаларға сүйене отырып үкім шығаратын, жекелеген жағдайларда қайшылық танытса да, әдістемеде имамдарына бағынатын мүжтәһидтер. Әбу Ханифаның алдыңғы қатардағы шәкірттері сияқты.

б) Мәселеде мүжтәһид (әл-мүжтәһид фил-мәсәил): Мәзһаб имамына әрі метод әрі жекелеген мәселелерде бағынып, ол үкім шығармаған мәселелерде мәзһаб методологиясы бойынша ижтиһад жасайтын ғалымдар.

13 Әйуб Сайд Кая, “Табақат”, *DIA*, XXXIX, 292-294 бб.

в) Тахриж иелері (әл-мухарриж, асхабут-тахриж): Үкімі жоқ жаңа мәселелердің үкімін, мәзһаб имамының тәсілдері мен көзқарастарын және мәзһабта қалыптасқан қағидаларға сүйене отырып шығаратын ғалымдар. Мұқаллид (еліктеуші) фуқаһа саналатын тахриж иелері, бір қарағанда, мүжтәһидке ұқсайды. Бірақ мүжтәһид үкім шығарған кезде алдымен Құран мен сүннеттен бастап шарғи дәлелдерді назарға алатын болса, тахриж иесі мәзһаб имамының, мәзһаб ғалымдарының тәсілдері, дәлелдері және көзқарастарын негізге алады.

г) Тәржих иелері (асхабут-тәржих): Бұл табақаны құрайтын ғалымдар дәлелдерді зерттеуге және салыстыруға күші жететін, осыларға қарап мәзһабтағы көзқарастар мен риуаяттардың бірін, екіншісінен басым көру шамасы келетіндер. Бір мәселе жайлы өз мәзһаб имамдарының әртүрлі көзқарастарына баға бере отырып өз уақытының шарттарына, халықтың қажеттіліктеріне, әдет-ғұрыпқа сай келетінін таңдап, соған қарай пәтуа береді.

ғ) Тәмийз иелері (асхабут-тәмийз): Бұл топтағы ғалымдар ижтиһад және тахриж жасауға шамасы келмейтіні сияқты, қалыптасқан көзқарастары арасынан да таңдай алмайды. Бұлар тек көзқарастар мен риуаяттардың арасындағы қуаттысы мен әлсізін «захирур-риуая» мен «надирур-риуаяны» ажырата алады. Өйткені, мәзһабтың негізгі кітаптарын қарастырып, әртүрлі көзқарастар мен риуаяттарды меңгерген болып саналады.

д) Толық мұқаллид (әл-мұқаллидул-махз): бұлар жоғарыда айтылған топтарға кірмейтіндер, тек көзқа-

растарды жеткізушілер, қайсысы дұрыс екендігін таңдай алмайтындар¹⁴.

2. Мәсаил табақаты (табақатул-мәсәил)

Имам Әбу Ханифаның және алдыңғы қатарлы шәкірттерінің (сахабалар, мәзһаб имамдары) көзқарастары Ханафи мәзһабы фикһының негізін құрайды. Өзінің шәкірттері тарапынан болсын, кейінгі кезең ғалымдары тарапынан болсын бұл көзқарастар реттеліп, сыныптандырылған кезде дерекке қатыстылығының дәрежесі тұрғысынан «заһирур-риуая» және «надирур-риуая» сияқты категориялар айқындалған. Заһирур-риуая (нақты риуаяттар) көзқарастар Әбу Ханифа мен әсіресе екі шәкірті Әбу Юсуя және Шәйбаниден тәуатур түрінде, нақты жеткендіктен негізгі дерекке қатыстылығында еш шүбә жоқ, сондықтан риуаят тұрғысынан нақты дәлел бола алады. Мазмұны Ханафи фикһының негізін құрағандықтан бұларды «мәсәилул-усул/әл-усул» деп те атайды. Нәуадир (сирек) риуаяттар болса ахад түрінде риуаят етілгендіктен дерекке қатыстылығы тұрғысынан күмән тудырады, сол себепті иерархиялық жағынан екінші орында тұрады. Мәзһаб имамдарынан кейінгі кезеңдерде жарыққа шыққан мәселелер хақында сол кезеңнің мүжтәһид ғалымдары тарапынан мәзһабтың ішіндегі дәлел шығару тәсілдері бойынша жарыққа шыққан жаңа көзқарастар «нәуазил/уақиат/фәтауа (пәтуалар)» деп аталады. Мәзһаб фикһын таныту тұрғысынан мұндай мәселелер заңды түрде басқа екі категориядан кейін тұрады¹⁵.

14 Ибн Абин, *Шәрхул-Манзума*, I, 11-12; аталған автор., *Рәддул-Мұхтар*, I, 77; Ләкнәуи, *ән-Нафиул-Кәбир*, 3-4, 5 бб.; аталған автор, *әл-Фәуайдул-бәһия*, 6-7 бб.; аталған автор *Умдәтур-риая*, I, 28-39 бб.; Әбу Зәһра, 444-449 бб.; Каплан, 312-313 бб.; Әли, *әл-Мәзһаб индәл-Ханафия*, 32-35 бб.

15 Ибн Абин, *Шәрхул-Манзума*, I, 16-19 бб.; аталған авт. *Рәддул-мұхтар*, I, 69-70 бб.; Ләкнәуи, *Умдәтур-риая*, I, 40-45, 88-89 бб.;

Заһирур-риуая, Ханафи фикһын құрайтын көзқарастардың иерархиялық топтамасында риуаят деңгейі тұрғысынан басымдықтағы көзқарастарды білдіреді. Сондықтан Әбу Ханифа мен шәкірттеріне бірнеше көзқарас қатар тиесілі саналған жағдайда заһирур-риуая көзқарасы басымдыққа ие болады. Егер заһирур-риуая көзқарасы да бірнешеу болған жағдайда бұл көзқарастар жазылған кітаптардың жазылу уақытын назарға ала отырып, кейінгі жазылғанындағысы таңдалады.

Мұхаммед ибн Хасан әш-Шәйбани жазған *“әл-Асл”* (*“әл-Мәбсут”*), *“әл-Жамиус-сагир”*, *“әл-Жәмиул-кәбир”*, *“әс-Сиярул-кәбир”* және *“әз-Зиядат”* деген бес кітап риуаят жағынан қуатты болғандықтан заһирур-риуая деп аталған¹⁶.

Надирур-риуая құрамына кіретін белгілі мәтіндер ретінде Шәйбанидің *«Заһирур-риуаясына»* кірмеген кітаптары *“әл-Кәсб”*, *“Китабул-Асар”*, *“әл-Хужжа ала әһлил-Мәдина”* оның тарапынан жинақтаған және жазбаларынан құралған деп болжанған *“әл-Харуният”*, *“әл-Жүржаният”*, *“әл-Кайсаният”* және *әр-Ракият”*; *“Әбу Юсуфтың әл-Әмали”*, *“Ихтилафу Әби Ханифа уә Ибн Әби Ләйла”* және *“әл-Жәуами”* сияқты кітаптары; Хасан ибн Зияд *“әл-Лүлүидің әл-Мүжәррәд”* пен *“әл-Әмали”* кітабы; Ханафи мәзһабының үшінші буынына жататын Муалла ибн Мансур әр-Рази, Ибн Сәмаға,

Әбу Зәһра, 210, 224-226 бб.; Гүнай, 420-421 бб.; Кая, *Ханафи мәзһабында Науазил әдебиетінің пайда болуы*, 16-32 бб.; аталған авт. “Continuity and Change in Islamic Law”, 33-34 бб.; Әли, *әл-Мәзһаб индәл-Ханафия*, 58-61 бб.

16 Әйүб Сайд Кая, “Заһирур-риуая”, *DĪA*, XLIV, 101-102 (бұл бес кітаптың алтыншысы ретінде *әс-Сиярус-сагирдың* аталуы жөніндегі көзқарастар үшін Шәйбанидің жоғарыда берілген биографиясына қараңыз); Каплан, 318 б.

Әбул Фазл Дәуіт ибн Рүшәйд әл-Харизмі, Ибнус-Сәлжи, Әбу Сүлеймен әл-Жүзжани және Әли ибн Сағд сияқты ғалымдардың кітаптарын және Әбу Ханифа мен шәкіттеріне тиесілі болғанымен, Шәйбани жинақтаған негізгі мәтіндерге кірмей қалған көзқарастарды жинақтау мақсатында жазылған “*ән-Нәуадир*” деген кітапты айтуға болады. Нәуадир төңірегінде айтылған көзқарастарды жинақтау талпынысы кейіннен де жалғасып, осы мақсатта жазылған кітаптар жеке бір санат құрайтындай ауқымды көлемге жеткен¹⁷.

Нәзила (кейіннен пайда болған, адамдар үшін қиыншылық тудырған жағдай) сөзінің көпше түрі «нәуазил» ұғымы Әбу Ханифа мен шәкірттерінен кейін келген мүжтәһидтердің өз кезеңдерінде туындаған, мәзһаб имамы мен шәкірттерінен қандай да бір риуаят таба алмаған жаңа мәселелер жайлы берген үкім деген мағынаны білдіреді. Нәуазил термині кейде пәтуа (қандай да бір фикһи мәселенің үкімінің анықталуы) сөзімен синоним түрінде қолданылғанымен, пәтуа сөзі уақытпен шеттелмейді, ал нәуазил мәзһаб имамдарынан кейін жарыққа шыққан фикһ мәселелері төңірегінде ғана қолданылады. “Нәуазил” сөзінің орнына «уақият», «хауадис» сөздері де қолданылады. Мәзһаб имамдарынан кейінгі кезеңдерде бір жағынан заһирур-риуая немесе надирур-риуая көзқарастарын жинақтау мақсатында кітаптар жазыла бастаса, екінші жағынан сол кездегі Ханафи фикһ ғалымдарының (мәшәйх) көзқарастарын жинақтаған нәуазил кітаптары жазылған. Ханафи әдебиетіндегі алғашқы нәуазил кітаптары IV (X) ғасырда пайда болды. Әбу Ләйс әс-Самарқанди заһирур-риуаяға сүйенген «*Хизанатүл-фикһ*» деген мұхтасары мен надирур-риуаяны жинақтауды көз-

17 Әйюуб Сайд Кая, “Надирур-риуая”, *DIA*, XXXII, 278-280 бб.

деген «Ұйунул-мәсәйил» кітабы мен нәуазил мәселелеріне арналған «Китабун-Нәуазилді» жазған¹⁸.

Ә. ПӘТУА ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕРІ

Ханафи мәзһабында пәтуа беретін адамның «мәсәил табақаты» шеңберінде көзқарастар бойынша қойылған иерархияда, мәзһаб имамы, шәкірттері және одан кейінгі ғалымдардың бір мәселеде көзқарастарының бірін таңдау кезінде назар аударылуы тиіс жәйттар мутәаххирин ғалымдар тарапынан айқындауға талпыныс жасалған. Бұл жерде пәтуа беретін адам (мүфти) дегені мүжтәһид ғалым дегені. Ижтиһад дәрежесіне жетпеген адамның қолынан келетіні тек бұрын бір мүфти берген пәтуаны жеткізу ғана. Бұл мәселеде айқындалған көзқарастар мен талаптарды қысқаша былай жинақтауға болады:

а) Ханафи имамдар (Әбу Ханифа және алдыңғы қатардағы шәкірттері) бір мәселеде бірлескен (бірдей көзқараста) болса, заңды түрде сол көзқарас бойынша пәтуа беріледі. Бұл қағида тек зәрулік (қажеттілік) жағдайда бұзылып, қайшы пәтуа беруге болады.

ә) Бір пікір жөнінде бір ауыздан келіспеген жағдайда ретімен Әбу Ханифа, Әбу Юсуф, Имам Мұхаммед, Зуфәр және Хасан ибн Зиядтың көзқарасы негізге алына-тындығы; Әбу Ханифа бір жағында, Әбу Юсуф пен Мұхаммед (Сахибәйн/Имамайн) бір жағында болса мүфти қалаған көзқарасын таңдауға еркі бар екендігі айтылады. Тек бұл ерік мүфтидің мүжтәһид болуы, сол себепті дәлелдердің бірін таңдауға қабілеті жеткілікті болуы жағдайында ғана жарамды. Олай болмаған жағдайда

18 Кая, *Ханафи мәзһабында нәуазил әдебиеттерінің пайда болуы*, 42 б. ; аталған авт, “Нәуазил”, *DIĀ*, XXXIII, 34-35 бб. (осыған ұқсас кітаптар үшін әдебиеттер бөліміне қараңыз).

алғашқы келтірілген ретке бағынуы тиіс. Әбу Ханифа мен Имамайн бір мәселеде бірлескен болса, зәрулік жағдайы болмаса, басқа көзқарас бойынша пәтуа берілмейді. Әбу Ханифаның Әбу Юсуф пен Мұхаммедтің бірімен ұқсас көзқараста болған жағдайда үкім осылай болады.

б) Жалпы құлшылық тақырыбында Имам Әбу Ханифаның, жарғы мәселесінде Әбу Юсуфтың және мұрагерлік мәселелерінде Имам Мұхаммедтің көзқарастары негізге алынады.

в) Алғашқы имамдардан бір мәселе жайында көзқарас жоқ болса, мутәаххирин тобынан бір мәшәйхтың жалғыз көзқарасы болса, сол негізге алынады; әртүрлі көзқарастар болған жағдайда осы ғалымдардың сенімді көпшілігінің көзқарастары алынады.

г) Ижтиһад дәрежесіне жетпеген ғалым (маһз), мәшәйх тобындағы мүжтәһид ғалымдардың имамдарға қатысты көзқарастарынан «сахих» (дұрыс) санағаны бойынша (бұл имамның өзіне, не шәкірттеріне тиесілі болса да) амал етуге мәжбүр; мұқаллид бола тұра дәлелдерді салмақтай алатындай деңгейде болса (көзқарасы бар) бұл көзқарастардың қайсысының дұрыс әрі мәзһаб методы шеңберінде таңдауға лайықты екендігіне шешім қабылдай алады. Сондықтан осы таңдауы бойынша пәтуаны бекітеді.

ғ) Мүжтәһидтер көзқарастардың бірін таңдаған кезде бұл көзқарастың сүйенетін дәлелінің иерархиялық ретіндегі басым, салмағымен қатар бұл дәлелдің мәзһабтың негізгі шарттарына (метод, қағида) сәйкестігін, ұқсас мәселелердегі үкімдермен үйлестігін, әрі маслахат, зәрушілік, ғұрып, уақыт және орынның ауысуы, адамдардың жеке жағдайлары т.б. себептерді назарда ұстауы керек.

д) Мәшайых мәзһаб имамдарынан жеткен көзқарастардың арасынан қайсының «сахих» (дұрыс) екендігін анықтау тұрғысында келіспеушілікте болса, бұл жөнінде әртүрлі пікірлер айтылған болса «захирур-риу-аяны» негізге алушының пікірі алынады немесе екеуінің бірі таңдалады.

ж) Пәтуа беретін адам бір мәселеде алғашқы имамдардан жеткен көзқарастар мен мәшайыхтың осы мәселеге қатысты пікірлерін немесе өз кезеңінде туындаған мәселелер жайлы берген үкімдерін білуі керек, соларға қатысты пікірлер мен басымдықтар, сонымен бірге өз кезіндегі әлеуметтік жағдайлар жөнінде хабары болуы керек¹⁹.

з) Пәтуа үшін негізге алынған көзқарастар хақында мүжтәһид ғалымдар тарапынан берілген пікірлер деректерде «пәтуа белгілері» деп аталатын мынадай сөздермен аталған: «алайһил-фәтуа» (осы бойынша пәтуа беру дұрысырақ), «биһи йуфта» (ең алдымен/ тек қана пәтуа осы бойынша беріледі), «әл-фәтуа алайһи» (Осы бойынша пәтуа беріледі), «биһи йутәмәд» (осы көзқарасқа сүйенеді), «алайһил-итимәд» (басымдық осы көзқараста), «биһи нәхуз» (осы көзқарасты аламыз), «алайһи амалул-йаум» (қазірде осы бойынша амал етіледі), «һуәс-сахих» (дұрысы осы), «һуәл-асах» (ең дұрысы осы), «һуәз-захир» (дәлел тұрғысынан қуатты көзқарас осы), «һуәл-әзхар» (дәлел тұрғысынан ең қуатты көзқарас осы; кейде әл-аслах мағынасында да қолданылады), «һуәл-әужах» (дәлел тұрғысынан ең қуатты көзқарас осы; «әл-азхармен» бірдей мағынада), «һуәл-мұхтар» (пәтуа үшін таңдалған/басым көзқарас осы), «һуәр-ра-

19 Ибн Абидин, *Шәрхул-Манзумә*, I, 38-41; аталған автор, *Рәддүл-Мұхтар*, I, 72-74; Ләкнәуи, *Умдатур-риая*, I, 65-77; Кожа, 148-149 бб.; Шахин, 199-200 бб.; Мәллах, 675 бб.

жих» (таңдалған көзқарас осы), «һуәл-әшбах» (риуаят тұрғысынан жеткен және дираят (қабілет) тұрғысынан таңдалған көзқарасқа ең ұқсайтыны осы), «һуәл-ахуат» (мұқияттылығы/дәлелі күштірек көзқарасқа ең жақыны осы), «һуәл-әрфак» (адамдар үшін ең жеңіл/қолайлы көзқарас осы), «һуәл-әула» (онымен амал етуге тұрарлық ең лайықты көзқарас осы), «һуәл-әнсаб» (ең лайықты көзқарас осы).

и) Бір көзқарас жайлы «фәтуа» түбірнен бір туынды сөз қолданылатын болса бұл, «сахих/әсах/әшбах» сөздері қолданылған көзқарастан да қуатты екендігін білдіреді. «Биһи йуфта» және «алайһил-фәтуа» сөздері «әл-фәтуа алайһиден»; «һуәл-асах» сөзі «һуәс-сахихтен» (керісіншесі зайф/фасид (әлсіз/жарамсыз) көзқарас) қуатты саналып, пәтуада басымдыққа ие болуы тиіс. Өйткені пәтуа «сахих» (дұрыс) емес көзқараста берілмейді, пәтуа берілгеніне қарағанда ол таңдауға лайықты деген сөз. Кейбірі «сахих» деп баға берілген көзқараспен амал ету «асах» көзқарастан да артық екендігін айтады. Алайда «асах» деген адам да оның «сахих» екендігін мойындаған деген сөз; сол себепті екеуінің бірлескен көзқарасын ұстану сақтық үшін дұрысырақ. «әл-асах, әл-әрфак, әл-әула» сияқты сөздермен бағаланған көзқарас болса, оған керісінше де пәтуа беруге болады. Бірақ «әс-сахих, әл-мәхуз биһ, биһи йуфта, алайһил-фәтуа» сияқты көзқарастармен бағаланған көзқарастарға қайшы пәтуа берілмейді. Бұл мәселелерде ғалымдардың басқа да қойған шарттары бар²⁰.

20 Толық мәлімет үшін қар. Рәмли, II, 230-231; Ибн Абидин, *Шәрхул-манзумә*, I, 38-41; аталған авт., *Рәддул-мұхтар*, I, 72-74; Ләкнәуи, *Умдәтур-риая*, I, 86-87; Әли, *әл-Мәзһаб индәл-Ханафия*, 92-101 бб.; Шахин, 204-205 бб.; Мәллах, 674-675 бб.

Б. МУТӘҚАДДИМИН-МУТӘАХХИРИН

Ханафи фикһ кітаптарында факиһтерге (фикһ ғалымдары) берілген мутәқаддимин-мутәаххирин, сәләф-халаф-мәшәйых түріндегі хронологиялық тұрғыдан берілген атаулар мен шарифатта, мәзһабта және мәселеде мүжтәһид, асхабут-тахриж, асхабут-тәржих, асхабут-тәмийз, мұқаллид сияқты сатылар олардың мәзһаб фикһының қалыптасуындағы орны, үлесі және ғылыми мүмкіндіктері мен деңгейлерін анықтау мақсатына ие.

Мутәқаддимин (алдыңғылар/бұрынғылар) және мутәаххирин (кейінгілер), Ислам ғылымы тарихында кейбір өзгерестердің алды мен соңын білдіретін ұғымдар. Мутәқаддимин ұғымы кейде сәләф («сәләф салихин»; алғашқы үш буын) сөзінің синонимі ретінде қолданылғанымен, сәләф кезеңін де қамтитын ауқымды мағынаны білдіреді. Мутәқаддимин және мутәаххирин деп бөлу, қандай да бір ғылымның қалыптасуы барысында жарыққа шыққан, сол ғылымның негізгі қалыбы мен ауқымы тұрғысынан өмірлік мәні бар негізгі ұғым, түсінік және сыныптамалардың қалыптасуындағы алқашқы болып қосқан үлесі себепті алдыңғы буын ғалымдар мен олардың кітаптарының кейінгілер үшін белін білдіреді.

Фикһ, тәпсір, хадис, кәләм және тасаууф сияқты білім салаларын осы алғашқы кезеңде бір-бірінен ажырататын нақты шектеулер қою мүмкін болмай, әртүрлі ғылым салаларын былай қойғанда, кейде бір ғылым саласының тарихында да мутәқаддимин және мутәаххирин кезеңдерінің басталуы және аяқталуы уақыты мәселесінде түрлі көзқарастар мен пайымдар айтылған. Сонымен бірге аталмыш кезеңдерді ажыратуда жалпылама ұстаным ретінде ғылымның қалыптасып бітуін негізге алғандығы, яғни басталғаннан IV (X) ғасырдың басына дейін

жалғасқан кезеңнің мутәқаддимин, одан кейінгі мутәаххирин кезеңі болып саналғандығын көруге болады.

Осы жалпылама ұстаным бойынша кейбір авторлар Ханафи мәзһабында мутәқаддимин және мутәаххирин кезеңдерін бөліп тұрған дәуір IV (X) ғасыр екендігін айтады. Бұл көзқарастың сүйенген негізі аталған ғасырда мәзһаб фикһын жинақтап, жүйелі мазмұндаған алғашқы фикһ мұхтасарларының, мәзһаб имамдарының көзқарастары жазылған кітаптарға ауқымды шәрх жазылуы және методология саласында негізді мәтіндердің жазылуы, мәзһаб имамдары мен шәкірттерінен жеткен ғылыми көзқарастардың бағаланып жаңаша мәселелерде қолданыла бастуы, мәзһаб ішінде фикһ дәлелдерінің қалыптасуы, мәзһаб ұстану түсінігінің айқындалып білім беру, үкім шығару сияқты салаларда институционалды көріністерінің байқалуы сияқты маңызды қолданыстардың жарыққа шығуы болатын. Сонымен бірге кейінгі дәуір Ханафи кітаптарында мутәқаддимин дәуірінің V (XI) ғасырдың ортасына дейін жалғасқандығы да айтылады. Шамамен Ханафи фикһ тарихының күре тамыры саналған Мәуераннахр мәшәйыхының алға шыққан кезеңін негізге алған бұл көзқарас бойынша Әбу Ханифа мен шәкірттері арқылы басталған мутәқаддимин дәуірі Шәмсуләйиммә әл-Халуанидің қайтыс болуымен (452/1060) аяқталып, мутәаххирин кезеңі басталған.

Ислам деректерінде сахабалар мен табиғун буыны және олардың ізін басқан алғашқы дәуір ғалымдары үшін қолданылатын «сәләф» (сәләф салихин), кейінгілер үшін қолданылған «халаф» ұғымдары да Ханафи кітаптарында өзіндік мағынаға ие болған. Әбу Ханифадан Мұхаммед ибн Хасан әш-Шәйбаниге дейінгі алғашқы

буын «сәләф», Шәйбаниден Шәмсуләйммә әл-Халуаниге дейінгі ғалымдар «халаф» деп аталған²¹.

Ғ. МӘШӘЙЫХ

Әбу Ханифа мен алғашқы буын Ханафи ғалымдарының көзқарастарының төңірегінде қалыптасқан фикһ ғылымы III және IV (IX және X) ғасырларда Иракта әрі Ислам территориясында таралғаннан кейін осы фикһ мұрасы әрбір аймақта өзінің әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени шарттар мен қажеттіліктер шеңберінде дамып, осы істі атқарған ғалымдар өздері тұрған аймақ пен қалалардың атауына байланысты Ирак (Куфа, Бағдат, Басра) Хорасан (Бәлх, Тирмиз, Нәсәф, Нәсә, Мәру), Мәуераннахр (Бұхара, Самарқанд) мәшәйыхы (ғалымдарды) деп аталған. Негізін қалаушы имамдардан кейінгі мәзһаб ғалымдары үшін қолданылған бұл ныспы, алдыңғы буыннан (ұрпақтан) алған фикһ ғылымының ұзтаз-шәкірт байланысы шеңберінде кейінгі ұрпаққа жетуі кезінде әртүрлі аумақтарда қалыптасқан білім беру салтын білдірумен қатар, мәзһабтың орталығы болып саналатын Ирак фикһының уақыт өте келе әрбір аймақтың қажеттіліктері мен шарттарына байланысты түрлі бағыттарда дамығандығын меңзейді. Сол себепті Ханафи кітаптарында «мәшәйых» сөзі, жалпы алғанда белгілі бір аймақта бір ғалымның айналасында жиналған, сол аумақта ұқсас фикһи ұстанымдар мен көзқарастарға ие факих (ғалымдар) тобын білдіреді. Бұл белгілі бір ай-

21 Пиризада, 335 бб.; Ләунәуи, *әл-Фәуәйдүл Бәһия*, 241 б.; аталған авт., *Умдәтур-риая*, I, 82-84 бб.; Мұртаза Бәдір, “Мүтәқаддимин уә мутәаххирин”, *DIA*, XXXII, 186-188 бб.; Кая, *Ханафи мәзһабында Нәуазил кітаптарының пайда болуы*, 39-52 бб.; аталған авт., “Мүтәқаддими уә мутәаххирин”, *DIA*, XXXII, 188-189 бб.; Каплан, 321- 322 бб.; Әли, *әл-Мәзһаб индәл-Ханафия*, 29-31 бб.

мақтағы ғалымдар қашан да ортақ ұстанымда болған дегенді білдірмейді. Самарқанд аймағынан болса да Ирак ұстанымындағы Дәбуси сияқты бір өлкеде өскенімен басқа аймақтың ұстанымындағы ғалымдар да бар. Екінші жағынан аймақтар арасындағы бұл өзгешелік тек фикһ және методология саласында ғана емес хадис, ақида және кәләмға қатысты мәселелерде де туындаған, методологиядағы өзгешеліктің себебі негізінен кәләмға қатысты әртүрлі ұстанымдардан пайда болған. Мәшәйых кезеңінің «мутәқаддимин» ғалымдарының соңғы тізбегін құрайтын үшінші буын ғалымдары мен (III/IX ғасырдың екінші жартысы) басталып шамамен IV (X) ғасырдың соңына дейін жалғасқан кезеңді қамтығандығын айтуға болады. Мәзһаб имамдарынан жеткен көзқарастардың еркін таласқа түсіп, бағаланып таңдау жасалған немесе әртүрлі көзқарастардың ортаға салынған бұл кезеңде қалыптасқан ғылыми база классика немесе мутәаххирин деп аталған кейінгі дәуір Ханафи фикһ кітаптарына маңызды тақырып болды. Кудуриге дейін (V (XI ғасырдың басы) Ханафи мәзһабының орталығы Ирак болса осы кезеңнен бастап фикһ, фикһ методологиясы және кәләм салаларында жазған кітаптарымен мәзһабтың идеялық әрі ғылыми мүмкіндігіне VIII (XIV) ғасырдың басына дейін Бухара және Самарқанд ғалымдары өкіл болды. Осылайша Мәуераннахр мәшәйыхы кейінгі Ханафи фикһ тарихында ең үлкен із қалдырып, мәзһаб білімінің күре тамырына айналды. Сол мәшәйых кезеңі Ханафи имамдарына тиесілі фикһ қағидаларының жүйеленіп, алғашқы мұхтасары жазылып, мәзһабтар арасындағы қайшылықтар мен таластарға қатысты сын-пікірталас ілімінің туа бастаған кезең ретінде де назар аудартады²².

22 Кая, *Ханафи мәзһабында Нәуазил кітаптарының пайда болуы*, 33-42 бб.; Әли Бардакоглу, “Ханафи мәзһабы”, *DİA*, XVI, 9-10 бб.; Осман Четин, “Хорасан”, *DİA*, XVIII, 239; Шүкри Өзен,

Ирак, Бәлх және Бұхара мәшәйыхының мәзһаб ғылымына қатысты ұстанымдары, мәзһаб методологиясы және оның ішіндегі дәлел түсініктері, пәтуа беруге негізге алған көзқарастары белгілі бір деңгейге дейін бір-бірінен өзгешелеу. Бұлар Ханафи кітаптарында пайда болған алғашқы нәуазил түріндегі кітаптарда көрініс тапқан. Атап айтсақ, Әбу Ләйс әс-Самарқандидің **“Китабун-Нәуазилінің”** мазмұны, көбінесе, Бәлх мәшәйыхының көзқарастарына сүйенсе, Натиғидің **“әл-Уақи-ятында”** Ирак мәшәйыхының, Ахмет ибн Мұхаммед әл-Кәшшидің **“Мәжмәун-нәуазил уәл-хауадис уәл-уақи-ятында”** Бұхара мәшәйыхының кейбіріне қатысты көзқарастар жинақталған. Кейіннен жазылған кітаптардың кейбірінде белгілі бір кезең мен білгілі бір территориядағы мәшәйых топтарының көзқарастары қамтылған. Мысалы, Садуршәһидтің **“Китабул-Уақи-яты”** мен Бурханаддин әл-Марғинанидің **“әт-Тәжнис уәл-мә-зид”** кітабында бір жағынан Самарқанд ханафиларының көзқарастары, екінші жағынан Бәлх мәшәйыхының өкілі Әбу Листің **“Китабун-нәуазилінен”** алынған пікірлер жинақталған. Сәрахсидің **“әл-Мәбсүт”** кітабы да Шәйбани кітаптарының ауқымды шәрхы болуымен қатар, әсіресе, IV (X) және V (XI) ғасырлар Мәуераннахр мәшәйыхының фикһи жинақтары мен мәзһабқа қосқан үлесін көрсететін маңызды кітап; әрі осы екі ғасыр ішін-

“Матуриди”, *DIA*, XXVIII, 163; Мұртаза Бәдір, “Мутәкаддимин уә мутәаххирин”, *DIA*, XXXII, 188; аталған авт. “Ханафи мәзһабының Аббаси Бағдатында дамуы және әлсіреуі”, **Ислам мәдениетінде Бағдат (Мәдинатус-салам) Халықаралық симпозиум 7-9 қараша 2008/Стамбул**, Стамбул 2008, 627-628 бб.; Ирак, Хорасан және Мәуераннахр мәшәйыхы ретінде жарыққа шыққан ғалымдарға қатысты қысқаша мәліметтер мен олардың Әбу Ханифаға тірелетін ұзтасдар тізбегі үшін қар. Хузаифа Чекер, “Ханафи мәзһабының фикһ силсиласы (Әбу Ханифадан хижри VI. Ғасырдың соңына дейін)”, **Ислам құқығы зерттеулері журналы**, № 19, 2012, 163-201 бб.

де Мәуераннахр аймағында шыққан көзқарастарға басқа жерлерге қарағанда, көбірек сілтеме жасалған²³. Мәргинани да *“әл-Ғидаяда”* тек өз кітабы *“Бидаятул-мүбтәдиде”* қамтылған мәселелерді қарастырумен шектелмей, бұл мәтінде жоқ, мәшәйых пәтуаларынан таңдалған көптеген мәселені қоса алған.

Д. КЕЙБІР ҰҒЫМДАР

1. Мутун әс-сәләсә және мутун әл-әрбәә.

Мутәаххирин Ханафи ғалымдары пәтуа берген кезде жалпы алғанда мәзһаб имамдарынан жеткен көзқарастардың жүйелі түрде қаралған мәтіндерді («мутун») негізге алған, тек бұлардың түсіндірмелерінде немесе пәтуалар кітаптарында осы мәтіндердегіден басқаша сахих екендігін анық бекітілген көзқарас бар болса, соны ұстанған. Сол себепті, заһирур-риуая көзқарастары мен мәшәйыхтар алған шешімдерге баға беруде көрсеткен талпыныстарына назар аударған кейбір ғалымдарының кітаптарына басқалардан артығырақ сенім артқан. Осы орайда, Кудуридін *“әл-Мұхтасар”* кітабы, Әбул Бәрәкат Хафизудди ән-Нәсәфидің *“Кәнзут-Дақайқ”* кітабы және Бурханушшарияның *“әл-Уиқаясы”* ең көп сенім жинаған үш мәтін (мутун әс-сәләсә); *“Кәнзут-Дақайқ”* пен *“әл-Уиқаямен”* қатар Мәусилидің *“әл-Мұхтар”* және Ибнус-Сағатидің *“Мәжмәул-Бәхрәйн”* кітабы төрт

23 қар. Әйуб Сайд Кая, *Мәзһаптар қалыптасқаннан кейінгі фикһ дәлелдері* 209-222 бб.; аталған авт., “Continuity and Change in Islamic Law”, 27-33, 36-38 бб.; аталған авт., “әл-Мәбсуғ”, *DĪA*, XXVIII, 215; аталған авт., “Нәуазил”, *DĪA*, XXXIII, 35; Бәлх мәшәйыхы және басқаларынан ерекше ортаға салған көзқарастары үшін қар. Мұхаммед Махрус Абдуллатиф әл-Мүдәррис, *Мәшәйху Бәлх минул-Ханафия уә ма инфәрәду биһи минәл-мәсәйлил-фикһия* I-II, Бағдат 1367/1977.

мәтін (мутун әл-арбәа) деп аталған. Кейбір ғалымдар үш мәтінге, кейбірі болса төрт мәтінге көбірек мән беріп, осы кітаптардағы көзқарастар басқа кітаптардағы көзқарастарға сай келмеген жағдайда пәтуада осы кітаптарға басымдық берген. Тек өте қысқа әрі жинақы болуы себепті мұхтасар мәтідерге сүйене отырып пәтуа берген кезде мұқият болуды, мідетті түрде шәрхы мен сілтемелеріне назар аударуды кеңес береді²⁴.

2. Шәйхайн/Имамәйн-Сахибәйн/Тарафәйн/әс-Сани/әс-Сәләсә.

Ханафи кітаптарында «имам» сөзі жеке айтылғанда Әбу Ханифа деген мағына береді. Деректерде Әбу Ханифа мен шәкірттеріне қатысты бір көзқарасқа сілтеме жасаған кезде есімді қайталамас үшін жеке атаулармен қысқаша айтылған. Осы орайда Әбу Ханифа мен Әбу Юсуфты «Шәйхайн», Әбу Ханифа мен Мұхаммед ибн Хасан әш-Шәйбаниді «тарафәйн» деп атаған, Әбу Ханифаның шәкірттері Әбу Юсуф пен Мұхаммед ибн Хасан әш-Шәйбанилерді «имамәйн» немесе «сахибәйн» сөздерімен атайды. Әс-Сәни (әл-Имабус-сәни: екінші имам) дегені Әбу Юсуф. Әс-Сәләсә (әл-имамус-сәләсә: үш имам) сөзі Әбу Ханифа, Әбу Юсуф және Имам Мұхаммедті білдіреді. Бұл сөз сонымен бірге төрт сүнниттік мәзһаб имамының бірі туралы айтылған кезде қалған үшеуін білдіреді²⁵. Сонымен қатар шәйхайн сөзі Шафиғи кітаптарында Рафиғи мен Нәбәуиге, Ислам тарихы кітап-

24 Ләкнәуи, *ән-Нафиул-Кәбир*, s. 9; аталған авт., *Умдәтур-рияя*, I, 46-48; Каплан, 315 б.; Әли, *әл-Мәзһаб индәл-Ханафия* 102-111 бб.

25 Ләкнәуи, *әл-Фәуәйдул-бәһия*, 248 б.; аталған авт., *Умдәтур-рияя*, I, 84; Салим Өгут, “Әйммә-и арбаа”, *DİA*, X, 541; аталған авт., “Имамәйн”, *DİA*, XXII, 207; Каплан, 321, 322, 323 бб.

тарында Хазреті Әбу Бәкір мен Омарға, хадис саласында Бухари мен Мұслимге қолданылады²⁶.

V. КІТАПТАР

A. АЛҒАШҚЫ НЕГІЗГІ ДЕРЕКТЕР

Ханафи мәзһабының негізін қалаушы Әбу Ханифа өз ортасында туындаған мәселеле мен өзіне қойылған сұрақтарға қатысты өмір бойы көптеген жасаған ижтиһадтарын жазбағаны сияқты ижтиһад тәсілін түсіндіретін кітап та жазбаған. Оның жазған кітаптары, көбінесе, ақидаға (сенім негізі) қатысты, тікелей фикһ мәселелерімен шектелмеген. Жоғарыда айтқанымыздай, Әбу Ханифа фикһ мәселелерін тандаулы мүжтәһид шәкірттерінен тұратын дәріс ортасында солармен бірге қарастырып, пікір алмасқаннан кейін шыққан шешімдерін жаздыратын. Осылайша бір жағынан Ханафи мәзһабының әртүрлі мәселелерге байланысты көзқарасы жиналса, екінші жағынан жарыққа шыққан ижтиһадтардың белгілі кітап, тарау тақырыптары ретінде жинақталуы, жазылуы қамтамасыз етілетін, бұл кейіннен жазылатын жүйелі фикһ кітаптары үшін іргетас қалыптастыратын. Әбу Ханифадан кейін осы дәріс шеңберін жалғастырған Әбу Юсуф, Мұхаммед ибн Хасан әш-Шәйбани және Зуфәр ибн Хузәйл сияқты маңдай алды шәкірттердің, ұстаздарының көзқарастарымен қатар өз көзқарастарын да жаза отырып шәкірттеріне жеткізгендігі белгілі. Мұхаммед ибн Хасан әш-Шәйбани әзірлеген, одан тәуатур түрінде жеткені үшін «заһирур-риуая» (әл-Усул) деп аталған *“әл-Асл” (әл-Мәбсут), “әз-Зиядат”, “әл-Жамиул-Кәбир”, “әл-Жамиус-сағир”, “әс-Сиярул-кәбир”*

26 Біләл Айбақан, “Шафий мәзһабы”, *DIA*, XXXVIII, 239; Жасим Аужы, “Шәйх”, *DIA*, XXXIX, 49; Мехмет Әфәндиоглу, “Шәйхайн”, *DIA*, XXXIX, 80 б.

атты кітаптар Ханафи фикһының алғашқы, ең сенімді дереккөзін құрайды. Кейбірі сан мәрте басылған бұл кітаптардың ішінде, әсіресе, “*әз-Зиядат*”, “*әл-Жами-ус-сагир*” және “*әс-Сиярул-кәбирге*” танымал Ханафи ғалымдары тарапынан жазылған түсіндірмелер (шәрх), ихтисар (мазмұндамалар), және талдаулардың кейбірі қолжазба түрінде қазірге дейін жеткен²⁷.

Хорасан Самани Әмірі Нұх ибн Насрға уәзір болған Хаким әш-Шәһид, Шәйбанидың аталған кітаптарындағы көзқарастарды жинақтап, *әл-Кафи* деген кітап жазған²⁸. Шәмсуләйммә әс-Сәрахси бұл кітапты *әл-Мәбсут* деген атпен шәрх жасаған (I-XXX, Каир 1324,1331). “*Әл-Мәбсут*” – Ханафи фикһы негізделген, осы мәзһабқа қатысты көзқарастар дәлелдері түсіндірілген, әрі жүйелі талдау жасалған алғашқы ауқымды еңбек.

Шәйбанидің, ахад түрінде риуаят етілгені үшін «*нау-адирур-риуая*» деп аталған “*әл-Хужжа ала әһлил-Мәдина*” және “*әл-Асар*” және т.б. кітаптарымен қатар Әбу Юсуфтың Китабул-Хараж бастаған қазірге дейін жеткен бірнеше кітабы да Ханафи әдебиетінің қалыптасуында маңызды үлес қосқан алғашқы еңбектер.

Имам Мұхаммедтің Әбу Ханифа мен шәкірттеріне тиесілі көзқарастарды жинақтаған алғашқы деректерден кейін Ханафи мәзһабының ауқымды территорияға таралуы және Аббасилер дәуірінде үлкен ықпалға ие болуымен қатар алғашқы бірнеше буын Ханафи мүжтәһидтерінің (мутәқаддимин) көзқарастарын жинақтаған

27 Сезгин, I, 422-431 бб;сонымен берге қар. Хасан б. Мұхаммед әш-Шәйбанидің екінші тараудағы өмірбаяны.

28 Қолжазба нұсқасы үш қар. Аталған кітап, I, 443 б; кітаптың құлшылыққа қатысты бөлімі Салахуддин Мұхаммед Сәлу тарапынан Үммүдурман университетінде (Хартум/Судан) докторантура диссертациясы түрінде баспаға әзірленген (1426/2005).

кітаптармен қатар әртүрлі аймақтардағы көзқарастық және практикалық құқықты білдіретін кітаптардың да жылдам көбейгендігі, сонымен қатар Ханафи фикһының мазмұнды түрде, жалпылама дәлелдері көрсетілмей жинақталған түпкі мәтіндерінің жазыла бастағандығын көреміз. Кейбірінде тек Әбу Ханифаның, кейбірінде тек шәкірттерінің көзқарастары қамтылған мұхтасар мәтіндерге, уақыт өте келе көптеген ғалымдар тарапынан шәрх жазылған. Бұл кітаптар сияқты фикһтың барлық тақырыптарын қамтумен қатар, кейінгі ғалымдардың көзқарастары мен сол кезеңдердегі туындаған мәселелердің шешімдері жазылған пәтуалар, нәуазил және уақият кітаптары және белгілі тақырыптарға арналған кітаптар, фикһ әдістемесі және Ханафи ғалымдарының хал-жағдайларына қатысты еңбектер мыңдаған томды құраған бай деректер қорын қалыптастырған.

Ә. НЕГІЗГІ МӘТІНДЕР МЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕРІ (шәрхтары)

1. Әбу Жағфар әт-Тахауи (ө. 321/933) *әл-Мұхтасар*. Ханафи мәзһабындағы ең қолданбалы кітап (Әбул-Уәфа әл-Ауғани, Каир 1370). Әбу Ханифа мен екі шәкірті Әбу Юсуф пен Шәйбанидің көзқарастарының жинақталған түрде қамтылған кітапта мүжтәһид ретінде өзінің де көзқарастары мен пікірлерінің айтылуы маңызға ие болған. Қазірге дейін жеткен бес шәрхынан²⁹ Жәс-сам (бас. Исмадулла Инаятулла Мұхаммед және басқалар, I-VIII, Бәйрут 1431/2010) мен Әли ибн Мұхаммед әл-Исфижаби (Сүлемания кітапханасы, Дамат Ибраһим, № 562; Хафыз Ахмет Паша, № 16; Хекимоглу, № 344) тарапынан жазылғандарын атап айтқан жөн.

29 Қар. Сезгин, I, 441 б.

2. Кудури (ө. 428/1037) әл-Мұхтасар. Ханафи мәзһабының ең танымал кітаптарының бірі. Бұл кітапта Кудури дәлелдерді жазбай, таласты мәселелерде Әбу Ханифа, Әбу Юсуф және Мұхаммедтің көзқарастарын қамтыған. Бұл кітап Ханафилар арасында Ибн Әбу Зәйд әл-Кайрауанидің әр-Рисала кітабына Малики ортада абырой мен құрметке ие болып, сол Малики мәзһабынан Халил ибн Исақ әл-Жүндидің әл-Мұхтасары сияқты «әл-Китаб» деп аталған

Бірнеше рет басылған кітаптың (Дели, 1847; Лахор, 1870; Қазан, 1890, 1909; Бомбей, 1303, Пушту және парсы тіліндегі аудармасы; Стамбул, 1281, 1309, 1310, 1317-18; Каир, 1957; Диабанд, 1986; бас. Мұхаммед Иғзас Әли, Мюлтан 1980; бас. Камил Мұхаммед Мұхаммед Убәйда, Бәйрут, 1997; бас. Абдулла Нәзир Ахмет Миззи, Бәйрут, 1429/2008, шетінде Ибн Кутлубоганың “Тасхику Мұхтасарил-Кури” кітабы ретінде әртүрлі шығыс және батыс тілдеріне жартылай немесе толықтай аударылған (Ағылшынша ауд. Тахрам Нараян, “*Китаби-Мұхтасари Кудури*”: “*Qoodoories Abridgement of Mahommeden Law*”, Дели, 1847; Парсыша ауд. Әбул Қасым ибн Хусейн Кудури-Фариси, Ләкнәу, 1910, 1914; Французша ауд. Georges Henri Bousquet; Léon Bercher, *Le statut personnel en droit musulman hanéfite*, Париж, 1953; Урдуша ауд. және шәрхы. Мұхаммед Ханиф Жәнгухи, Карачи 1986; Ағылшынша ауд. Таһир Махмут Кияни, *Мұхтасар әл-Кудури: A Manual of Islamic Law According to the Hanafi School*, Лондон, 2010).

әл-Мұхтасарға отызға жуық шәрх және басқа да еңбектер жасалған, ең танымал шәрхтары Әбу Бәкір әл-Хаддаттың “әл-Жәуһәратун-нәйира” (Стамбул, 1301, 1306, 1314, 1323; Каир, 1322; Дели, 1327; Лахор, 1328; бас. Илияс Каплан, Бәйрут, 1427/2006; бас. Аддай Муса

Абд, Бағдат, 2009) және әс-Сиражул-уәһһаж³⁰ бен Адулгани әл-Майдандің әл-Лүбәб фи шәрхил-Китаб еңбегі (Стамбул, 1274-1275; Каир, 1330, 1331, 1346, 1354; бас. М. Мұхиддин Абдулхамид, I-IV, Каир, 1381/1961; бас. Сайд Бекташ, Бэйрут, 2010).

3. Бұрханаддин әл-Мәрғинани (ө. 593/1197) әл-Һидая. Бұл кітап мутәаххирин кезеңіндегі Ханафи ғалымдарының арасында ең үлкен сұранысқа ие болған кітаптардың бірі. Кітап авторы Кудуридің әл-Мұхтасары мен Мұхаммед ибн Хасан әш-Шәйбанидің *“әл-Жами-ус-сагирінде”* қамтылған мәселелерді жүйелеу түрінде жазған *“Бидаятул-мүбтәдидің”* шәрхы. Мәрғинанидің ғылыми потенциалы, тақырыптарды тұтас қарастыруы және тілінің жатықтығы себепті көп сұранысқа ие болған әл-Һидая сан мәрте басылған (I-II, Калькутта, 1234; Бомбей, 1279; Каир, 1282, 1326, 1928, 1355, I-II, 1326, 1327, 1371; Қазан, 1888; I-IV, Канпур, 1289-1290, Ләкнәудің *“Мүзәйиләтуд-дираясымен”* бірге; Ләкнәу, 1314; Дели, 1306, 1328, 1331; бас. Мұхаммед Мұхиддин Абдулхамид, I-IV, Каир, 1385/1966; бас. Әйман Салих Шағбан, I-VII, Каир, 141/1994; бас. Мұхаммед Мұхаммед Тамир–Хафыз Ашур Хафыз, I-IV, Каир, 1420/2000).

Гулам Яхия Хан, Тажеддин Бенгали, Мир Мұхаммед Хусейн және Шарифатулла Сенбели тарапынан парсы тіліне (Калькутта, 1807; I-IV, Ләкнәу, 1874) аударылған кітапты Чарльз Хамилтон ағылшын тіліне (*“The Hidayah: Commentary on the Islamic Laws”*, Лондон, 1791, 1870; сонымен бірге ағылшынша аудармасы мен түсіндірмесі Имран Ахсан Хан Ниязе *“Al-Hidayah: The Guidance”*, Бристол, 2008), Хасан Еге (*Һидая тәржімасы*, I-III, Стамбул 1982-1984) және Ахмет Мәйлани (*әл-Һидая тәржімасы*, Стамбул 1991) түрік тіліне аударылған. Кітап орыс тіліне

30 қар. ат.к., I, 454 б.

(ауд. А. Х. Саидов, *Хидоя:комментарий мусульманского права, Ташкент, 1994*) және Өзбекстан ғылым академиясы, Ташкент Ислам университеті және Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық тарапынан өзбек тіліне аударылған (Ташкент, 2001).

“Әл-Һидаядағы” хадистердің шығарылуы мәселесінде Ибн Хажар әл-Аскаланидің (ө. 852/1448) **“әд-Дирая фи мунтахаби тахрижи ахадисил-Һидая”** (Дели, 1882; бас. Абдулла Хашим әл-Йемени, 1964) және Жамалуддин әз-Зәйлайидің (ө. 726/1325) Насбур-рая фи ахадисил-Һидая (Дели, 1299; Ләкнәу, 1301; I-IV, Каир, 1357/1938, 1393/1973, Ибн Кутлубоганың Насбур-раяда көзден таса қалған хадистерге қатысты **“Мүниятул-әмали”** деген кітабы; бас. Мұхаммед Аууамә, Бейрут 1418/1997) деген кітаптары басылған.

“әл-Һидаяға” қатысты алпысқа жуық шәрх және түсіндірмелер жазылған, ең бастылары мыналар: Жәләладдин әл-Курлани I, **“әл-Кифая”** (I-IV, Калькутта 1831-1834; Бомбей, 1279; Лакнәу, 1876-1881, 1887; Қазан, 1304; I-IX, Каир, 1319, Фәтхал-кадир және әл-Инаямен бірге); Әкмәлуддин әл-Бабарти **“әл-Иная”** (Калькутта, 1831, 1837, 1840; I-VIII, Булак, 1315-1318, Сади Челебидің бұған жазған түсіндірмесі және Фәтхул-Кадирмен бірге; I-IX, Каир, 1319, осы кітаптар әл-Кифаямен бірге; I-X, Каир, 1970, Фәтхал-кадир мен Сади Челебидің түсіндірмесімен бірге; бас. Әбу Махрус Амр ибн Махрус, I-VI, Бейрут, 1428/2007); Бәдраддин әл-Айни, әл-Биная (I-IV, Ләкнәу, 1293; I-X, Бейрут, 1400-1401/1980-1981); Ибнул-Хумам, Фәтхул-кадир (I-IV, Ләкнәу, 1292; I-VIII, Булак, 1315-1318; I-IX, Каир, 1319; I-X, Каир, 1970).

4. Абдулла ибн Махмут әл-Мәусили (ө. 683/1284), әл-Мұхтар (Әл-Мұхтар лил-фәтуа). Мутәаххирин кезеңінің Ханафи ғалымдары арасында танымал болған

бұл кітапты Мәусили, жастық кезеңге аяқ басқандарға арнап жазған. Әбу Ханифаның көзқарастарына басымдық берілген *әл-Мұхтарда* Әбу Юсуф, Шәйбани және Имам Шафигидің көзқарастарына да тоқталған. Кітапқа авторы тарапынан *“әл-Ихтияр ли-Талилил-Мұхтар”* деген атпен шәрх жазылып, жеке (бас. Абдуссалам ибн Абдулһади Шенар, Дамаск 1427/2006; бас. Сайд Бекташ, Бейрут 1433/2012) және *“әл-Ихтиярмен”* бірге де басылымы жарық көрген (I-III, Каир 1355; Дамаск, 1996; бас. Мұхаммед Мұхиддин Абдулхамит, I-V, Каир, 1369/1950; Халаф, 1966-1967; бас. Халид Абдуррахман әл-Ақ, Бейрут, 1425/2004). Бұл түсіндірмеде, әсіресе, жиі туындайтын мәселелермен қатар Ханафи имамдарының көзқарас айырмашылықтары және фикһи талдаулар қамтылып, даулы мәселелерде фәтуаға негіз болған көзқарастарға да ишарат жасалады.

«Әл-Мұхтар», «Кәнзут-Дәқайқ», «әл-Уиқая» және *«Мәжмәул-Бахрайн»* деген кітаптар мутәаххирин Ханафи ғалымдары тарапынан *«Мутун әл-арбәа»* (Төрт мәтін) деп аталатын төрт сенімді кітапты құрайды.

Әбу Абдулла Тажуддин Абдулла ибн Әли әл-Бұхари (ө. 799/1397) *Әл-Мұхтар* кітабын жүйелеген, Әбул-Аббас Ахмет ибн Әли әд-Димашқи, Ибраһим ибн Ахмет әл-Мәусили, Чивизада Мұхиддин Мехмет, Зәйлайи, Омар ибн Ысқақ әл-Газнауи, Ибн Әмир әл-Хаж әл-Халеби және Ибн Кутлубоғалар шәрх жазған.

5. Мұзаффаруддин Ибнус-Сағати (ө. 694/1295), *Мәжмәул-бахрейн уә мұлтақан-нәйирәйн*. Кудуридің *«Мұхтасар»* кітабы мен Әбу Хафс Омар ән-Нәсәфидің *«Манзумәсы»* негізге алына отырып жазылған бұл кітаптың жүздеген қолжазба нұсқаларының болуы қаншалықты сұранысқа ие болғандығын көрсетеді (бас. Илияс Каплан, Бейрут, 1426/2005).

Кітаптың өз авторы тарапынан жазылған шәрхымен қатар Ахмет ибн Ибраһим әл-Айынтаби (ө. 767/1365), Ибн Мәләк (ө. 797/1395), Ахмет ибн Мұхаммед әт-Тарабулуси (ө. 967/1559), Ибнут-Дия әл-Мәкки (ө. 854/1450), Бәдруддин әл-Айни (ө. 855/1455), Иса ибн Халаф әр-Рәшидидің қазірге дейін жеткен шәрхтары бар³¹.

6. Әбул-Бәракат ән-Нәсәфи (ө. 710/1310), *Кәнзут-Дақайқ*. Шәйбанидің заһирур-риуая кітаптарының ішінде, әсіресе, “*әл-Жамиул-Кәбир*”, “*әл-Жамиус-Сағир*” және “*әз-Зиядаты*” мен Тахауидің “*әл-Мұхтасары*”, Әбу-Хафс ән-Нәсәфидің “*әл-Манзумасы*”, Мәргинанидің “*әл-Һидаясы*” және басқа да «нәуазил» пәтуа кітаптарынан пайдалана отырып, сол Нәсәфи тарапынан жазылған «*әл-Уафи*» атты кітаптың мұхтасары, бірнеше рет басылған. (мысалы қар. бас. W. Cureton, Лондон, 1843; Лахор, 1870; Дели, 1287, 1306; Бомбей, 1877, 1882; Каир, 1309, 1311; бас. Сайд Бекташ, Бәйрут, 1432/2011). Парсы тіліне (ауд. Әбул-Хусайн Абдулмәжид Мурадзахи әл-Каши – Изиз Әли Диубәнди, Захидан/Иран 1424/2003) және Пушту тіліне аударылған Кәнзут-Дақайықтың отызға жуық шәрхтарының ішінде³² ең маңыздылары мыналар: Фахреддин Осман ибн Әли әз-Зәйлайи, Тәбинул-хақайық (Ләкнәу, 1302; Каир, 1303; I-VI, Булак, 1313-1315); Бәдраддин әл-Айни, “*Рәмзул-Хақайқ*” (I-II, Булак, 1285; Каир, 1299; Бомбей, 1302; Дели, 1870; Ләкнәу, 1877; бас. Нуайм Әшраф Нұр Ахмет I-II, Карачи, 1424/2004); Әбул-Қасым әс-Самарқанди, “*Мустахласул-Хақайқ*” (Дели, 1870, 1882, 1884; Ләкнәу, 1870, 1877; Кампур, 1882; Бомбей, 1882); Молла Мискин, Шәрху Кәнзит-Дақайқ (Булак, 1287; Каир, 1294, 1303, 1312, 1328; бас. Махмут Омар әд-Димяти, I-II,

31 Мәтіні мен шәрхтарының қолжазба нұсқалары жәйлы қар. Brockelmann, *GAL*, I, 477; *Suppl.*, I, 658.

32 қар. Brockelmann, *GAL*, II, 251-252; *Suppl.*, II, 265-267.

Бәйрут, 2008); Зәйнуддин Ибн Нүжәйм, әл-Бахрур-райк (I-VIII, Каир, 1311; бас. Зәкәрия Умәйрат, I-IX, Бәйрут, 1418/1997), Сиражуддин Ибн Нүжәйм, ән-Нәһрул-файк (бас. Ахмет Иззу Иная, I-III, Бәйрут, 1422/2002).

Ибнул-Фасих (ө. 755/1354) тарапынан жүйеленген кітап, Насыр ибн Мұхаммед әл-Кирмани тарапынан парсы тіліне аударылған.

7. Бурхануш шариға Махмут ибн Садрушшариға әл-Әууәл Убәйдулла әл-Махбуби әл-Бұхари (VII-VIII./XIII-XIV. ғасыр), *Уиқаятур-риуая фи мәсәилил-Һидая*. Автор, немересі Садруш шариғи әс-Сәниге арнап Бурхануддин әл-Мәрғинанидің “*әл-Һидая*” кітабынан жинақтап бастырған. “*Әл-Һидаяда*” көптеген мәселелер өте ауқымды түрде қарастырылса, Бурхануш шариға бұл мәселелерді жинақтап “*әл-Уиқаяны*” жазған. Кітап жазылған кезеңінен бастап, көп сұранысқа ие болып, Ханафи мәзһабы таралған барлық өлкелердің медреселерінде, автордың немересі Садруш шариға тарапынан жазылған шәрхымен бірге дәріс кітабына (оқулық) айналған. Кудуридің әл-Мұхтасары, Нәсәфидің “*Кәнзут-дәқайықы*” және Бурхануш шариғаның “*әл-Уиқаясы*” мутәаххирин кезеңінде үлкен сұранысқа ие болған «мутун әс-сәләсәны» (үш мәтін) құрайды.

Сонымен бірге *Әл-Уиқаяның* (Бәязит ұлттық кітапханасы, Мәрзифонлы К. Мұстафа №256; Баязит. №. 2230-2232, 2321, 2341, 2503, 2549; Сүлеймание кітапханасы, Аясофия, №. 1503-1507; Әсәд Ефенди, №. 1038-1040; Фатих №. 2199, 2216-2217, 2220-2232) және Садруш шариғаның шәрхымен бірге мыңдаған қолжазба нұсқалары да бар. Бұл кітаптың заманауи нұсқасы әлі басылмаған. Тек Садруш шариғаның “*Шәрхул-Уиқая*” кітабы (бас. Салах Мұхаммед Әбул-Хаж, I-II, Омман 2006) түсіндірмелерімен бірге бірнеше рет басылған.

“Әл-Уиқаяның” түрікшеге кейбір бөлімдері жинақталып түрік тіліне аударылған. Кейбірі мыналар: Балыкесірлік Девлетоғлу Юсуфтың қысқаша **“Тәржамә-и Уиқая”** кітабы (Сүлеймание кітапханасы, Хажы Махмут Ефенди, №4439; Фатих, № 1533), Шәмси Ахмет Пашаның (Сүлеймание кітапханасы, Лалели № 1980/4) және Татар-пазаржықтық Курд Мехмет Ефендинің **“Тәржамә-и Уиқаятур-риуая”** кітабы (Сүлеймание кітапханасы, Хажы Махмут Ефенди № 838, 870).

Автордың немересі Садруш шарифа әс-Сәни **әл-Уиқаяны** алдымен ән-Нуқая деген атпен мазмұндаған (Қазан 1260, 1290, 1902; Санкт-Петербург, 1895; Калькутта, 1274, 1858; Ләкнәу, 1873, 1888, 1889; Каир, 1318; Бәйрут, 2005, Нәжмәддин Мұхаммед әд-Дәрәканидің **“Ихтисарур-риуая”** деген шархымен бірге; бас. Ахмет әш-Шазәли әл-Әзһари, Каир, 1431/2010), кейіннен ұлы Махмуттың қалауы бойынша түсіндірме еткен.

“Ән-Нуқаяға” Жалаледдин Махмут ибн Әбу Бәкір әс-Самарқанди, Низамуддин әр-Биржанди, Абдулуәжид ибн Мұхаммед әл-Кутахяуи әс-Сайрами, Такиуддин әш-Шумунни, Мусаннифак, Ибн Кутлубоға, Махмут ибн Иляс әр-Руми, Абдуррахман ибн Әбу Бәкір ибн Мұхаммед әл-айни, Абдуррахман Жами, Махмут ибн Ахмет әл-Әмшати әл-Айнтаби, Әбил-Мәкарим ибн Абдулла ибн Мұхаммед әс-Саббағи, Куһистани (**“Жамиур-румуз фи шәрхин-Нуқая”**, Калькутта, 1858; Стамбул, 1289, 1291/1874, 1299; Қазан, 1880, 1890, 1902-1903; Ләкнәу, 1874, 1291, 1298), Әли әл-Қари (**Фәтху бабил-иная би-шәрхин-Нуқая**, Қазан, 1320, 1328; Дели, 1351; бас. Абдулфәттах Әбу Гудда, Алеппо, 1387/1967, 1426/2005; бас. Мұхаммед Низар Тәмим – Хәйсам низар Тәмим, Бәйрут 1418/1997; бас. Ахмет әш-Шазели әл-Әзһари, I-III, Каир 1431/2010) сияқты ғалымдар шәрх жазған. Мұхаммед

ибн Хасан әл-Кәуакиби *ән-Нуқаяны әл-Фәрәйдус-сә-ния* деген атпен жүйелеп жазған (Стамбул, 1329), кейін оған *“әл-Фәуәйдус-сәмия”* деген атаумен шәрх жазған (Нәсәфидің фикһ әдістемесіне қатысты *“Мәнарул-Әнуары”* Кәукаби тарапынан жасалған мазмұндамасы және шархымен бірге, Булак, 1322-1324). Ән-Нуқаяны Мырза Кәзім Бей орыс тіліне аударып, кейбір түсініктемелерімен бірге бастырып, Мұхаммед Салахтың татар тіліне жасаған аудармасы араб әліпбиімен басылған (*Тәржама-и Мухтасарул-Уикая*, Қазан 1887).

“Шәрхул-Уикая” танымалдығына байланысты авторының лақабымен *Шадруш-Шәриға* деп аталған (Ләкнәу, 1872-1873, 1883; Дели, 1888, 1889; Каир, 1318-1322, Абдулхақим әл-Ауғанидің *“Кәшфул-Хақайқ шәрху кәнзид-Дәқайқ”* деген кітабының шетінде; Карачи, 1407/1987, *“Кәшфул-хақайқтың”* шетінде). Ахизада Юсуф Ефендинің *“Захиратул-уқба”* деген атаумен осыған жазған талдауы (Ләкнәу, 1873, 1882, 1304; Канпур, 1878; Лахор, 1879; Калькутта, 1245) өте маңызды. Басқа да маңызды талдаулардың арасында Хаяли, Кара Синан, Никсари, Яқұб Паша, Фенари Хасан Челеби, Хусам Челеби, Амасиялық Хатибзада Мұхаиддин Мехмет Қарабағи, Кутбуддин Мерзифони, Хафызы Ажам, Хали әт-Йафтазани, Исамуддин әл-Исфәрайни, Биргуби, Шәйхул-ислам Қадызада Ахмет Шәмсадин, Хасан Кафи Ақхисари, Қара Кемал әл-Қарамани, Абдулхай әл-Ләкнәуи (*Умдатур-риая фи халли Шәрхил-Уикая*, Ләкнәу, (уақыты белгісіз); Дели, 1916; Куиттах, 1986; бас. Салах Мұхаммед Әбул-Хаж, I-VI, Бәйрут, 2009; және “әс-Сияя фикәшфи ма фи Шәрхил-Уикая”, Лахор, 1976, 1987) пен Салах Мұхаммед Әбул-Хаждың

(“*Мүнтәһән-Никая ала Шәрхил-Уикая*”, Омман, 2006) еңбектерін айтуға болады³³.

Б. БАСҚА ДА МАҢЫЗДЫ МӘТІНДЕР

1. Аләаддин әс-Самарқанди (ө. 539/1144), *Тухфатул-Фуқаһа*. Кудуридің “*әл-Мұхтасарына*” сүйене отырып, жазылғанымен сол кезеңге дейін жазылған кітаптардан өзгеше жүйеленген. Кудуридің кітабын толықтыру, талдау және дәлелдермен негіздеу мақсатында жазылған “*Тухфатул-фуқаһа*” реттелуі және терминдерінің жетілдірілуі жағынан басқаша деңгейді көрсетеді (бас. М. Зеки Абдулбәр I-III, Дамаск, 1377/1958; Бәйрут, 1405/1984; Катар, 1408/1987; бас. М. Әл-Мұхтасар әл-Кәттани – Уәһба әз-Зүһәйли, I-IV, Дамаск, 1384/1964).

Самарқандидің шәкірті Қасани осы кітаптың реттелуі мен әдістемесін үлгі ете отырып “*Бәдайус-санайиді*” жазған (I-VII, Каир, 1327-1328; бас. Зәкәрия Әли Юсуф, I-X, Каир, 1972). Мәліметтерге жету және оларды түсінуді жеңілдету үшін түсіндірмелерін жалпылама қағидаларға негіздеуге тырысқан автор, барынша сәтті жазған деуге болады. Ханафи табақат кітаптарында бұл кітап “*Тухфәтул-фуқаһаның*” шәрхы ретінде көрсетілгенімен, негізінде классикалық шәрхтарға ұқсамайтын Қасанидің кітабы түпнұсқа еңбек ретінде мазмұны жағынан да, әдістемесі тұрғысынан болсын Самарқандидің кітабынан асып түседі.

2. Шәмсудин Мұхаммед ибн Юсуф ибн Илияс әл-Конеуи (ө. 788/1386), “*Дурарул-бихар фил-мәзаһибил-арбаатил-ахияр*”. Ибнус-Сағатидің (ө. 694/1295) Әбу Ханифа, Әбу Юсуф, Мұхаммед ибн Хасан әш-Шәй-

33 *Әл-Уикая уәһ-Нукая* бойынша жасалған басқа да шәрхтар мен түсіндірмелер үшін қар. Brockelmann, *GAL*, I, 468-469; *Suppl.*, I, 646-648; Шүкрү Өзен, “Садрушшариға”, *DIA*, XXXV, 429; Мұртаза Бәдір, “Уикаятур-риуая”, *DIA*, XLIII, 106-108.

бани, Зуфәр ибн Хузайл, Имам Шафий және Мәліктің көзқарастары қамтылған “Мәжмаул-Бахрайн” кітабында Ахмет ибн Ханбалдың көзқарастарын қоса отырып жазған. Мәзһаб имамдары келіскен және қайшылықты мәселелерге жеке-жеке тоқталған. (Сүлеймание кітапханасы, Лалели, № 915; Рәшид Ефенди № 196; Кылыч Әли Паша, № 450; Жарулла Ефенди, № 640; Аясофия, № 2244; Фатих, № 1628; Нұросмание кітапханасы, № 1523). Кітап Ислам Дашкы тарапынан Бәйрут Жинан Университеті докторлық диссертация ретінде басылымға әзірленген (1430/2009).

Дүрәрул-бихар, Ибн Уәһбан, Ибн Кутлубоға, Зәйнуддин Абдуррахман әл-Айни (ө. 893/1488), Шәмсуддин әл-Бұхари (ө. 850/1446; *Гурарул-Әзкар*) және Шихабуддин Ахмет ибн Мұхаммед ибн Хыдр (ө. 785/1383; *әл-Гаусликтибаси нәфайсил-әсрарил-мәудуа фи Дүрәрил-Бихар*; бұл шәрхқа Хасан Челеби бір түсіндірме жазған) мен Ғаним әл-Бағдади тарапынан шәрх жазылған. Әбул Мәхасин Хусамуддин әр-Рухауи “*Дүрәрул-бихарды*” “*әл-Бихаруз-заһира*” деген атпен жүйелеп шыққан.

3. Молла Хусрау Мұхаммед ибн Фәрамуз ибн Әли (ө. 885/1480), *Дүрәрул-хуккам*. Ұзақ жылдар бойы қазылық қызмет атқарған автор осы тәжірибесінің арқасында фикһ саласына қатысты “*Гурарул-ахкам*” деген ықшамдалған кітап жазып, Османлы қоғамында ұзақ уақыт қазылар пайдаланатын жартылай ресми кітап қызметін атқарған кітапты кейіннен “*Дүрәрул-хуккам*” деген атаумен түсіндіріп шыққан (Стамбул, 1257, 1258, 1260, 1277, 1289, 1299, 1300, 1308, 1310, 1317, 1319, 1329; Каир, 1294, 1297, шетінде Шурунбулалидің “*Гунияту зәуил-архам*” деген түсіндірмесімен).

Кітаптың Ибраһим әл-Халаби, Кыналызада Әли Ефенди, Азмизада Мұстафа Халети, Нұх Ефенди

(Стамбул, 1314), Ванкулу (Вани Мемет Ефенди; Накдуд-Дүрэр, *Стамбул*, 1314), Шурунбулэли (*Гунияту зәуил-әрхам*; Стамбул 1297, 1299, 1300, 1301, 1308, 1310, 1317, 1318, 1319, 1329), Абдулхалим ибн Пир Қадем (Стамбул, 1270, 1311, 1331) және Әбу Сайд әл-Хадими (Стамбул, 1269, 1270, 1310) тарапынан жасалған әртүрлі шәрхтары мен түсіндірмелері бар. Сүлеймен ибн Уәли әл-Анкарауи (Стамбул, 1258, 1292) және басқалар бұл кітапты түрік тіліне аударған.

4. Бурхануддин Ибраһим ибн Мұхаммед ибн Ибраһим әл-Халеби (ө. 956/1549), *Мұлтақал-әбхур*. Османлы медреселерінде оқытылған бұл мәшһүр фикһ кітабы сонымен бірге қазылар мен мүфтилердің көп жүгінетін дереккөздерінің бірі болған. Молла Хусраудың “*Дүрәрул хуккам*” кітабымен бірге Османлы мемлекетінің жартылай ресми құқық жинағын құраған. Мухтасарул-Кудури, “*әл-Мұхтар*”, “*Кәнзут-Дақайқ*” және “*әл-Уиқая*” сияқты мәшһүр ханафи кітаптарына сүйене отырып жазылған *Мұлтақал-әбхур* 17.000 нан астам фикһқа қатысты мәселелерді қамтиды (Стамбул, 1252, 1258, 1260, 1271, 1303, 1309, 1316, 1325; Булак, 1263; Бомбей, 1278, Абдулхак Сәрхандидің “*Мәсилу Шәрхил-Уиқая*” атты кітаптарымен; бас. Уәһби Сүлеймен Гауажи әл-Албани I-II, Бәйрут, 1989). Мия Брандел-Сайриер, Арапша мәтіні мен Әбубәкір Ефендинің африкалық аудармасына сүйене отырып кіріспе және сілтемелермен ағылшынша аударып бастырған (*The Religious duties of Islam: Multaqa'l-abhur of Muḥammad b. Ibrahim ul-Halabi as taught and explained by Abu Bakr Effendi*, Leiden 1960, 1971).

“*Мұлтақаның*” елу шамасында шәрхының ішіндегі ең маңыздылары мыналар:

Шәйхзада, Абдурахман ибн Мұхаммед (ө. 1078/1667), *Мәжмаул-анхур*. Бұл кітап авторының лақабымен Дамат деп танылған (Каир, 1298; Стамбул, 1241, 1257, 1264, 1276, 1287, 1310, 1329, 1304, 1317, Хаскафидің *әд-Дүрәрул-мұнтақа* деген шархымен; бас. Халил Умран әл-Мансур, I-IV, Бейрут, 1419/1998).

Мұхммед ибн Әли әл-Хаскафи (ө. 1088/1677), *әд-Дүррүл-мұнтақа* (Стамбул 1258, 1287, 1302, 1310, 1311, 1317, 1319, 1321-1322, 1327, 1328).

Махмут ибн Баракат әл-Бакани (ө. 1003/1594), *Мәжрал-әнхур* (Бәзид ұлттық кітап., Уәлиуддин Ефенди, № 1234; Стамбул мүфтияты кітап., № 105).

Сунулла әл-Халеби, *Иксирут-тука фи тахририл-Мұлтақа* (Сүлеймание кітап., Лалели, № 1027; Бәзид ұлттық кітап., Уәлиуддин Ефенди № 1233).

Уахдати Осман ибн Абдулла Едирнеуи (ө. 1130/1718), *Мүһтәдил-әнһур илә Мұлтақал-Әбхур* (Стамбул 1311, 1313).

Мәукуфатидің түрікше аудармасы және шархы (Булак, 1254; Стамбул, 1269, 1276).

Мәукуфатиден баска Хибри Әли Ефенди, Мехмет Тахир әр-Рахими, Махмут ибн Абдулуаххаб әл-Хамидилер «*Мұлтақаны*» түрік тіліне аударған. Сонымен бірге Мұстафа Ұйсал кейбір Османлы пәтуа жинақтарынан алған сілтеме және түсініктемелерімен байыта отырып (Стамбул, 1979), Ахмет Даутоглу, Зұлқарнайн Татлылы және Шаукат Гүрел (I-II, Стамбул, 1980-1983) тілін жеңілдетіп, кейбір тарауларды алып жаңа әліпбимен аударып шыққан. Ибн Абдурраззақ “Мұлтақаның” парыздар бөлімін “*Қалайдул-манзум*” деген атаумен жүйелеп, Ибн Абидин болса мұны әр-Рахикул-махтум (Дамаск, 1302) деген атаумен шарх қылған.

5. Шәмсуддин Мұхаммед ибн Абдулла әт-Тумур-таши әл-Газзи (ө. 1006/1598), *Тәнуирул-әбсар уә жамиул-бихар*. Сенімді кітаптардан жинақтала отырып жазылған бұл кітап 995 (1587) жылы біткен (Каир, 1298, 1332).

Алауддин Мұхаммед ибн Әли әл-Хаскәфи (ө. 1088/1677) бұл кітапқа *әд-Дүррүл-мұхтар* деген атаумен шәрх жазған (Стамбул, 1260, 1277, 1294, 1307, 1308; Калькутта, 1243, 1268; Ләкнәу, 1280, 1293, Үнді тіліне аудармасымен, 1294; Бомбей, 1278, 1309; Лахор, 1305; Булак, 1254, 1272; Каир, 1268, 1293, 1299, 1307, 1318, 1321; Ағылшынша ауд. М. Дайял, *The Durr-ul-mukhtar*, Лахор 1913), Ибн Абидин (ө. 1252/1836) осы шәрхқа *“Рәддул-Мұхтар”* деген түсіндірме жазған (I-V, Булак, 1272, 1286, 1299; Каир 1263, 1307, 1317; Стамбул 1307; I-VIII, Каир, 1386/1966; I-XII, бас. Әділ Ахмет Абдулмажуд, Әли Мұхаммед Муавваз, Бәйрут 1415/1994, Рияд 1423/2003; I-XVI, бас. Хусаматдин ибн Мұхаммед Салих Фәрфур, Дамаск 1421/2000; Түрікше ауд. Ахмет Даутоглу, Мехмет Саваш және басқалары, I-XVII, Стамбул 1982-1988). Ибн Абидиннің *“Рәддул-мұхтар алад-Дүррил-мұхтар”* кітабы әуел басынан автордың өз кезеңіне дейінгі барлық дерлік Ханафи әдебиеттеріне сүйенуі, үкімдердің сүйенетін дәлелдірінің көрсетілуі, мәзһабтағы әлсіз, сахиһ және ықтимал көзқарастарға сілтеме жасалуы, алдында айқындалмаған кейбір түсініксіз мәселелердің шешімін табуға тырысуы және кітаптардағы байқалған қателіктердің түзетілуі тұрғысынан маңызды саналады.

Тәнуирул-Әбсарды сонымен қатар Молла Хусейн ибн Ескендр әр-Руми, *әл-Жәуһарул-мунир фи шәрхит-Тәнуир* (Көпрүлү кітап., Фазыл Ахмет Паша, № 569; Едирне Селимия кітап., № 812; *Дарул-кутубиз-Захирия*, № 8088), Абдураззақ ибн Халил ибн Жүнәйд әр-Руми,

Мунирул-әфкар шәрху Тәнуирил-әбсар, Мұхаммед ибн Әбу Бәкір әл-Мусанниф әл-Бурсауи, *Тәбсирул-әнуар уә жамиул-әсрар фи шәрхи Тәнуирил-әбсар* (Стамбул университеті кітап., АЙ, № 421; Нұросмания кітап., № 1577; Мұтар Молла кітап., Мұрат Молла, № 844), Исмайл ибн Абдулбақи әл-Язижи, *Мәталиу-әнуар уә лауамиул-әфкар* (Дарул-кутубиз-Захирия, № 8131) деген атаулармен шәрх жазған, Муса ибн Асад әл-Махасини *Тәнуирил-әбсарды Хуласатут-тәнуир уә захираутул-мұхтажә уәл-фақир* деген атпен жүйелеген (Сүлеймание кітап., Асад Ефенди, № 674).

Ғ. НӘУАЗИЛ, УАҚИЯТ ЖӘНЕ ПӘТУА КІТАПТАРЫ

Бұл топқа жататын кітаптар Әбу Ханифа мен шәкірттерінен кейін ижтиһад ғасырының аяғына дейін өмір сүрген мүжтәһид ғалымдардың өз заманында туындаған әрі мәзһаб имамы мен шәкірттерінен қандай да бір риуаят болмаған мәселелер туралы берген үкімдерін қамтиды. Бұл ғалымдар, сол заманда туындаған мәселелерге мәзһаб әдістемесі шеңберінде шешім іздеу барысында дұрыс деп санаған дәлелдер мен себептерді алға тарта отырып кейде мәзһаб имамдарына қарсы келіп, өздерінің көзқарастары мен таңдауларын көрсетеді. Осы топқа кіретін алғашқы кітап, білуімізше, Әбул-Ләйс әс-Самаркандидің (ө. 373/983) *“ән-Нәуазил”* кітабы, басқа кітаптар осыдан кейін жазылған, кейінгі ғалымдар осы кітаптағы мәселелерге баға беру түрінде жаңа кітаптар жазған. Бұлардың кейбірі тек пәтуаларды (нәуазил, уақи-ят) жинақтаса, кейбірі мәзһабтың методологиясын (заһирур-риуая) және нәуадир (сирек) көзқарастармен қатар пәтуаларды қамтыған³⁴.

34 Тәмими, I, 35-36; Ләкнәуи, *әл-Фәуәйдүл-бәһия*, 18-20 бб.

